

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**«ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»
АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІНІҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
КРУГЛОГО СТОЛА
«ИЛЬЯС ЖАНСУГУРОВ И
НАЦИОНАЛЬНО-ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ»**

**ПАВЛОДАР
2019**

I. ЖАНСҮГІРОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Редакция алқасының бас редакторы:

Бегентаев М. М., э.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ректордың м.а.

Жауапты редактор:

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Бегімтаев Ә. И., Шарипов С. Б., Исенова Б. К.

Жауапты хатшылар:

Юсупова Б. С., Сатыбалдин А. С., Копасова А. К.

О-42 «Илияс Жансүгіров және ұлттық рухани құндылықтар» атты дөңгелек үстелің материалдары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019. – 139 б.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001 (574)
КБЖ 72 (5 Қаз)

Жансүгіровтің проза тілі қазақтың кестелі де бай, көркем тілінің бар айшықты өрнектерін қоғам сырын, сипатын ашуда кең алуымен ерекшеленеді.

Проза тілінің жүйесін анықтауда қосымшалар қызметі талданды. Тілдегі сөз түрленімдік, сөзжасамдық қосымшалар қызметінің жазушы шығармаларындағы қолданысына мән бердік.

I. Жансүгіров – 20-ғасыр басындағы әдебиеттегі топ классиктердің ішінде өз стилі, өз үні, бөлек тақырыбы мен өзгеше ойы бар ақын. Ақын тілінің прозалық шығармалардағы қолданысы, сөйлем құрылымы да өзгеге ұқсасмас стильдік бояуларымен көркем.

Қазақ әдебиетіндегі сөз зергері Жансүгіровтің шығармашылығы айшықты өнер кестесімен, көркем сомдалған бейнелерімен ерекше. Жазушының прозалық шығармалары дегенде еске түсетіні – «Жолдастар» романы мен әңгімелері.

Жазушы шығармаларындағы суреттелетін 20-ғасырдың бас кезі – қазақ ұлты үшін жаңа заман, жаңа әлем басы ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етем деген зиялылардың да тарих сахнасына шығып, жан-жақты өздерін танытқан шағы. 20-ғасырдың басындағы қоғам ісіне араласып, ұлт үшін қызмет еткен, ғасыр басындағы түрлі өзгерістерге белесене араласқандар бейнесі жазушы шығармаларында көркем суреттеледі.

«Жолдастар» романы және «Бадырақ» туындысы – қазақ халқының 20-ғасыр басындағы ауыл, қала, дала, жаңа өндіріс салалары, түрлі әлеуметтік топтар мен кәсіп иелері, шаруашылық түрлері, ұлттың танымы, түсінігі мен мәдениеті, тарихына қатысты мол мәліметтерден тұратын шығарма.

А. Байтұрсынов шығарма жайында мынандай ой айтады: «Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан

сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан кара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді» [1, 345].

Қоғамдағы жаңа саяси, әлеуметтік қатынастар, тұрмыстық жаңа қалыптар бірнеше жаңа қабаттардың түзілуіне жағдай жасайды. Сол жаңа қабаттармен бірге тілге жаңа ұғымдар мен танымдар келіп, бұрынғы түсініктерді ауыстырады.

Көнерген сөздер – қолданыстан шығып қалған, мағыналары көмескіленген сөздер. Жазушы тілінде тарихи сөздер де архаизмдер де кездеседі.

1 Айтылып сойылған мал, берілген тасаттық, тіленген батаның біреуі де қабыл болмай, құдай халықтың көз жасын көрмейтін сияктанды» [2, 248].

2 Бадырақ – байдың жалшысы [3, 6].

3 Біреуді біреу басып-жаншып көкбөрі топалаңына айналды [2, 327].

Жазушы тілінде көнерген сөздер ұлттық танымға қатысты, ұлттық шаруашылық пен дәстүр, дағдыға қатысты қолданылады.

Халық тұрмысын жеткізуде көнерген сөздерді шебер қолданады.

Жазушы шығармаларындағы көнерген сөздер халықтық заттар мен құбылыстардың атауы болып қолданады. Бұл өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік правоға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері.

Тіліміздегі қарапайым сөздерге байланысты туындаған көнерген ұғымдардың өздері кейде қат-қабат бірнеше бөліктен тұруы да мүмкін.

Төмендегідей топтарға бөлуге болады.

1 Заттың, құбылыстың тікелей атауы.

2 Мифологиялық діни, астрологиялық сенім-нанымға, киелі мақұлық (тотем) ретінде табынуға қарай жасалған.

3 Салттық– тұрмыстық әдет-ғұрыпқа, әр-түрлі ырым-сырым, дәстүр, кәделерге сәйкес пайда болып, қалыптасқан ұғымдар.

4 Астрономиялық атауларға: айға, күнге, жұлдыздарға.

6 Төрт түлік малға, жабайы аңдарға.

7 Тұрмыстық заттарға, кәсіптік құрал-жабдықтарға қатысты.

8 Аңшы-саятшының аспаптарының ататры.

9 Табиғат құбылыстары.

«Алатаудың жайлауынан етекке түскен ел Сарыағаштың сазына жыбырлай қонған. Сүттіген сазынан шабылған пішен әлдеқашан жиналып, мал жалпақ жайылысқа қоя берілген. Ерте салған егін пісіп, егіншілер **бау тары іше бастаған кез**. Бай ауылдың малдары әлі тауда, салқын жерде. Бұл жердің күні ыстық болғандықтан **сүмбіле тумай, су мұздамай жайлаудың қой етекке түспейді. Күннің жалыны қайтпай түскен тоқты шаң қуып, өкпеге шалдығып, тышқағы көп болады. ...Қолдағы жылқының түрі: сауын бие, мінетін ат. Өзге жылқы отарда. Құлын желіге байланбайды, енесіне қосақтаулы**» [2, 31].

Сөздердің көнелену мәнге ие бірліктердің көбі тілімізде тіркес ретінде қолданылатын күрделі сөздер мен қалыптасқан фразеологизмдер және мақал-мәтелдер түрінде кездеседі.

Жазушы тіліндегі: Сарыағаштың сазына жыбырлай қонған, ит кемірген асықтай, арық қойдай тырысып, бөрте серкедей тіктіп, төбеттей арылдап т.б. Осыған орай айта кететін бір жағдай: бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі – бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Көнерген сөздерге қарап олардың жасалу тәсілдерін де, сөйлем ішіндегі мағынасын да ашуға болады.

Жазушы суреттеуінде 20-ғасыр басындағы қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығын суреттейтін барлық деректер тілдік материалдар арқылы табылады. Көшпелі халықтың қыспаққа түсіп, бұрынғы қалпынан айырыла бастаған шағы, отырықшылыққа көне бастаған кезең суреттері қоса өріледі. Дегенмен халықтың мал шаруашылығына қатысты түсініктерін ашатын қазіргі қолданыстан шыққан көнерген сөздер мен сөз тіркестері: жайлау, сүмбіле тумай, су мұздамай, тоқты, сауын бие, мінетін ат, отар, құлын, желі, енесі, қосақтаулы т.б.

Жазушы шығармаларында қазақ халқының отырықшылыққа көшкен кезінің суреттеі мол болуымен ерекше. Қаламгер шығармаларында көшпелі елдің, жаз жайлап, қыс қыстаған кезінен гөрі саудаға бейімделген, отырықшы мәдениетке қалыптаса бастаған кездерін беретін сөздер мен тілдік материалдар мол кездесуімен өзгеше.

Тұрқы есік пен төрдей, оқтаудай қатқан жайсаң құланы жайтандатып, әлгі мылтық атқан Құсайынға таяу келіп тұра қалды [2, 313].

Жазушы тіліндегі көнерген сөздер жаңа мағыналық сипатқа да ие. Атап айтқанда ойды нақтылау мен дәлелдеу мәнінде жұмсалады.

Қазақ үшін жылқы малы ең қадірлі екені белгілі. Жігітті мінген атына қарап тану қазақ дәстүрінде бар. Жазушы Тәуке жайын

баяндайды. Оның тар қыспаққа көнбеген бейнесі, кең далаға еркіндік іздеген бейнесін астына мінген аты да әйгілейді.

Түркі есік пен төрдей – үлкен, арғымақ дегенді білдірсе, оқтаудай қатқан – әбден жараған, бабындағы құла ат кімнің де болса арманы болар сәйгүлік.

«Қыр мен қаланың қоспасынан құралған бай ауылының реңі сияқты олардың қонағы да араласпай болушы еді. Қонақтың бір бөлігі «өңшен» жақсы қонақ, бай қонақ. Бұлар – қырдың болысы, би, ақсақалдарымен бірге қаланың байлары, Қызылжар, Семей, Алматы, Қапал арасының қыл-қыбыр, елтірі жинаушылары, Омар, Нәжіметдін, Қадырбай, Мәкержі, Ербіт, Қоянды жәрменкелерінің жүрімпаздары – Бейсенғұл, Жұма, Мұқат, *шекер, бас, ұлтан* сататын, Ахмет; биік көк дүкеннің иесі Абрам; Қапал шетік, *кәуіш, кәләуыш* сияқты товарлардың иесі ақсақ Жүсіп, темекі, имамы Қажаяхмет, Сарыағаш молдасы Асан сияқтылар – бұл ауылдың қадірлі қонақтарынан еді [2, 31].

Қыл-қыбыр, жүрімпаз, қыр болысы, би, ақсақал, елтірі жинаушылар, *жәрмеңке, шетік, кәуіш, кәләуыш, ұлтан, молда, имам* т.б. сөздер сол кезеңді беретін өз уақытының қолданысындағы көнерген сөздер.

Қоғамның өзгерістеріне қарай жазушы жаңа сөздер жасайды: уақытты – еңбек күнмен өлшейді.

Тұра-тұра жарты еңбек күнді жіберіп билет алдық-ау! [4, 377]. Моншадағы шіреттің түрі жалаңаштық, мазмұны бұқарашылдық болатын көрінеді. [23, 379]. Кеңес өкіметі әдебиетті басты идеология жасады. Әдебиеттің түрі – социалистік, мазмұны – ұлттық деген ұстаным негізге алынды. Жазушы шығармасында осыны деталь етіп алады.

Қазақ тілінің бай сөздік қорының толығар бір тұсы – сөздердің жаңа мағынада қолдануы. Қазақ тілінде кез келген сөз жаңа мағынаға ауысып, кірме сөздер орнын баса алмайды.

Жазушы шығармасында сөздер жарыспалы нұсқада қолданады. Бұл көбінесе фонетикалық жарыспалылық.

1. Менімен сөйлесіп отырған кісінің жінісі – еркек [4, 385].

2. Қара бұқараның бірсыпырасы қашаннан қаламен әшіне-жай, тұқымынан болыстық үзілмеген Шорман ауылын ит етінен жек көріп, ішінен аулақтана бастады [2, 249].

Алғашқы сөйлемде жынысы – жінісі болып қолданған. Жазушы кейіпкері бала болғандықтан да сөзді жіңішкертіп, сол арқылы кішірейту мағынасын беруді мақсат етсе керек. Бұл қазақ тіліне 20-ғасырдың бас кезінде әлеуметтік топтар мен таптарға бөлу кезінде енген сөз.

Екінші сөйлемде ашына-жай – әшіне-жай болып қолданған.

Бұл жердегі әшіне-тілдегі : «Ашына-жай зат. 1. Таныс, сырлас: 2. Көңілдес, тамыр» [5, 530] мағыналарын емес, жақсы таныс деген, сыйлас деген мағынаға ауысқандығын білдіреді.

Екінші сөйлемдегі «жінісі –жынысы» кірме сөзі де мағыналық реңкі бөлек сөз болуымен өзгерген.

«Жыныс– I 1. Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы. 2. Тұқым, нәсіл, зат.» [6, 333].

Жазушы кішкентай кейіпкер ұл баланың жынысы деудің келе бермейтіндігін ескерсе керек. Кейіпкердің ақылы мен ойнақылығы, қиялшылығы мен тез өскісі келген арманы да сөз қолдануда бастысы болып саналған.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты этнографизмдер: қырық жеті, кесек ату, құда түсу, ат ұстар, мойныны құрым ілу, күйеу келу, боз бие айтып сою, бата қылу, ұзату, төркініне қайтару, билік айту, төрелік ету, билер кеңесі, сауға беру т.б.

Этнос – өз тілімен бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние. Этностың өз тілі өзін жаратушы. Тіл тұтынушы этностан ажыраған жағдайда өмір сүре алмайды. Этностың белгілі бір қоғамдық жағдайлар салдарынан ана тілін ұмытып, екінші бір тілді қабылдауға, сол тілде ғана қарым-қатынас жасауға мәжбүр болуы мүмкін. Ол өз тілінсіз де өмір сүре алады, тіпті басқа тілде де оның жазу-сызуы, әдебиеті, өнері, мәдени-экономикалық тұрмысы дамуы мүмкін. Бірақ тілінен айрылған этностың жоғалтатыны да аз емес: алдымен оның өзінің бүкіл басып өткен өмірімен қоштасып, генеалогиялық тегін ұмытады. Этносқа тән категориялардың бәрі де тек тілде ғана, этностың ана тілінде ғана сақталады.

Кез келген тілдің қоғамда, өзара байланысты үш түрлі қызметі бар.

1 Коммуникативтік – қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызмет.

2 Эстетикалық – көркем шығарма тіліне тән, бейне арқылы әсер ететін қызмет.

3 Акумулятивтік – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, келешек ұрпаққа мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қызметі.

Этнолингвистика тілдің осы қызметін зерттеуге, этнос тілінің байлығын толық қамти отырып, оның ішкі мазмұнына терең үңіліп, қыр сырын анықтай түсуге бағдарлайды.

«Жұлған тырнадай сорайған күздеулі түйелер шилерге ала бұйдалармен тұқырта байлаулы тұр. Күмісті ер-тоқымды көш аттары ауыздығын қарш-қарш шайнап, қалмақша байланған. Иттердің тілі қарыстай болып ши түбінде солықтайды. Ауылдың арт жағындағы дөңеске

шаншылған қара шашақты қарағай найза көкке тәу етіп тұр. Көлеңкесіз жердегі адам баласын күн ыстығы сарттың шашлығындай пісіреді.

Кеше екіндіден түйеге қом қойған елдің бәрі мұрттай ұшып тыраюлы. Мамық көрпе-жастықтың үстінде Сағындық та азбан қошқардай қорылдап ұйықтап қалыпты. Оған таяу жаулығы жалпиып, шашы дудыраған Толарсақ бәйбішенің де мұрны бырқырап, қарагер төсі ашылып, емшегі салбырап жатыр. Не болғанын білмейді» [3, 30].

«Бадырақ» романында жазушы 20-ғасыр басындағы қазақ жалшының күйін, теңдікке қолы жеткенге дейінгі көрген жайын, азабын суреттейді. Шығарманың жазылуы сол кезеңдегі тарихи және саяси-идеологияның әсері екені анық. Бірақ жазушы саяси-идеологияның әсерінен де кейіпкерінің жай-күйін, жолын, сезімін жеткізуде ұлттық тілдің бар қалпын көркем қалпында пайдаланады. Әсіресе Бадырақтың Сағындық, Мырзағұл үйіндегі жайын суреттейтін жерлерінде ұлттық ерекшеліктерді, халықтық танымды көрсетуде этнографизмдерді мол қолданады.

Романнан алынған үзіндіде жазушының кейіпкерлерін суреттеуде Сағындықты азбан қошқардай деп, Толарсақ бәйбішені қаракер төсін бейнелеуінен де ұлттық бояу арқылы жол тапқандығын байқатады. Сонымен бірге түйеге қом қою, күздеулі түйелер, шилерге бұйдаларымен тұқырта байланған, қарағай найза, әрі оның көке шаншыла байлануы – тұтасымен этнографизмдерден тұрады.

«Міне, Қоянбайдың сол күннен бастап қозы бағып, қой жайып, жан сауғалап келе жатқан ауылы – Қоянкөз ауылы. Қоянбай Қоянкөз ауылының әркімінде-ақ жүрген. Әсіресе көптен күлімен кіріп отымен шығып келе жатқан үйі – осы Сағындықтікі» [3, 25].

«Осы қараңғылықпен араласа әр ауылдың қонысында түйенің анда-санда бақ еткен дауысы естіледі. Жылқы кісінейді. Тәрізі бұл өңірдегі ауылдар көшіп жатыр. Жер салқынмен көшпесе бүгінгі кештегі қозы-лақ жете алмайтын кер баланың шөліндей бір бұйрат күм еді.

Сондықтан қатындар сүтті пісіріп, ұйытпай тұрып тұлыпқа құйып, іңірден бастап үйді жыққан. Қомның арқаны тесін қысқан түйелер бақырады.

Бір жерден қызғыш күс ұшты, ойқыр демей біреу жортып, бірнәрсе қарап келе жатқандай. Қызғыш осыдан ұшып еді. Бұл бала күреңге тоқым салып жайдақ мініп, байдікіне қонған екі қонақтың атын іздеп жүрген қойшы еді. Қойшының аты – Бадырақ. Қойшы көшіп келе жатқан ауылдың жанындағы қоңыр белеске таман келіп, күреңінен топ етіп түсіп, жантайып жата кетті» [3].

Жазушы көшкен ауылды емес, көшуге дайындалып жатқан ауылды суреттейді. Бұған дейінгі көркем шығармаларда көшіп келе

жатқан, көшіп қонып жатқан ауылдарды суреттеу мол кездеседі. Абайдың «Жаз» өлеңіндегі көшіп кеп, қонған ауылдың сұлу суреті талай қаламгерге шабыт бергені анық. Ал І. Жансүгіров шығармасында көшуге дайындалып жатқан елдің суреті бар. Көшер кезді, мезгілді «жер салқын кез», көшіп барар жерін «кер баланың шөліндей» деп, қисаның ең бір тауқыметті жерін еске түсіреді. Көшудің сән-салтанаты мен бірге қиындығы мол екендігін де білдіреді. Ауылдың дайындығын «сүт пісіріп, ұйытпай тұрып, тұлыпқа құйып», «іңірден үй жықты» дейтін ақпараттар мен мәліметтер тіл тарихы үшін ғана емес, ұлттың этнографиясы, дәстүрі мен танымы, түсінігі және тарихы мен шаруашылығын зерттеу үшін де қажет екені белгілі.

Сөздік қорда мал шаруашылығына, аңшылық, саятшылық, балықшылық т.б. кәсіптерге, қол өнерінің сан алуан түріне, көшпелі тіршілікке, тұрмысқа байланысты мыңдаған ұғым мен заттардың атаулары бар. Бұл этнографизмдермен байланысты этнографикалық ұғым, наным-сенім, әдет-ғұрыптар тағы бар.

«Мына Қара шағыр қол атан түйесін бақыртып, керегесін қомдап жатқан ауыл Сағындық байдікі. Сағындық жуан жерден шыққан белді бай, ауыр дәулетті, малы мол адам. Үш қатыны бар. Бастапқы бәйбішеден ұл жоқ. Жалғыз-ақ ұрғашы тарғыл мысықтай бір қара қожалақ бойжеткен қызы бар. Бұл қызға екі қырық бесінін малын алып, жиырма екіге келген қызын әлі де жас деп бермей отыр. Сағындықтың бұрын атқамінерліктен тапқан малының үстіне мына қызды бір қылшық айранды, сасық бай он үштегі жалғыз ұлына айттырып, Сағындықтың малы төтенше көбейіп, әсіресе қорасы қойға дөңгеленіп кеткен.» [3].

Жазушы мол дәулетті дегенмен бірге ауыр дәулетті деген тіркесті де қолданады. Ауыр дәулет – салмағы көп, күшті қажет етін, қиындығы көп деген мағына үшін алынса керек.

Үзіндіден халық этнографизміне қатысты мысалдарды мол табамыз. Жеке сөздер, сөз тіркестері, тұрақты сөз тіркестері мен сөйлем құрылымдары ұлттың бар қалпын суретті сөзбен көз алдымызға әкеледі.

Қоғамдағы өзгерістер түрлі сипатта көрінеді:

1) әлеуметтік жағдайды анықтайтын сөздер: қараша үй, сырлы көк ала үй, бекет байлары, саудыраған жібек, сылдыраған күміс, – жанат ішік пен ескі –құсқы киімдер; қосшы, дорба мен боқша арқалаған кедейлер, ат-тұрманы жарқыраған көкмойындар, салауатты сарайлар мен тәуекеншік үйлер;

«Уақыт кеш. Жабыққа тіреліп жиналған жүк. Сегіз қанат үйді іргелей отырған жан. Шаңырақ желбауына асылған газ шам быжылдап жанып, үйдің ішінен бейне күн шыққандай. Өңшең судыраған жібек,

сылдыраған күміс, сылқылдаған күлкі... Мәжілістің ортасына жайылып тасталған көкала дастарханның үсті өрік-мейіз, бал-бауырсақ, қант-кәмпит, түрлі тәтті тоқаштардың неше алуан дары үйіліп-төгіліп қалған» [2, 34].

І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романындағы топонимикалық атаулардың қолданысына қарай бірнеше түрлерге жіктеуге болады.

1 Кең территориялық, құрлықтық деңгейдегі жер-су-аттары. Оған Россия, Қытай, Европа, Америка, Мысыр, Мекке, Мәдине, Шам атауларын жатқызуға болады.

2 Ел ішіндегі. Жетісу, Верный, Жаркент, Омбы, Семей, Шәуешек т.б. ірі қалалар аттары.

3 Қазақ елінің ірі көлемдегі территориялық атауларын білдірмегенімен де барша жұртқа мәлім жер аттары. Қарқаралы, Баян, Шыңғыстау, Қоянды, Атбасар, Екібастұз т.б.

4 Белгілі бір аймақ, аудан көлеміндегі. Сүттіген, Көкқия, Абдыра, Екіаша, т.б.

Ал, жалшыға жүргенде – тағы осы Жетісу байларына жүргелі тұр. Мына ноғайлар қырдағы қазақтан ақыны асыра береді [2, 205].

Басқа ұрған балықтай сандалып, тұрып-тұрып:

– Ағайдың тіршілігі бар ғой. Қоянды да өтер, байеке! – деді [2, 23].

Сатан салап ұрып, Сүттігеннің сазындағы Шалматайдың ауылына келді. [25, 213].

Көкқияның тауы көктеп те қалды [2, 209].

Сатанды қажы Екіаша деген жайлаудағы малы етекке түскенше тостырып қойған [2, 186].

Семей, Мәкержі, Шұбарағаш, Қапал, Шәуешек, Жайсаң, Омбы, Қызылжардың көпестері кіре-кіре кірекешпен, керуен-керуен жүкпен сықырлап жай-жайына қайтты [2, 239].

Қарқаралы, Семейдің алыпсатарлары жемтіктің соңында қалған иттердей жәрмеңкенің тозған базарының боқтығын иіскеп отырып, ешкім алмаған соң ақыры қалаға қайтысты [2, 56].

Даң-дүң, шу молайып барады... бұл не? Әлде Ертіс бұзылды? [2, 19].

Бұл ауыл Лепсі оязындағы Садыр деген елдің Сәрке деген руының қажысы Мырзағұлдікі [3, 39].

Мұнда Абдыра бекетімен екі ортада арбаға тиеліп ерсілі-қарсылы қонаққа шақырылып жатқан байлардың қатын-қыздары [2, 205].

Ол Шалматайға қайта жүріп Қояндыдан қайтқан соң бір айдан бері осы ауылда. Сатанды қажы Екіаша деген жайлаудағы малы етекке түскенше тостырып қойған [2, 185].

Стамболдың Дарын мұғалімін бітіріп, Мысырдағы Мұхамеди хазіреттің медресесінен дәріс тындаған. Мекке, Мәдине, Мысыр, Шам, Көпе, Құдыс, Стамболдардың бәрін аралап жас басынан көпті керіп, көзі ерте ашылған татардың кезбе шәкірті [2, 190].

Мұғалімше: қазір жиырмасыншы ғасырда Ресей мұсылмандарының мәдениетке бет алған дәуірінде – мұндай фанатик молдалар аз ба екен? [2, 191].

Әсіресе осы Жетісу сияқты қараңғы түкпірде көп болмай ма? [2, 208].

Жазушы шығармаларындағы топонимдерді зерттеу үшін тілдің негізгі заңдылықтарын негізге ала отырып, ұлтты жасайтын әлеуметтік, саяси, қоғамдық, табиғи орта тұтасымен алынуы шарт.

1 Ұлттық орналасқан территориясы.

2 Халық территориясының географиялық ерекшеліктері.

3 Ландшафтың ғаламдық, әлемдік орны.

4 Ұлттың танымы мен түсінігі.

5 Халықтың көркемдік ойлау жүйесі мен шығармашылық көкжиегі.

6 Шаруашылығы мен тұрмысы.

7 Тарихы мен әр жылдар мен кезеңдік жайлар мен оқиғалардың ықпалы.

Жазушы І. Жансүгіров шығармаларындағы топонимдерді қарай отырып, қазақ тарихындағы бұл жер мен су атауларына майланысты әр мәліметтеің негізге алынатындығын байқаймыз. Себебі қазақ жерінде әрбір тау мен тастың, қала мен даланың өзгерісі арқылы, атауларының ауысуы арқылы ұлттың бүтіндей қалпы, бейнесі ашылары анық. Сондықтан да жазушы туындыларындағы топонимдер тек қана жер мен судың аттары деп емес, ұлттық таным мен тарихтың негізі және тілдің қайтадан қайталанбай деректері деп танылуы тиіс

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынұлы А. Ақ жол – Алматы : Жазушы, 1991. – 597 б.

2 Жансүгіров І. Шығармалар. Жолдастар романы – Алматы : Жазушы, 1987. – 487 б.

3 Жансүгіров І. Шығармалар. Жолдастар романы – Алматы : Жазушы, 1987. – 487 б.

4 Жансүгіров І. Шығармалар бесінші том. – Алматы : ҚМКӨ баспасы, – 413 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы : Ғылым, 1974. – 696 б.

6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008, – 968 б.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТИҢ ҚАЗАҚ МУЗИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ТЛЕГЕНОВ Е. Н.

кауымд. профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Орындаушылық өнер» кафедрасы

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Илияс Жансүгіров атамыз – жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқаларын кейінгі ұрпақ жүрегіне ұялатқан ақын. Илияс атамыздың артына қалдырған мұрасының, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан үлесінің өлшеусіз екенін білеміз. Илияс Жансүгіров – киелі Алматы облысы Ақсу өңірінің перзенті. Ақсу тұнып тұрған өнердің мекені. Илияс шығармаларының дені өнер және өнерпаз тақырыбына, өнердің адам өміріндегі құдіреті жайлы жырлағаны да сондықтан. Илияс – қазақтың ән, музыка өнерін аса асқақтата жырлаған ақын.

Илиястың өнер тақырыбындағы мәдениеттану саласындағы құнды бір еңбегі оның «Ән, әншілер жайында» деген мақаласы. Мақаланың 1931 жылы жазылғанын ескерсек, бұл уақытта қазақ арасынан қазақ әндерін жинап, зерттеген білікті музыка мамандарының әлі шыға қоймаған кезі. Қазақ әндерін ұлт мәдениеті, ұлт өнері деген кең ұғымда түсініп, сол кездегі қолда бар ел әндерінің қандай күйде, қалай туған, заманымызға лайық па, жоқ па деген сияқты салалы сұрақтарына жаны ауыра жауап іздеп, оларды өз ой елегінен өткізе отырып, ақынның қазақ әндеріне жасаған өзіндік классификациясы тілге тартымдылығымен, ойға қонымдылығымен, ғылыми тұжырымдарының дәлдігімен, пікір дәмділігімен толғантады. Әрбір халықтың өзінің қанымен келген, тағдырына семген, табиғатынан туған, дәстүрлерін қуған, тек сол ұлтқа ғана тән әуені, әндері болатыны әркімге аян. Сондықтан да болар, бұл әндер, бұл әуендер ешбір бақырма, секірімсіз-ақ жүрек қылдарын дәл тауып, алпыс екі тамырынды иіп жатады. Мұның себебін сыншы былай түсіндіреді: «...Бір елдің шаруа күйі, қоғам құрылысы өзінше күйді, әнді, ырғақты тілейді. Ән-күй сол елдің әлеумет-шаруа (социал-эконом) тұқым (антропол) жүйесінің жемісі болды ... Осы екі жүйе әр елдің ән-күйіне өзінше таңба салады, мөр басады». Ойымыз түсінікті болуы үшін Илиястың мына бір сөздерін де келтіре кетейік: «... Ән туу үшін алдымен әнші туады. Әнді шығарушыны әнді тыңдаушы тудырады. Тыңдаушы – дегеніміз әр дәуірдегі ел, соның ішінара табы, тобы болады. Илияс ел музыкасын, яғни қазақ әндерін үлкен-үлкен үш салаға топтайды, олар-ой музыкасы, сөз музыкасы, қимыл музыкасы.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең – менше сүй...

деген Абай сөздерін Илияс осы салаға жататын әндерге лайық айтылған дей отырып, бұл топтағы әндердің басты ерекшелігі сарынында, әуенінде екендігін, өздерін лайық сөздері болғанымен, негізгі салмақ әуеніне түсіп, сөздің тек көмекші құрал ретінде ғана қолданатындығын тілге тиек етеді. Себебі, бұл ойлы әндерді ...сөзсіз ыңыранып айтса да сарынды ой салады – деп тұжырымдай отырып, мұндай ой әндерінің орындаушыларына – Қали, Әміре, Манарбек т.б. жатқызады.

Екінші үлкен сала, өзіндік әуені, ырғағы бар – сөз музыкасына жататын әндер тобы. Ақынның бұл саладағы негізгі критерийі – айтылған әнде сөздің, айтылған ойдың негізгі, басым роль атқарып, ал айтылу сарынының тек қосымша рольді ғана алатындығында. Мұнда ән сарыны тұйықтау, үн мен ой салатын ырғақтан гөрі сөз салмағы басым болады. Ән сөзге еріп, сөз әнге жетекші болады. Біздің ел әніндегі жыраулардың, ел ақындарының қолданысы осы үлгі болады – деп қорытындылайды Илияс. Бұл топқа зерттеуші қазақ тарихында аты қалған жырауларды, ақындардың әндерін, сонымен қатар ақынның замандасы Исаның «Желдірмесін» қосқан.

Үшінші үлкен сала – қимыл музыкасы. Атауының өзі айтып тұрғандай, бұл жердегі басты критерий – қимыл-қозғалыстың, яғни бидің роль атқаруы. Домбырамен қосылып биін тамашалау болмаса, жалпы би өнерінің о кезде көмескі тартқан кезеңі екендігі белгілі жайт. Мұндай әндердің де әлі қазақ музыкасында аздығын ескере отырып (сол кездегі – Л.Ә.) Елубай, Құрманбек сияқты әншілер іздене түссе, қазақтар қала тұрмысына үйрене түссе, бұл саладағы әндер де көбейе түсіп, халыққа қызмет етер дегендей ой айтады көреген ақын.

Журналист Жансүгіров бұл мақаласында қазақ әндерінің табиғаты туралы да кесек-кесек келелі ойлар айтқан. Қазақ халқының көшпелі, ұлан-байтақ кең даласы, тұрмыс-тіршілігі өз әндеріне де таңбасын салған дедік. Бұл жағдай қазақ әндерінің өзіндік түрі мен композициясын дүниеге әкелді. Кең байтақ далада, сұлу табиғат аясында төрт түлікпен бірге өріп, бірге жусаған, малмен кіндіктес, кентсіз, (қаласыз) елдің әндерінің ырғағы, сарыны өзгеше. Бұны Илияс: «Қазақтың әндерінде кең даланың, ертенгі-кешті, ұзақ күннің, күзеткен сары таңның, шусыз тыныш табиғаттың, баяу, жуас айналаның, жалқаулықтың, сылбыр өнімсіз еңбектің, ұзын сонарлы күштің сарыны басым болатындығы – сол қазақтың қоныс, шаруа, әлеумет жағдайларынан болу керек» – деп

түсіндіреді. Илияс қазақ әндерінің көпшілігі мұңмен сарындас, күйінді, зарлы келеді, мұның себебі, табиғатпен тағдырлас елдің жұт, боран, қасқыр, ауру сықылды алғалы тұрған табиғат жаулары алдындағы тәуелділіктен туса керек деген ой айтады. Оның үстіне «бір-бірімен шабысқан қазақ, жауынгершілік заманы, аздың әлсіздігі, әлсіздің қорғансыздығы, әдеттің күштілігі, әйелдің теңсіздігі, жүрек демінің іштен, тыстан еріксіздігі, еңбекке қырсыздығы – осының бәрі азап, бәрі мұң емес пе еді? Ендеше тіршілік сарыны – әндегі сарын мұң басым болмай не болатын еді?» – деген сынды зерделі пікірге келеді.

Илияс қазақ әндерінің сарынына географиялық ортаның да әсері барын айта келіп, бірнеше мысал келтірген. Арқа әндерінің аспанға өрлеп басталып, созылып, неше қайырып, толқып-толқып тоқталатыны – Арқа жеріндей айдала, құба-құба жон, қырқа-қырқалатып барып тастағаны сықылды. Қарқаралы, Баян, Көкшетау, Ертіс бойы асқақтатып шырқап салса, Орал, Бөкей жағы қоңыр жыраулатып, құба жондатып, ыңыранып келеді. Жетісу жеңіл желпілете аяң жорғалау келсе, Сырдария мыңқылдайды. Қойшының «әлаулайы», «Алпамыс» эпостық жырындағы «Шөре-ай, шөре-ай» да қазақ тіршілігінің бір көрінісі іспеттес. Қаламгер әрбір ой тұжырымында бұлардың өз болжамдары екенін, тексеруді тілейтінін ескертуді де айтып отыруды ұмытпайды. Илияс көрсеткен ел музыкасының екі түрлі қасиетіне де толық қосылуға болады. Оның бірі – халық әндерінің түбінде бір адам шығарғанын мойындай отырып, ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа, иесін керек қылмай көшіп отырып, ауыз әдебиетіндей ортақ мұраға айналып кеткендігі де, екіншісі – көп әндердің бір сарындас келетіндігі. Әсем әнді шығарушы шын талант сирек те, әнді үйренуші, салушы, тіпті жаңғыртушы көп. Осындай өзгертіп, өндеп салушылардың көптігінің де әсері болса керек. Әннің, әуеннің бойына сол әнді шығарушының қоғамдағы орны, ой-санасы, табиғи тұрпаты да таңбасын салады. Бұған Илияс Бұхар жырау әндерінің толғау ырғағында, дүниені кезіп жер жаннын іздеген Асан Қайғы әндерінің безілдеу, зарлау сарындас келетінін, бұған Біржан мен Әсеттің өрлемпаз келетін, Жаяу Мұсаның жаңа сарынын мысалға келтіреді. «Бұхар жырау әнін толғау ырғағына қарай бұқараға түсініксіз ханға, биге, батырға арналған түйткілдеу, сұрай тастау ырғағына салса, Асан Қайғы ашықтан-ашық зарлау, қоныс іздеу, дағдару, безілдеу сарынымен кетсе, қу тілді ақын Құлдың (кісі аты) әні моқалдау, ақырын ыбыр, шымшымалау келеді».

Илияс сол кездегі қазақ әншілерін екі топқа жіктеген. Бірінші топқа, дала музыкасының әрі актеры (салушысы), әрі авторы (шығарушысы) бола білген музыка таланттары, ән шығарушылар – Біржан, Ақан, Әсет,

Жаяу Мұсаларды кіргізеді. Артына тамаша ән мұрасын қалдырған бұл дала композиторларын ақын «әнді тыңнан салу» қасиетіне қарай топтаса, екінші бөлегін әнді «тыңнан салмай, бар арнаны қолдай салушылар» деген айдармен Әміре, Қали, Балабек, Пысмылда, Манарбек сияқты әншілерді атайды. Әйтсе де, әрқайсысы ән салатын, қоржынынан ел әндерінің небір сирек нұсқаларын табуға болатын, тігінші емес, бүтінші болса да жасаушы емес, жамаушы болса да, елден елге кезіп жүрген әндердің ең асылдары осыларда болатынын Илияс ескерте кетеді. Қазақ музыка өнерінің шын жанашыры бола білген Илиястың әндер, әншілер туралы бұл мақаласының да қазақ әдебиеті мен қазақ өнері тарихынан алатын орны ерекше екендігі анық.

Тыңнан тұжырым жасап, баянды ойға бастау бола білген, өнер тілін өз тіліндей жеткізе білген Илияс Жансүгіровтің өнер, мәдениет, әдебиет тақырыптарындағы публицистикалық мақалалары отандық көсемсөз антологиясынан өзіндік орны бар лайықты мұра болып табылады.

Илиястың «Құлагер» поэмасы сырт қарағанда ақынның сәйгүлік-тұлпарының мерт болуына арналып жазылған сияқты. Ақын осыны бар жан-тәнімен түсініп, мейірі қаңғанша сусындап оқырманына жеткізе білген. Ақынның жан әлемінен «Әнші», «Күй», «Күйші», «Құлагер» сынды бірегей өнер тақырыбына арналған туындылар дүниеге келген. Ақан сері – жастық дәуренінде сауық-сайран, ойын тамашаның бел ортасында өткізген. Ақындық пен серілік, сазгершілік пен әншілік бір бойында тоғысқан Ақан – өнердің кені еді. Ақанның әні ел арасына тез тарады. Ақан сері жеке дара, салт жүріп, серілік, саяткершілік құрмаған. Оның қасында қашанда талантты құрмет тұтып, қолдап отыратын небір өнерлі, балуан, ақын жора-жолдастары болған. Ол суырып салма ақындығымен қоса қызыл тілдің шешені, әрі әнші-сазгерлігімен де ел құрметіне бөленген. Ол әділдіктің ақ жолын аттап, елге тізесін батырған талайларды тәубесіне келтіреді. Тіпті турасын айтамын деп туғанына жақпаған кездері көп. Ақан серінің өзге ақындардан өзгешелігі-табиғатпен тұтастығында. Ақандай талант иесі тым сирек. Оның ел аузынан түспейтін тамаша туындылары «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжендет», «Қараторғай», «Екі жирен» атты ән-өлеңдері қазақ халқының қастерлі мұрасына айналды. Ақан сері өз заманындағы атақты ақын, әнші серілердің бәрімен жолдас, сыйлас болған. Атақты Біржан салды өзіне ұстаз санайды, бірге жүріп ән үйренеді.

Илиястың өнер тақырыбына арналған «Күйші» поэмасында он саусағынан өнер тамған санлақ күйші мен қазақтың күй өнерінің күдіретін жыр өрнегімен асқан ақындық шеберлікпен суреттеген. Поэмада ақын халқымыздың күй өнері жайлы, сол күйді орындаушы

тарланбоз күйші жайлы сыр шертеді. Күйші Кене ханның ақ ордасында дүйім жұрт алдында «домбыраны дірілдетіп», жиылған қауымды тамсандыра өнер көрсетеді, күйге де, өзіне де таңдай қақтыра сүйсіндіреді. Сол күйлердің күдіретіне «қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп, қамыстан жолбарыс та ыңыранды», «табиғатта тып-тыныш бола қалды» деп өрнектейді. Алуан үнде сөйлеген күйге айналадағы бар жан құлақ түре сүйсінді. Күйші жігіттің күйі қолында ақ найзасы жарқылдаған, қол бастаған қас батыр Кене ханды да күй бей-жай қалдырмайды. Күйге, күйшіге де елти құлаған Кене ханның қарындасы-Қарашаш. Ол– ағасының оң қолы, ақылшысы әрі ерке, өңіне ақылы сай, паң да өжет боп өскен ханзада. Жыршы Қарашаштың бойындағы қасиеттерді былайша суреттейді:

Қарашаш– ақылы дария, алтын басы,
Әйелдің ақсұңқары, ханзадасы.
Өз басын мың қараға теңгермейтін,
Кененің кеңесінің ақылдысы.

Поэмадың соңында күйші тоқсан күйді қайта тамылжытып, сорғалатып, қыз көңілін аулап, енді еліне, үйіне қайтқысы келген арманын күй арқылы ханшаға білдіреді. Ханша күйшінің тілегін орындамақ болады, сонда өнерлі де келісті, келбетті жігітті әлі де болса кідірте тұрмақты ойлайды. Күйші күй арқылы ханша көңіліне ізгілік нұрын сеуіп, рақымын түсіріп, еліне қайтсам ба деген тілегін жеткізеді. «Күйші» поэмасы – өлімді, зұлымдықты жеңген өнер күдіреті туралы күрделі шығарма.

Илиястың «Күйші» поэмасында ақындық биігінен көрінген. Дастанда кейіпкердің сыртқы келбет-пішінін, мінез-қылықтарын бейнелеудегі ақынның зергерлігі, мүсіншілдігі сүйсіндіреді. Он саусағынан өнер тамған жігіттің өнер өрісінің асқар шыңына биіктегенін ақын былайша суреттейді:

Мүз еріп, қатты аяздың көрі қайтып,
Қас батыр көңілі жұмсап, зәрі қайтып,
Майырылып ақ семсері қалайы боп,
Қажытты мүз балақты күй мұнайтып.
Құлпырып бәйшешектей кетті шалқып,
Аққудай көкте күйлеп, көлде толқып.

Күйші жігіт күй тартқанда, бәйге атындай көсіле тартады, күй суреттері өрлеп, қияға шырқай береді, бір сөз бір сөзден, бір ой бір ойдан, бір шумақ бір шумақтан асып түсіп отырады ол күймен бірге жарысқандай. Поэмада өнер, күй күдіреті осылайша өрнек табады.

I. Жансүгіровтың шығармалары – өнерді дәріптеген туындылар. Ол осы шығармаларымен келешек ұрпаққа «Өнер– адамның асыл мұрасы»,– деген ойын жеткізеді. Өзінің өнерге деген құрметін, сый-сияпатын, үлкен махаббатын, өнердің әсерінен бойын жайлаған керемет сезімдерін өзінің өшпес ақындық өнерімен жеткізе білді. Адамдарды ерекшелендіретін, сақтап, қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа берілетін, ешбір бағасы жоқ, уақытқа, жауға бағынбас асыл мұра– өнер екенін тағы да дәлелдеді. Илияс – халық жүрегіне мәңгі ұялаған, өнерді дәріптеген ақын.

Илияс Жансүгіровтің қазақтық халықтық музыка мәдениетімен қазақ өнері тарихына алатын орны ерекше екендігі анық. Оның өмірінің, шығармашылығын терең зерттеу, үлкен, терең жан жақты еңбек жарыққа шығару біздің бүгінгі таңдағы ардақты да, абыройлы борышымыздың бірі. Өмірін демократиялық өнер жолына сарп еткен, өкпедікпен, жүргенсіздікпен, кертартпалықпен өнер арқылы күресін соңғы демі біткенге дейін жүргізіп келген өнер қайраткерлерінің бірі, Илияс Жансүгіровтың аты қазақ музыкасының тарихында алтыммен жазылады деген ойдамын.

«Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Тлегенов Ермурат Ныкатович
27.11.2019.

1 Секция. Илияс Жансүгіровтың ағартушылық көзқарастары және инновациялық білім беру үрдісі

1 Секция. Просветительские взгляды Ильяса Жансугурова и инновационный образовательный процесс

I. ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

БЕГИМЖАНОВА И. М., МУХАМЕДЖАНОВА Д. С.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТАЙБОЛАТОВ Қ. М.

п.ғ.м., оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан ХХ ғасырдағы адамзат ойының алыптары қатарынан орын алған Қазақ поэзиясының Құлагері, сөз сардары – Илияс Жансүгіров шығармашылығының орны ерекше. Илияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі-өнеге. Илияс – поэзияның сан қырын менгеріп, алуан түрлі тақырыптарға қалам тартқан жан-жақты ақын. Соның бір саласы – балаларға арналған өлеңдері. Ол өлеңдері – балаларға арналғанымен кеңістігі кең, үлкен, қызықты да қызғылықты, тамаша, әсем әлем. Осы әсем әлемнің әдебін айшықтап, кеңістігін кеңейте түсуге Илияс Жансүгіровтың қосқан үлесі салмақты. Илиястың балаларға арналған өлеңдері өткен өмірдегі шынайы қазақи өмірдің көріністерінен құралған. Ұлт мүддесіне қатысты ойлары баланы жақсы әлемге, оқу-білімге бастайтын игі мақсаттар баланың білімге ұмтылуына мұрындық болатын ұлттық таным екені сөзсіз. «Жазғытұры», «Күз», «Қыс», «Оқимын», «Бөбек бөлеу», «Тас шешей», «Сабын», «Ұршық», «Саптыаяқ», «Күн боламыз», «Элеватор», «Комбайн», «Қазақ үйдің тұрмысы» т.б. өлеңдері бүгінгі тәуелсіз еліміздің балалар әдебиетіндегі үлкен табысы.

Ұлттық құндылықтарды негіз етіп, балалардың дүниетанымының еселенуіне жырмен әсер ететін Илиястың ерекше әдісін «Домбыра» өлеңінен көруге болады. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Домбыра – шежіре. Тау суындай сылдыратып тәтті-тәтті күй төгетін, бота күйді боздатып, көктегі бұлтты ыдыратар, таудағы тұманды түретін, он саусақты құлындай құлдыратып, ойнақтата

көргенін күй қылатын, «екі желі, үш қазық, тоғыз нокта ол – домбыра», – деп Илияс Жансүгіров айтқан еді [1].

Ақынның «Туған жер» атты өлеңінде,
Сондықтан бір қазақтың тауды сүйген,
Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбеген.
Алматым Алатаудың бауырында

Аңқылдап жел соққандай ән мен күйден, – деп өзінің табиғатқа, туған жерге деген махаббатын көрсетеді.

«Көк орман, көркем тоғай маужыраған,
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.
Малта тас, маржан, ахық, меруерт тас
Төгіліп көк жиекке саудыраған.
Көк кілем, балауласы балбыраған,
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ қант аспандағы сонда жауып,

Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған [2], – деп табиғатты көркем сөзбен, оның байлығын сүзіп береді. Бұл ақынның туған жеріне, Отанына, еліне деген шексіз сүйіспеншілігінен туындағанын көрсетеді. Туған жер бұл ұлттық құндылықтардың біріне жататыны бәрімізге мәлім.

Қазақ поэзиясында жылдың төрт мезгілін суреттеуде Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннен кейін Илияс ерекше орын алады. Мысалы, Абай, Ыбырай өлеңдерінде жылдың әр мезгілін халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра суреттеуі ересектердің ұғымына лайықты болса, Илияс өлеңдері өмірді нақты бала көңілімен танытумен ерекшеленеді [3]. Илияс балаларды табиғатпен, әсемдікпен, әлем сулулығымен таныстыруға «Күз», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Қыс» өлеңдерін ұсынып, жылдың төрт мезгілінде болатын құбылыстарды үйретіп, әр маусымдағы адам еңбегін көркем суреттейді. Ағартушы-ақын жас жеткіншектерге арнап жазған жырларында танымдық, тағылымдық түсінігін, түйсігін арттыруда. Ұғымталдыққа, зеректікке, әсемдікке тәрбиелеп, сөз мәдениетіне үйретуді, алғырлыққа баулуды мақсат етіп тәрбиелейді. Мысалы, «Қазақ үйдің тұрмысы» деген өлеңінде:

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп,
Босаға, маңдайша мен табалдырық.
Кереге алты жапсар, алпыс уық,
Шаңырақ күлдіреуіш оған жуық.
Құр таңғыш, басқұр, арқан екі аяқ бау,
Төрт ірге, есік жабық, ши туырлық, – дей келіп:
Басқа түрлі жабдығын санай алмай,

Сыртқы үздігін көрмекке кеттім шығып, – деп аяқтайды [4]. Осы өлең жолдарынан қазақ үйдің қандай болатынын, яғни, оның босаға, мандайша, кереге, шаңырақ деген бөлшектерден тұратынын балаларға анықтап, түсіндіре білудің көркем амалын көреміз.

«Шәркей» әңгімесі – 1929 жылы жазылған. Бұл әңгімеде Шәутен деген баланың аяғына шешесінің шәркей жасап бергені жайлы айтылады. Баланың көз алдында анасының шәркейді даярлаудағы еңбегі баяндалады. Сол арқылы жазушы баланы еңбек үрдісіне араластыра отырып, ана еңбегін бағалауға шақырады. Әңгіменің танымдық мәні өте зор. Қазақ қол өнерінің орны мен ерекшеліктерін көрсете отырып, соның ішінде жүннен зат жасалу үрдісін бала санасына жеткізуді көздейді.

«Бөбек бөлеу» өлеңі – 1929 жылы жазылған. Өлеңнің ойы – терең, өрнегі – өзгеше. Ана өз бөбегін халық ұғымындағы ең жақсы нәрселердің бәріне теңейді. Ананың сәбиіне деген ыстық сезімі, елжіреген жүрегі, шексіз махаббаты байқалады.

Бөл – бөл бөбек, бөл бөбек.

Бөріден бөстек қи бөбек.

Ерінбей еңбек ететін,

Еліңе бол елгезек.

Бөгелмей білім, біл, бөбек.

Білмеген білім бекерсін,

Бет алдына кетерсін. Елге есті ер керек.

Ер жет, Есей ертерек [5]. Баласын бесікке бөлеген ана сәбиіне қоятын осындай талабын өлең етіп, онымен ерекше ілтпатпен тілдеседі. Алдымен, «төрт есікті бедерлі бесігіне – өз отауына» енуін өтінсе, сосын анасы баласының саусақайын, салбыраған қос білегін тамашалайды, бөлегенге жөнге көнуін, тілалғыш болуын талап етеді. Баланың «қос жұлдызын» жұмып, жақсылап демалуын, ұйықтағаннан кейін ерте тұруға үйренудің де пайдасы зор екендігін ескертеді. Ақын ауыз әдебиетіндегі классикалық дәстүрді ары қарай дамытады. «Бөгелмей білім, біл бөбек, елге есті ер керек» – деп өз заманының бөбектеріне тіл қатады. І. Жансүгіровтың ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жарасымды жалғасып келе жатқан «Бесік жыры» негізінде жазылған бұл өлеңінің маңызы зор. Балаға сәбилік шақтан сезімдік тәрбие беру міндеті көзделеді. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолы – айналасындағы ортамен таныстыру. Әсіресе, оған табиғатты таныстыру – бала тілінің көркемдік жағының дамуына, эстетикалық сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.

Илияс балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге күш салды және соған лайықты шынайы көркем туындылар жазды.

Сәбилердің, жас жеткіншектердің рухани деңгейін көтеретін, қиялын шарықтататын жігерлі де жасампаз шығармаларды дүниеге әкелді. Балаларға арналған шығармалары арқылы «Илияс Жансүгіров – қазақ балалар әдебиетінің ауыз әдебиетінен кейінгі негізін салушылардың бірі», – деп толықтай айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыдықов Т. Илияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы. – Алматы : Арыс – 2011. – 488 б.

2 Жансүгіров І. Құлагер. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы : Жазушы. – 2003. – Б. 72–77.

3 Әбдірахманова Т. Ақын сыры, – Алматы : Жазушы, – 1965. – 243 б.

4 Иманғазин М. Илияс Жансүгіров. – Алматы: Қазақ университеті», 2004.

5 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы. – 2006. – 5-т. – 383 б.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА БЕРЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ

БОКЕНБАЙ А. Б., ИМАНКУЛОВА М. С.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТАЙБОЛАТОВ Қ. М.
п.ғ.м., оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XXI – ғасыр білім ғасыры, тұлғаның ой-өрісінің даму тенденциясын заман талабына дамыту әрбір ұстаздың міндеті.

Қазіргі заманда білім саласының сапалы білім беру жолдарына көбірек көңіл аударылуда. Бұл болашағымыздың жоғары дәрежеге жетудің ықпалы болып отыр. Оқыту сапасын көтеру – бүгінгі қарыштап дамыған өркениетті заманның өзекті мәселесі.

Сыни ойлау деген не?

Адам қашан терең ойлана бастайды?

Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда.

Екіншіден, адам бұл проблеманы жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда.

Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады».

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразасына салып, салыстырады, проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтіруімен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Жауап іздеу, жауап іздеу, жауап іздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу.

Ойлаудың осындай толассыз түрі **сыни ойлау** деп аталады. Мұнда ойлау тізбегі (сызықты) түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады.

Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды; оны дәлелдеп беру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталуымен қатар өзінділікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып отырып, оған тәуелсіздік тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы-төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстиктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептеледі. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтарын мен нанымдарын бірден қалыптастырмай (мысалы, сезімдер жетегімен немесе басқа біреудің айтқаны бойынша) олар туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойынан» өткізуі қажет. Ричард Польшің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек».

Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрін де ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік пікір қалыптастыру керек. Сол себепті сыни ойлау көп жағдайда «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Кезінде Сократ «Таным негізінде күмән жатыр» деп бекер айтпаған. Біз әр нәрсеге байыппен қарап, оны екшеп – текшегеннен кейін, күмәндану негізінде туындаған сұрақтарымызға жауап жоққа шығаруда емес, мұнда негізгі әрекет – сол затты жан – жақты қарастыру; оған күмәнмен терең үңілу, оны күмәнмен өз тәжірибемізбен салғастыру (ол туралы не білетіндігімізді, оның қажеттілігі мен тиімділігін саралау). Мұнда үнді ақыны Рабиндранат Тагордың «Таным нұры дарқырай

түскен сайын, күмән қараңғылығы қоюлана түседі» деген сөздерін де келтіруге болады. Адам көп білген сайын оның күмәні де көбейе түсетіндігі хақ [1].

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан – жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым – қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін – өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп – текшеп, жан – жақты қарастыру», «өзіне сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады [2].

Сонымен, **сыни ойлаушының** ерекшеліктері мынандай деп тұжырымдауға болады:

- кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жәйттерді бөліп шығарады;
- проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
- критерийлер мен стандартты қолданады;
- критерийлер мен стандарттарға негізделген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
- себеп – салдарды анықтайды;

– талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
– мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жәйттерді бөліп қарастырады;

– шешім қабылдауға басқаларымен тиімді түрде ынтымақтасады [3].

Кез келген жаста сыни тұрғыдан ойлауға болады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Д. Дьюи, С. Мередит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз, ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектену білуіне жол ашады. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тындауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

«Қазақстанда сыни тұрғыдан ойлауды оқу және жазу арқылы дамыту» жобасының директоры С. Мирсейтова, А. Рысбаева, Б. Турганбаева, А. Алимова еңбектері оқушылардың ойлау қабілетін белсенділендіруге арналған.

Қазақстандық ғалым Ф. Я. Вассерман көптеген қазақстандық және халықаралық педагогтардың тәжірибесін оқып зерттеп, «Биоақпараттандыру және синергетика» (БиС) білім беру технологиясын тамаша қарастырып, оқыту сапасының нормативтік көрсеткішін құрды. Автордың жасаған қорытындысы бойынша оқыту сапасын басқару-оқыту нәтижесін толық көрсететін көрсеткіштер мен критерийлердің талабын орындауға бағытталу, оқытудың сапасын нақты анықтайтын стандарттық өлшемдер жүйесін құру. Сонда ғана сапаның нақты көрсеткіштері көрінеді. Өлшем нормаларының бірі – тапсырманы орындау уақыты. Оқу процесін дамытуда «БЖС» білім беру технологиясын ойлану жылдамдығын арттыру еске сақтауда, оқу үлгілерінің сапасын жанартуда, оқу материалын игеруде үлкен жетістіктерге жеткізетіні тәжірибеде дәлелденіп отыр. Ф. Я. Вассерманның «Биоақпараттандыру және синергетика» білім беру технологиясында оқытылатын пәндердің оқу материалының меңгерілуіне сәйкес келетін қажетті технологиялық карталар құрылымын да ұсынған. Ғалым-практик Ф. Я. Вассерман жүргізген зерттеу тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде оқыту сапасының нормативтік көрсеткішін құрды. Ол көрсеткіш 63 % төмен емес.

«Биоинформатика және синергетика» технологиясымен танысып, саралай келе төмендегідей **артықшылықтарды** бөліп алуға болады:

- ✓ нақты нәтижеге, сапа көрсеткішіне бағытталуы;
- ✓ оқыту формасының белсенділігі;
- ✓ жекелей, даралап оқытуды қамтамасыз етеді;
- ✓ деңгейлеп оқытуды жүзеге асырады;
- ✓ түзету, коррекция және рефлексия жұмыстарын сабақтың әрбір

кезеңінде іске асыруға болады;

- ✓ зерттеу– ізденушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді

Қалыптасатын құзыреттіліктер:

- ✓ жаңа материалды өз беттерінше игеру;
- ✓ шығармашылық тұрғыда ойлау, талдау, қорытынды жасау;
- ✓ -өз ойларын басқа оқушыларға толықтай жеткізу;
- ✓ мәселе қою;
- ✓ ұйымдастыру, басқару іскерлігін жүзеге асыру;
- ✓ өзін–өзі тексеру, бағалау

«БЖС» технологиясы бойынша өткізілген сабақтардың дәстүрлі сабақтардан **айырмашылықтары:**

- Әр сабақ сергіту жаттығуларымен басталады.
- Жаңа сабақ оқу әрекетінің жалпыланған әдісі (ОӘЖӘ) арқылы түсіндіріледі.
- Тапсырма деңгейлеп беріледі.
Қазақ әдебиетінде адамның ақыл-парасатына Абай мен Шәкәрім айырықша мән берді. Олар қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада жаңалық тапты. Екі ақын да адамның сезу, сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілеті мен не нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет-сипаттарын оймен, ақылмен, логиканың күшімен танып-білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың, дүниетану мен *моральдың негізі ақыл деп санайды*. Таза, парасатты ақыл әр затты, құбылысты дұрыс түсінуге, заттың ақ-қарасын айыра білуге мүмкіндік береді, сондықтан қос ақын: *«ақылмен сыналмаған іс бұлдыр» «ақылға билетпеген пенде – айуан», «тайғамбар қыл ақылды», «адаспайсың ақылды, арлыға ерсең», «ақылды сол ынсап пен ар сақтайды, арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды», «таза ақылмен таппаған дін, шын дін емес – жындылық», «ақылдың кей ісі – жауы, кей ісі – досы», «жас баланы ұрғанмен шырылдатып, ойы толмай тұрғанда ақылды енбес», «кәріде ақыл күш болмас»* – деген сияқты мәтел сөздерін қалдыра отырып дүниетанымның, ғылымның да негізгі тірегі – ақыл-ой, ойлану қабілеті деп ой тұжырымдайды. *«Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл-бәрі алдайды, тетігі – таза ақыл мен өлшеп сынау», «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді»,* – дейді Шәкәрім адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас мәселесіне ерекше назар аудара отырып. Өйткені адамның жан-жақты дамып, материалдық және рухани жағынан өсуіне, керек десеніз оның мақсат- мұратына бірден-бір негіз болатын факторлар ол – айнала дүние.

Абай метафораның бейнелі көркемдік сипатын шебер қолдана отырып, интеллектіге басшылық етуші ретінде жүректі алып, оны былай береді:

Көздің жасы жүректің қанымен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын /Абай/.

Ақынның жан тебіренерлік сөзі көзінің жасымен, жүрегінің қанымен араласып шыққандай болса, соған да селт етпейтін, мән бермейтін, іші жылымайтын адамды ішіндегі мұзы ерімейді деу – бұл бейнелеп суреттеуге шеберлікті, оп-оңай көзге түсе бермейтін ұқсастықты, жақындық-жалғастықты көре білетін тапқырлықты аңғартады.

Енді, Шәкәрім лирикасының көркемдік қуатының бір белгісі-бейнелілік, оның ішінде эпитетті қолдану шеберлігіне тоқталайық. Бұл бағдарда, Шәкәрім ұлы Абайдың көркемдік дәстүрін жалғастырушы. Мәселен, Абай «жүрек» сөзімен тіркестіріп бірнеше эпитеттерді пайдаланған, оның әр алуан қасиетін ашады. Ол жөнінде Қ.Жұмалиев өз еңбегінде байыпты пікір айтып, талдау жасағаны белгілі [6, 202]. Шәкәрім шығармаларында да «жүрек» сөзінің орны ерекше, көркемдік дәстүрді жалғастыра отырып, өзінің даралық мәнерімен аталған сөз ұғымды қатыстыра отырып, сәтті эпитеттердің түрлерін қазақ сөз өнеріне әкелген. Соның бірнешеуіне тоқталып өтейік:

Құры тілмен зарланып сайраулымын,
Қол аяғым бос емес, байлаулымын.
Ұлы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр,
Ыза қысып тісімді қайраулымын [7, 96].

Менің биім-өзіңнің ақ жүрегін,
Сөзімді ұқ та дауынды айт, соған жүгін [7, 97].

Жылы жүрек, тәтті тіл
Берекені берер, біл.
Ащы сөзді – өзімшіл,
Өнері оның қалар түл [7, 147].

Дәл солай қылайын деп ұнағанда,
Әділетті жүрегін бір қозғалмақ [7, 58].

Жаралы жүрек жыбырлап,
Өліп қалған сұм жүрек.
Оятсам да тұрмасты;
«Ұлы жүрек», «ақ жүрек», «жылы жүрек», «жаралы жүрек», «сұм жүрек» деп, «жүрек» сөзін осындай тіркестер арқылы ақынның айтпақ ойы адал ниетті, ақ жүректі болсаң сыйлы да, сыйламды, білімді де

білікті боласың деген ой тастайды. «Сұм жүрек», «ұлы жүрек» деген эпитеттерді ала отырып, ақын бұндай жүректі адамдардың жүрегіне жеткізіп айтқан жылы сөздердің еш пайдасы жоқ себебі ол өліп қалған «өлі жүрек» дейді.

Ұлы ақын Абай «ақ жүрек», «жылы жүрек», «жаралы жүрек» деген халық қолданысында бар тіркестерді қалдырса, Шәкәрім көп қолданысқа түспеген «сұм жүрек», «ұлы жүрек» деген эпитетті тіркестерді қалдырған, бұл Шәкәрімнің Абайдан кейінгі жаңашылдығы деуімізге де болады.

Шәкәрімнің өзіндік сөз саптауын төмендегі метафоралық тіркестерде де айқын көруге болады.

Қайғылы көңіл тырп етіп,
Қабағын ашпас салбырап.
Қайғылы біздің көңілден
Қайғырған сайын қан шықты:
Жаздың күні болғанда
Жаңбыр жауар күркіреп,
Жаралы біздің көңілге
Бір тамбады сіркіреп [7, 76].

Сондай-ақ «Бақшадағы гүлдер» деген өлеңінде:
Көңілі ояу, көзі ашық елде кім бар?

«Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл» деген жолдарға тоқталсақ, Шәкәрім бұл тақырыпта да соны ізденістерге барған, өзіндік өрнек, бейнелер жасаған. Көңілдің қабағы салбырады, сұм жүректің оянбауы, күншілдерді «өлі жүрек» деп метафорамен атауы – бәрі тек жоғары парасатты жазба поэзия дәстүрінде болуға лайық. Көңіл күйін, жүрек соғысын бейне бір адам мінезіне, адам ісіне ұқсату арқылы ақын үлкен бейнелік сурет жасаған. Сонымен бірге, айтылмақ ой, идея, әрине, тереңдей түскен, мазмұны байыған. Жаңбыр жауу – табиғаттың аса бір қасиетті құбылысы; жан біткеннің бәріне нәр беретін, жібітетін жауын, осы ұғымнан шығуы айқын; «Жаралы біздің көңілге бір тамбады сіркіреп» дегенде, мүлде тың жарасымды сурет табады. Бұрынғы поэзия үлгілеріне қарасақ, бұл мүлде жаңаша. Сонымен бірге қиянатшыл жандарды да мейірімсіз деген мағынада осылай айтады «тас бауыр», «тас жүрек» деудің орнына «өлі жүрек» деуі поэзияда ауыспалы мағынасында бұрын кездесе бермейтін жаңалық өлген адам, немесе сезімсіз суынған жүрек жайында талай айтылуы мүмкін [8, 75].

Ал Абай жүрекке үлкен жүк арта сөйлейді:
Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсын.

Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы андарсын.
Жүрегінмен тыңдамай,
Құлағынмен қармарсын [9, 119].

Бірі – ұстаз, бірі – шәкірт екі ақын көпшілік өлеңдерінде «ақыл» ұғымын сөз қылады. «Ақыл» адам өмірін жақсартатын ұғым. Олар «ақыл» ұғымын түрлендіріп, сөз тіркестерінен жаңаша өрнек пен ұғым әкеліп отырады. «Аз ақыл», «сұм ақыл», «саяз ақыл» немесе «таза ақыл», «шын ақыл», «анық ақыл» т.б. «Ақыл» ұғымының өзін екі сападан көрсетеді. Ең тірексіз адам болмысында «таза ақыл» категориясы деп ұсынады.

Абай: «Ақыл мен қайрат жол табар, қашқанға да, қуғанға», – деп, ақылдың бүкіл болмысын азғана сөзбен шебер бере білген.

Шәкәрім «таза ақылға» «Жаралыс басы қозғалыс» деген өлеңінде мынадай анықтама береді.

Рух деген – мінсіз таза ақыл,
Мінсіздің ісі шын мақұл.
Айуандағы ақыл ол емес,
Аз ғана сөзім – аз тақыл,
Құраныңды оқы нанбасаң,
Аз ақыл ондай көпте бар,
Айуанда айла епте бар.
Өсімдіктерде сезім көп,
Көбелек жейтін шөпте бар,
Әлемнен сұра алдасам [10, 11].

Демек, мінсіз таза ақыл – рух деп көрсетеді ақын. Шәкәрім пайымдауында, «таза ақыл» толық тазалыққа жеткен адамдарда ғана болуы мүмкін, ал басқа адамдарда және хайуанаттарда «аз ақыл» ғана бар дейді.

Енді бірде:

Ақ жүрек пен Таза ақыл,
Қылсаң адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл-
Айнымайтын ақ жүрек пен
Таза ақылды жанның
Таппасы жоқ бұл өмірде.
Осынымды ұқ, балам! [1, 148].

Немесе:

Тән терезе, ой кожасы,
Ойымен анық байқасаң
Бар ғылымның түп атасы –

Таза ақылмен ойлану, – деп Ақыл сөзіне таза деген эпитетті қолдана отырып, тіркес жасайды. Түсіндірмелі сөздіктер негізінде «таза» сөзі «кіршіксіз, адал, пәк» [ҚТТС 8-Т, 537]. деген мағынаны береді. Халықтық қолданыста таза ақыл деген тіркес жоқ. Демек, бұл соны тіркес болып табылады. Ақын түсінігінде жай ақыл ғана емес, таза ақыл болу керек, сонда ғана адам деген ардақты атқа ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғабитов Т., Құлсариева А. және т.б. Мәдени-философиялық энциклопедия сөздігі. – Алматы : Раритет, 2004. – 304 б.
- 2 Мырзалы С. Философия. – Алматы : Бастау, 2008. – 644 б.
- 3 Спиркин А. Г. Философия. – Москва : Гардарика, 1998. – 816 с.
- 4 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 260 б.
- 5 Ожегов С. И. Словарь русского языка. Москва : Русский язык, 1988. – 554 с.
- 6 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы : 1960. – 364 б.
- 7 Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы : Жалын, 1988. – 256 б.
- 8 Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы : Рауан, 1994. – 368 б.
- 9 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы : Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296 б.
- 10 Шәкәрім. Иманым. – Алматы : Арыс, 2000. – 286 б.

ФРАЗЕОЛОГИЗМНАР СОСТАВЫНДА АГАЧ АТАМАЛАРЫ

АСХАДУЛЛИНА Г. Г.

студент, 3 курс, направление «Педагогическое образование с двумя профилями подготовки», Казанский федеральный университет,
г. Казань, Российская Федерация
ХУСНУТДИНОВ Д. Х.
к.ф.н., доцент, Казанский федеральный университет,
г. Казань, Российская Федерация

Элек-электән үк үсемлек, агач образлары татар халқында билгеле бер символны аңлатып, гәүдәләндереп килгәннәр. Шул рәвешле, бу образлар халық авыз ижатында – әкиятләрдә, риваятьләрдә, легендаларда, жырларда, табышмақларда, мәкальләрдә, тапқыр

сүзләрде, фразеологизмнарда чагылыш тапқаннар. Алар күп вакытта илаһи көч буларак та кабул ителгәннәр, һәм бу очракта аларга билгеле бер сыйфатлар, үзенчәлекләр күчерелгән, индерелгән. Шунлыктан алар гади бер агач яисә үсемлек итеп кенә түгел, ә билгеле бер образ итеп каралганнар. Күпчелек очрақларда агачлар күчерелмә мәгънәдә килгәндә кешене, аның тышкы кыяфәтен, буй-сынын, холкын сурәтләгәндә очрыйлар.

Фразеологик берәмлекләр телне үстерүдә бик зур роль уиныйлар. Алар милләтне, аның рухын һәм үзенчәлеген чагылдыралар. Фразеологизмнарның мәгънәләре кешенең тормыш-көнкүрештән алган белеме, халыкның мәдәни традицияләре белән бәйле. Шуның белән бәйле рәвештә аларны мәгънә тулылығы ягыннан гына түгел, ә семантикасының мотивацион нигезләре ягыннан да карарга була. Фразеологик берәмлекләрнең семантикасы кешене, аның эчке һәм тышкы дөнъясын, хис-тойгыларын, кәефен, бәяләмәсен һәм эшчәнлеген тасвирлый, сурәтли.

Фразеологизмнар семантик яктан билгеле бер халыкның мәдәниятының озын-озак үсеш юлын чагылдыралар, мәдәни традицияләрен саклайлар һәм нәселдән нәселгә күчерәләр. Икенче төрле әйткәндә, күпчелек фразеологизмнарда мәдәни культураның эзләре саклана.

Беренче төркем фразеологизмнар булып кеше холкын чагылдырган берәмлекләр тора. Анда саранлык та, уңганлык та, аңгыралык та, булдыксызлык та бар. Бар нәрсәне дә эшли алучы, булдыклы, уңган, максатларына ирешә торган кеше турында халык *таштан юкә сую* дип әйтә. *Терәве имән, терәсә каты тери, без дә юкәдән тегелмәгән, табар әсиренә тал үсмәгән* дигәннәр дә шундый ук мәгънәдә килә. *Ә кулыннан каткан юкә дә килми, усақ утыны кебек – шарт та порт, төтенә күп, жылысы юк, танавына юкә буйламый* дигән фразеологизмнар, киресенчә, булдыксыз, ялкау, тырышса да кулыннан килми торган, мактанчык кеше турында әйтелә. Аңгыра, сай акыллы, күп сөйләүче кешеләргә *пунимаеш (понимаеш), юкә каеш, сирәк иләк биш юкә*, бәйләнчекләргә *чыршы сагызы*, куркакларга *усақ яфрагы, усақ яфрагы кебек дерелдәү (калтырау)*, тиз кызып китүчәннәргә *зирек тәртә* дип әйткәннәр. Күрәнгәнчә, кеше холкын сыйфатлаучы унөч фразеологизм табылды. Алар уңай да, тискәре дә сыйфатларны чагылдыралар. Тик тискәре яктарны белдерүчеләре күбрәк икәннән күрәбез. Бу тискәре холыклы кешеләргә үртәү кирәк таралган булу белән аңлатыла.

Икенче төркем итеп кешенең тышкы кыяфәтен, тавышын һ. б сурәтләүче фразеологизмнарны тора. *Нараттай туры, чыршы*

бизмәне, тал чыбыгы кебек озын буйлы, төз гәүдәле, юка, нәзек билле, бар жире дә килешкән кешегә карата кулланыла. *Шомирт күз* белән *шомирт чәч* игътибарны жәлеп итәрлек чем кара төс турында сөйлиләр. *Ә карама кабыгынан чыккан кебек, тамагына тал чыккан* дигәннәр каты, яңгыравык тавыш дигәнне аңлата. Бу категориядә жиде берәмлек булды. Агач атамалары кергән фразеологизмнар кешене сурәтләгәндә күбрәк уңай якны күз алдында тоткан, шул матур сыйфатларны табигатьтә күрәп, кешегә дә күчәргән, аларны чагыштырган.

Билгеле бер эш-хәлкә яки вакыйгага мөнәсәбәтне белдерү дә фразеологизмнарда чагылыш тапкан. Түбәндәге берәмлекләр шул төркемгә керә:

- 1) *Имәндә икән чикләвек*
- 2) *Каен әсиләге түгел ул*
- 3) *Таллы-ботаклы эш*
- 4) *Өч нарат арасында адашу*

Болай да һәркемгә мәгълүм бер нәрсәне үзәң бик зур хакыйкәт итеп ачуны *имәндә икән чикләвек* дип әйтәләр. *Каен әсиләге түгел ул* һәм *таллы-ботаклы эш* мәгънәләре буенча үзара синоним булып киләләр: катлаулы, чуалчык, жиңел түгел дигәнне аңлаталар. *Өч нарат арасында адашу* шулай ук аларга якын булып тора. Ул иң жиңел авырлыклардан да чыгу юлын тапмау, хәл итә алмау дигәнне аңлата. Күрәнгәнчә, эш-хәлгә мөнәсәбәтне белдергәндә, агач атамалары кергән фразеологизмнар уңай сыйфатларда кулланылмыйлар.

Кешеләр арасындагы мөнәсәбәтләргә белдерүче фразеологик әйтелмәләр:

- 1) *Ике инә бер әсептә, ике имән бер төптә*
- 2) *Ике инә бер әсептә, ике каен бер төптә*
- 3) *Ике тирәк бер төптә, ике төймә бер әсептә*

Бу өч фразеологизм тышкы формасы һәм компонентларының саны буенча бер-берсенә тулаем тәңгәл килә, ләкин аларның өчәсендә дә агач атамалары төрле: имән, каен һәм тирәк. Тик агач атамасына карамастан, аларның бөтенесе бер мәгънәгә ия. Бу фразеологизмнар бик якын, бер-берсеннән аерылмас, гел бергә яшәүче ике кешегә карата әйтеләләр.

Аннан соң үлем белән бәйләнешле фразеологик әйтелмәләр дә юк түгел. Аларны күрсәтеп китик:

- 1) *Каенсарга (каен төбенә) китү*
- 2) *Каен төбә*
- 3) *Кәкрә каен астына китү*

Бу берәмлекләр үлү, зиратка күмелү, кабергә керү дигәнне аңлаталар. Әлбәттә, ни өчен каен, ә башка агач түгел дигән сорауны

бирәсе килә. Бу йолаларга барып тоташа. Элек болгар-татарларда кабер баш очына каен утыртып үстерү яки эзер үскән каен төбенә күмү йоласы булган. Шуннан каен атамасы кергән бу фразеологизмнар барлыкка килгәннәр.

Кешегә карата начарлык эшләү: алдау, юмалау, каргау мәгънәсендәге берәмлекләр дә әз түгел.

Каеш биреп юкә алу зур бәяле әйбер биреп, кечкенә, бәясез әйбер алу дигәнне аңлата, ягъни сүз кешенең алдануы хакында бара. Бу әйтелмә борынғы Болгардагы кайбер төньяк тундра халыклары белән товар алмашу сәүдәсеннән калган [Н. Исәнбәт, 1 том, 1989: 336]. *Карамә көленә утырту, кәкре каенга терәтү, юкә урынына каезлау* фразеологизмнары кешене алдау, мал-мөлкәтен алып көлгегә калдыру, эксплуатацияләү мәгънәсендә килә.

Тормышта кыенлыклар, начарлыклар күрүне *тал чыбыгы ашау* аңлата. Ул кешене яткырып аркасын тал чыбыгы белән суктырып жәзалаудан килеп чыккан.

Татар фразеологизмнары үз эчләренә халыкның иң күркәм сыйфаты – кунакчылыкны да алганнар. *Килгән юлыңа тал утырткан* фразеологизмы кунакчыл булуны күрсәтә. Ләкин бу фразаның киресе дә бар – *килгән юлыңа тал утырткан, китәр юлың күрсәтмә*. Бу кунакны якты йөз, тәмле сүз белән кабул итеп тә, ул нигәдер тарланып, үпкәләп утырса, аны яхшы чагында бәясен житкереп биреп озатып жибәрү дигәнне аңлата. Гомумән, кунак белән ара бозылып озатканда астыртын мәгънә белән әйтелә торган әйтем.

Уен исемнәре яисә уендагы билгеле бер фразалар да фразеологизмнар рәтенә кергәннәр. Мәсәлән:

1) *Талгалы (талдалы)ның башына!*

2) *Юкә үбеш*

Талга гарәпчәдән тәржемә иткәндә бәхет дигәнне аңлата. Балалар уенында, берәр тал чыбык яки башка нәрсәне балалар төркеме өстенә һавага ыргытып аталар да, шулай дип кычкыралар. Кемнең башына төшсә, шул бәхетле булырга тиеш дип юрыйлар. Шулай ук бу фразеологизм аерым гына теләк булып та кулланыла. *Юкә үбеш* тә уен булып тора. Юкә чыгуының кисентесен өлешләр, бер юкәнең очы икенчегә туры килгән егет белән кыз үбешләр. Бу уен чувашларда бик яратып уйналган.

Агач атамасы кергән фразеологик берәмлекләрдә бәхет темасы да күтәрелгән. Түбәндәге фразеологизмнарда сүз нәкъ шул турыда бара:

1) *Сәгадәт талы*

2) *Әкәлилә имән ау*

Байлык яисә көтелмәгән бәхет килүне *әкәлилә имән ау* дип атыйлар. *Сәгадәт талы* да бәхет символы булып тора.

Урын-жирне белдергән берәмлек тә бар:

1) *Юл өстендә юкәлек*

Күренгәнчә, составында агач атамасы булган, урын-жирне белдергән фразеологик әйтелмәләр берәү генә.

Карамә куышыннан төшкән дигән фразеологизм ата-анасын белмәүче, ташландык, табылдык балага карата әйтелә. Элекке заманнарда илне яулар, сугышлар басканда яки юлларда күчкәндә табылган баланың анасы үлеп калса яки аны үзе үстерү мөмкинлеге булмаганда, кем күрсә шул алсын дип, агач куышына куеп калдыру йоласы булган. Шулай ук бу берәмлекне үз ата-анасы булса да, фамилиясен, нәсел-нәсәбен, милләтен һәм ватандашлыгын белмәүче яки белергә теләмәүче, аларны танымаучы тупас, начар баланы хурлаганда әйтәләр.

Тал бәбкәсе һәм *имән бармак* бер әйберне икенчесенә охшатканда кулланыла. *Тал бәбкәсе* икенче төрле *тал пәсие* дип тә атала. Монда яфрак атарга эзерләнгән бөрә бәбкә яисә пәсигә охшатыла. Ә ишарә итүче бармак имән белән чагыштырыла.

Тирәк чыгару ситсыга, киндергә үсемлек, чәчәк-яфрак ише буяулы йә каюлы, чүпләмле бизәкләр чыгару дигәнне аңлата. Моннан аңлашылганча, без татар халкының кул эшләре белән дә мавыкканын күрәбез.

Бирелгән агач атамалары кергән фразеологик әйтелмәләргә анализлаганнан соң, без алар нигезендә төрле мәгънәләр ятканын күрдөк. Анда кешене характерлаучы сыйфатлар да, аның тышкы кыяфәтен сурәтләү дә, кешеләрнең үзара мөнәсәбәтләре дә, начар гамәлләр эшләү дә, горейф-гадәтләр дә бар. Кеше белән агач бер аспектка куелган, алар чагыштырылган, уртақ яклары табылган, һәм шул уртақлыклар кешегә, аның белән бәйлә вакыйга-хәлләргә күчәргән, шуннан фразеологик әйтелмәләргә әйләнгән һәм телгә кереп калган.

ЛИТЕРАТУРА

1 Исәнбәт Н. Татар теленең фразеологик сүзлегә 1 том. – Казан : Татар. кит. нәшр., 1989.

2 Исәнбәт Н. Татар теленең фразеологик сүзлегә 2 том. – Казан : Татар. кит. нәшр., 1990.

3 Татар халык ижаты. Мөкальләр һәм әйтемнәр. – Казан : Татар. кит. нәшр., 1987.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА КЕЙІПКЕРЛЕР КҮЛКІСІНІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

БАДИСПАЕВА Д. М.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
МУТАЛИЕВА Р. М.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем шығармадағы кейіпкерлердің әр түрлі мінез-құлықтарының, күлу, жылау, ашулану, жүріс-тұрыстарының, бет-әлпеттерінің, т.б. сипатталуындағы жазушылық шеберлікті зерттеуді сексенінші жылдары алғаш қолға алған ғалым Қ. П. Жүсіп болатын. «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» еңбегінде «Абай жолындағы» кейіпкерлер күлкісінің берілуі туралы былай дейді: «Эпопеяда адамдар күлкісін бергенде де, суреткер әйтеуір бір күлуді емес, әр адамның шыққан тегіне, ой-өрісіне, мінез ерекшелігіне, жас мөлшеріне, көңіл-күйіне сай «өзіндік» күлкісі болуын қадағалайды» [1, 136 б.].

Автор «Абай жолынан» күлудің мынадай түрлерін келтірген болатын: «**мысқылдап** күліп, **ақсия** күліп, **сынғырлап** күлген, **сылқылдап** күлгенде, **сылқ-сылқ** күлді, **сықылықтай** күліп, **кеңкілдеп** күле берісті, **лекіте күлді**, **сақылдап** күледі, **таркылдап** күлген-ді, **ырсылдап** күліп жатыр». Бұл мысалдардағы кейіпкерлер күлкісінен қандай көңіл күйде, қандай мақсатта күлгендері, ақырын, қатты күлгендері байқалады.

Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы кейіпкерлер күлкісінің сипатталуынан да жазушылық шеберлік үлгісін көреміз. Мысалы:

«Ара-арасында **шақылдап** күліп қояды» [2, 717 б.]. Судыр Ахметтің күлкісі жағымсыз түрде берілген. «Шақылдау» сөзі адамнан гөрі кейбір хайуандарға тән.

«Комиссардың кішілеу көк көзінің шалғайындағы **қуақы** күлкіден қысыла бастады» [2, 717 б.]. Тура мағынасында әдетте «қуақы адам» деп айтылады. Кейіпкер қулығының күлкісімен астасып берілуінің бір үлгісін көреміз.

«Осы **ұяң** күлкі кейін ұйықтағасын да келіншек өңінен айықпай, дөңгелек зерен жүзін нұрландырып, жұмсартып тұрды» [2, 698 б.]. Бұл мысалда да ұяң адам деп айтылатын таныс қолданыстың орнына өзіндік тың қолданыс жасаған. Кейіпкердің ұялшақ, сыпайы мінездері де байқалып қалады.

«Ол тек дені дұрыс кезіндегідей екі бетінен оты шыққанда ұялудың орнына арғы жағынан **арсыз күлкі** қыстап, ие бермей бара жатқанын

сезді» [2, 648 б.]. Мұнда да бізге таныс «арсыз адам» тіркесінің басқаша түрін көреміз. Орынсыз күлкі, күлмейтін жерде күлу деген мағынаны қысқа да нұсқа етіп берген.

«Ақбаланың жүдеу жүзінде **жабырқау күлкі** білінді» [2, 528 б.]. Ақбала басында қандай да бір қиындықтардың болып жатқаны, қиналып жүрген адамның әп-сәтте көңілдене қалмайтыны дәл бейнеленген. «Жабырқап жүр, жабырқап отыр» деп айтылатын қолданыс жаңартылып берілген. Ақбаланың жүзінің жүдеу болуы да «жабырау» сөзінің реңкіне үстеме мағына беріп тұр.

«Ойы мүлт кідіріп, салмақты жүзінен **сөлекет** күлкі бөлініп қайтты» [2, 509 б.]. Кейіпкердің ыңғайсыз жағдайға тап болғандағы күлкісі екенін аңдаймыз.

«Ой, сорлым-ай! – деп Балжан **зілдене күлді** де, шылбырды есіп отыра берді [2, 509 б.]. Бұл мысалдан күлкінің бәрі тек шынайы бола бермейтінін, кейде кейіпкер көңіл күйіне қарай жасанды күлкілердің де болатынын аңғарамыз. Әйтпесе, «зілдену» сөзі біреудің ашулы қалпын білдіреді. Ашу мен күлкінің бір мезетте болуы қисынсыз нәрсе.

«Сонан соң **жырқылдап күлген** жәркелеш топ арасынан бір кісі бөлініп шығып, ақырын басып жақындап келе жатқандай болды» [2, 280 б.]. Жырқылдап күлу жағымсыз күлкіні білдіреді. Маңызы жоқ әңгіме айтылып жатқан жерде немесе біреуді біреу келемеждеп, күлкі етіп жатқан жердегі кейіпкердің жеңілтек мінезін байқатады. Осындай күлкі Бейімбет Майлиннің «Желдібай Жындыбаев» әңгімесінде кездеседі:

«Ауылнай алдына әкеліп атты ұстағанда, үзеңгіге аяғын сала беріп, Желдібай тәлтіректеп құлап кете жаздады.

– Әй, ауылнай, қымызды көп беріп жіберген екенсің, – деп өзінен **жырқылдап күлді** [3, 268 б.]. Арақты көп ішіп қойып, атқа міне алмай жатқан Желдібайдың күлкісін жазушы дәл сипаттаған. Кейіпкеріміз өз әрекетіне өзі күліп жатыр. Мас адамға тән қылықтар.

«Балықшылар **жарыла күлді**» [2, 25 б.]. Бірнеше адамның бір мезетте қатты күлуін нақты жеткізген.

«Есбол кәрия **шиық-шиық** күлді» [2, 23 б.]. Адамның шегі қатып күлгенде дауысы шықпай, шиқылдап күлетіні берілсе, бір жағынан кәрі кісілердің қатты күле алмайтынын аңғарамыз.

«Жарайды, жарайды.. – деп Мөнке **лекіте күлді** де, кенет қонақ жігітке оқыс бұрылды» [2, 16 б.]. Лекіте күлу – қатты екпінмен риза болып күлу. Адамның әр түрлі көңіл күйде отырып күлуінің бір үлгісі ретінде қараймыз.

«Құста көкқұтан, адамда сен сирақтысың ғой, – деді бурыл сақалды, бұғақты семіз қара шал **кеңкілдеп күліп**» [2, 33 б.]. Толық адамның

күлгені екені көрініп тұр. Кейіпкерлердің дене бітімдерінің толық, арық болуының өзі олардың күлкісінің бірдей болып шықпайтындығын білдіреді.

«Дүние боғын домалатқан қарақоңыз, – деп **мысқылдап күліп жүрген**» [2, 35 б.]. Бұл жердегі күлкі – шынайы күлкі емес, еріксізден ызаланып күлу. Күлкінің бәрі шынайы болмайтынын, жалған күлкінің болатынын көреміз.

«Кұдайменде іркіт құйған местей, майға бөгіп лықылдап тұрған денесін шайқап, **ырк-ырк күлді**» [2, 82 б.]. Толық адамға тән күлкінің автор дәл келтірген.

«Тәңірберген тура жауаптан қашып, **қашырта күлді**» [2, 86 б.]. Адамның тура жауаптан қашқанда күлкімен құтылатын сәттерін жазушы сәтті бейнелеген. Қарап отырсақ, күлкінің атқаратын қызметінің аясы кең екендігін бағамдаймыз.

«Кенет, әлденеге **осқырына күліп...**» [2, 127 б.]. Осқырыну деген сөз жылқыға қатысты айтылатыны бәріне белгілі. Кейде малдарға, жануарларға қатысты сөздердің адамдарға да қатысты қолданыла беретіні болады. Жылқы бір нәрседен үріккенде осқырынады. Ал, адам бір нәрсені оғаш, ерсі көргенде осқырынып күледі.

«Қаладан кәмпит әкеліп берді ме? Ә-ә! – деп **қыт-қыттап** күледі» [2, 158 б.]. Кейіпкердің күлкісі тауықтың қыт-қыттауына ұқсатылған. Адамдардың әр қилы дыбыспен күлетінін, түрлерінің басқа болғаны сияқты күлкілердің де басқа-басқа болатынын осы мысалдан байқаймыз. Бұл мысалдар жазушының тіл шеберлігіне, қазақ тілінің байлығына көзімізді жеткізе түседі.

«Ахмет **шықылықтап** мәз бола күлді» [2, 160 б.]. Құстарға қатысты қолданылатын «шықылықтап» сөзінен кейіпкердің күлу ерекшелігін көреміз.

«Келіншекті баурап құшағына тартпақ болғанда ол тағы да **қылымсып күліп**, жігіт құшағынан сытылып шықты» [2, 243 б.]. Қылымсу – қысылған болып сызылу, бәлсіну, тәлімсу. Келіншектің жасанды күлкісі көз алдымызға елестейді. Адамдардың сезімдеріне байланысты да күлкінің өз қызметі болатынын бағамдаймыз.

«Көп ұзамай болысқа келген ағайынды жігіттер көңілденіп, **жымырандап** күле бастады» [2, 260 б.]. Бұл күлкі көңілдегі күдік сейіліп, жайланғаннан кейінгі сезімді жеткізіп тұр.

Ә. Кекілбайұлының «Елең-алаң» романында да кейіпкер күлкісінің алуан түріне кезігеміз: «Кирилов **сұйқылт жымсиды**» [4, 39 б.]. Күлкіге қатысты «сұйқылт» сөзі сирек қолданылады. Түсіндірме сөздікте ауыспалы мағынасындағы «сұйқылт» сөзі «ретсіз, жөнсіз,

суыт» деп түсіндіріледі [5, 745 б.]. Кириловтың жөнсіз жымығанында көп астар бары аңғарылады. Әдетте мұндай күлкі ойға шомып отырған адамда болады.

«Кириловтың **миығына күлкі** жүгірді» [4, 72 б.]. Тағы да түсіндірме сөздікке жүгінсек, «миық – мұрт өсетін жер, миығынан күлді – мұртынан күлді, езу тартты» [5, 596 б.].

«Көзінде бір **жымысқы күлкі** тұр» [4, 83 б.]. Кейіпкердің арам, пасық ойда отырғандағы күлкісі бейнеленген. Жоғарыда атап өткеніміздей, күлкі адамның жағымды қылықтарында да, жағымсыз қылықтарында да бірге жүретін құбылыс екеніне тағы да көз жеткіземіз.

«Балғын **сықылықтап** күлді» [6, 237 б.]. Әйелдің ерке мінезі, жас бала секілді ойнақы қылығы бар екені аңғарылады.

«Міне, оның жылмиып жатқан қара мұртының шалғысына **күлкі ілінді**» [4, 35 б.]. Бұл мысалдағы күлкі – жоғарыдағы «миығынан күлудің» бір түрі.

«Қасына **арсаландап** жүгіріп келіп, жеңінен жұлқылаған баланың иығына қолын салды» [7, 93 б.]. Қуанышты хабар алып келген баланың күлкісі «арсаландап» деп берілген.

«Шеген **қарқылдап күліп** жіберді. Шеген көк құрақтың үстіне құлай кетіп, күлкісін әлі тыя алмай жатыр.

– Өлтірдің, Костя, өлтірдің мені! – деп, кейде қатты қарқылдап жіберіп, кейде **булығып, демін ала алмай, аунап-аунап күледі**» [8, 28 б.]. Күлкілі сөз естіп, күлкісіне тұншығып, шегі қатып, аунап күліп жатқан Шегеннің әрекеті жасөспірімдерге тән қылық. Шегеннің бұлай күлуі нанымды берілген.

«Өрескел басталған әңгіме еріксіз күлдіріп, **езу жиғызбайды**. Жалаңаш жартастар қосыла сақылдап, жағадағы жанның бәрі бізге қарап қапты» [8, 264 б.]. Күлкінің көпке дейін тиылмағанын, бірнеше адамның даурығып қатты күлгенін, тіпті жартастардың қосыла сақылдап күлгенін, соғыс даласында да осындай күлкінің бола беретінін жазушы шынайы суреттеген.

«... Қайсысы қылжақтап, «маған зікір түсті» дегендей қылып жатыр... Міне біреуі **мырс етіп күліп** жіберіп, кейін шегініп **аузын басып қырқылдап...** Онан–мынан сығалап қараған балалар мен қатын-қыздардың шек-сілесі қатып, **жырқылдап**» [9, 70 б.]. Мырс етіп күліп жіберу – көпке дейін күлкісін басып, әрең шыдап отырған адамның шыдай алмай күліп жіберуі, «аузын басып қырқылдап» – дыбысын шығармай күлу.

«... Асқар **ызалы күлкімен** тағы да **мырс ете түсті**» [10, 10 б.]. Адамның ызаланып отырып та күлетініне мысал деуге болады.

«... Тойлайсың! – деді Асқар **кекете күліп**» [10, 9 б.]. Біреуді кекеткенде де күлкі сүйемелдеуші қызмет атқарады екен.

Қорыта айтқанда, жазушылар шығармаларынан кейіпкерлер күлкісінің алуан түрлері болатынына көз жеткіздік. Кейіпкердің жас ерекшелігіне, дене бітіміне байланысты күлкінің де әр қалай шығатынын байыптадық. Шығармадағы баланың күлкісі мен кәрі адамның күлкісі бірдей болып шықпайтыны белгілі. Толық адам мен арық адамдардың да күлкісінде айырма боларына көз жеткіздік.

Кейіпкерлер күлкісінің шынайы, жасанды болатындығын сараптадық. Адамның әр түрлі көңіл күйлерінде, қуанышта да, ашу кезінде де күлкінің бірге жүретінін, қуаныш күлкісі, ашу-ыза күлкісі бола беретінін мысалдармен дәлелдедік. Кейіпкерлер күлкісін дәл суреттеуде жазушылық шеберлік қажет боларын анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр-Жүсіп Қ. П. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту, Павлодар, 2011.
- 2 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Роман, А, 1991.
- 3 Майлин Б. Повестер және әңгімелер, А, 1977.
- 4 Кекілбайұлы Ә. Елең-алаң. Роман, А, 2010.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, А, 2008.
- 6 Майлин Б. Шұғаның белгісі. Повестер, әңгімелер, А, 1999.
- 7 Ахтанов Т. Боран, А, 1968.
- 8 Мүсірепов Ф. Романдар және поэма, А, 1980.
- 9 Торайғыров С. «Қамар сұлу», А, 2002.
- 10 Мұқанов С. Ботагөз, А, 1989.

АҚЫН МҰРАСЫН ЖИНАУШЫЛАР ЖАЙЫНДА

БАҚРАДЕНОВА А. Б.
кауымд. профессор, **І. Жансүгіров** атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Адамда «Жазбасам, айтпасам, өсіп келе жатқан жас өркенге өнегесін іште өлтіретіндей күй кешермін» деген ойға қалдыратын, қандай ортаға түссе де, аттарын атап жүретін, алдарынан сабақ қана алмай, өміріңе де үлгі берген жандары болады екен. Олардың бірі емес, бірегейі – филология ғылымдарының докторы, бірнеше ғылыми еңбектердің авторы, қоғам қайраткері, жер жәннаты Жетісудың жоғары оқу орнының бірінде 12 жыл бойы ректоры болған, танымал ғалым Мырзатай Жолдасбеков.

1974 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдаған соң, Талдықорғанда табан тоздырып жұмыс іздедім. Мектеп санаулы-ақ, жолдасыма жұмыс табылды да, облыстық өлкетану музейіне ғылыми қызметкер болып орналастым. Күндіз де, түнде де ойлайтының қайдан қандай экспонат тапсам деген ой. Жаман болмады, аз уақыттың ішінде Жетісудың барлық мәдени, тарихи өмірінің тарихи дерекнамаларын жинап, жазып шықтық. Ақсудан шыққан ақын Сара Тастанбекқызы туралы деректер, **І. Жансүгіров**, Қуат Терібаев, Ғали Орманов т.б. жергілікті ғалым, ақын-жазушылардың еңбектерін, Мамания мектебін ашқан Тұрысбек қажы тарихын зерделеп, беріде Темірғали ақынды, бала кезінде өзіне дос болған Илиястың немере ағасы Құсайын Шөкеновтердің үрім-бұтағын таптық, отбасыларымен таныстық. Ақын туып-өскен Қызылтаң селосына қарасты «Үлгілі» деген ауылда Адаққан деген қарт ананың қолында Мольқбайдың домбырасы сақталғаны көп аузында жүрді. Оны алып келудің жолы өте қиынға соқты. Соғысқа қатысқан Ақсулық бір ардагердің музейге келіп, **І. Жансүгіров** жырлаған қобыз туралы айтқан әңгімелері директорымыздың да, біздердің де қасиетті аспапқа деген қызығушылығымызды арттыра түсті. Ол кісі төбесіне снаряд жарықшағы тисе де, госпитальдан аман шыққанын, соғыста әрдайым Мольқбайдың аруағына сиынып жүргендігін айтқанда, өздігімізден іздеп баруға жүрексіндік те. Бірталай лауазымды адамдарды алға сала жүріп, облыстық мәдениет бөлімі бастығы қобыз иесінің келісімін алып ақын жырлаған қобыз бүгіндері **І. Жансүгіров** музейінің көзайымына айналды.

Тарихи шындық Илияс жырлаған Мольқбайдың қобызы Бөрбек атты немересінің барында өртке жанбай аман қалған. Бүкіл үй, қобыз салынған қара әбдіре жанып кеткенде, өрт қобыздың бір шетін ғана шалған екен. «Қазақта қобызшының қалғаны сол, жорға еді маймаңдаған бақайшағы» деп Илияс қана қобыз иесін тайсалмай суреттеді.

Кеңестен кеңшілік көрмесе де, компартияны, кеңес көсемін жырлаған, Мәскеуден көрген мәдениет үлгілерін еліндегі ұландарға ұсынған Илияс ақын атеизм бұғау салған Мольқбай образын мәңгіге қалдырды.

Ақынның жұбайы Фатима Ғабитқызының ықпал етуімен 1974 жылы Ақсу ауданында ақын музейі алғаш рет ашылған. Саду Машанов, Тұрсынхан Әбдрахманова, Мырзабек Дүйсеновтердің естеліктерінде ауылды жерде болса да, ақынның Белтоған деген жерде мектепте балаларға дәріс бергені, жастар «Қосшы» ұйымын құрып, ауылдық мәдениет ошағында алғашқы жұбайы Аманшамен пьесада рөлге қатысқаны сөз болады.

Дегенмен, алғашқы леппен құрылып, ашылып кеткен мұрағаттар кейін қолды болып кетеді. Әсіресе, ақынның трость таяғы жоғалып кеткеніне жары қатты өкінеді. Институтқа ақынның атын беруді ойлаған Мырзатай Жолдасбеков қоғамдық негізде студенттердің қоғамдық ұйымдарын қатыстыра отыра ақын музейін Талдықорғанда ашуды қолға алды, біздер Ілияс мұрасын жинаушылар болдық.

1976-жылдың көктем айларының бірі болатын. Облыстық өлкетану музейінің директоры Шаймұрат Раевичтен институтқа жаңадан келген ректор М. Жолдасбековтің келіп кеткенін естідім. Өз оқытушымның үлкен жұмысқа келгеніне қуандым, бірақ араға күн салмай мені шақыртып алатыны түске де енбеген жайт болды.

Тағдыры талайы ақын жайлы деректер жинау жұмысы оңай жұмыс болған жоқ, қасаң тәртіп, қысатын цензура бар кезеңде өте жауапты жұмыс еді. Бірақ Ұстаз ұстанымымен салынған бұл бастама менің ғылыми ізденісіме сара жол болды. Институтқа ақын есімі берілді, 1979 жылы І. Жансүгіровтің 85-жыл мерейтойы тойланып, бұған дейін ректордың басшылығымен тығыз байланысқа шыққан біздер, ақын айналасындағы бар туыстары мен қаламдас достарын танып қалдық. Ілиястың ұлы Болат Ғабитов-Жансүгіровтің үйінен ақынның жазу столын өкелдік. Үй мүлкінен қалған өңі кетпеген, жібек жіппен тоқылған кабырға кілемшесі, ақынның отбасы шай ішкен сары самаурын, шытынаған жері құрсауланған ақынның әріптес достары, небір жыр сүлейлері, ел қайраткерлері дәм тартқан көгілдір суреттері бар шыны ет табақ институт мұражайының құнды экспонаттары болды.

Сол кезеңде Қазақстандағы Жазушылар Одағының председателі лауазымын бастапқыда Әнуар Әлімжанов, біз музей ашқан 1979 жылы Олжас Сүлейменовтер атқарды. Институт ректорының арнайы хатымен екеуіне де барған маған жол ашылды да тұрды. ӘбділдаТәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Сәкен Жүнісов, Мұрат Әуезов, Тұрсынхан Әбдрахманова, Аскар Тоқмағамбетов т.б. ақын тағдырына қатысы бар қаламгерлердің естеліктерін, өміріне қатысты жазылған еңбектерін қолтаңбаларымен жинау ұйымдастырылды.



Сурет 1 – ТҚПИ-де ашылған алғашқы ақын музейі. Ілиястың күйеу баласы, ҚР оқу-білім министрі Жандосов Санжар Оразұлы және ТҚПИ ректоры Салагаев Г. В.

Кеңестік дәуірдің тұсында көптеген естеліктер газетке басыларда цензуралық бақылаудан өткізілетін. Ауызекі тілде айтылатын небір қызықты деректер қағаз бетіне түспей жататын. Осындай деректердің бірі–жоғары оқу орнына белгілі қаламгердің атының берілуіне Ілекеңнің күйеу баласы, кешегі күндері Қызыл гвардия командирі болған Ораз Жандосовтың ұлы Санжар Оразовтың әсерінің болуы. Бастапқыда мен ол кісінің не туысқандық, не лауазымдық байланысына қатысым болған жоқ, үйіне ақынның кенже қызы Ильфа Ілиясқызы жолдасы болғандықтан, сол үйде сақталып тұр деген Ілекеңнің Бейімбетпен, жұбайы Фатимамен жазысқан хаттарын оқу үшін, ақын қолданған кітапхана жұрнақтарына көз жеткізу мақсатымен барған едім. Ақынның қызының үйіне қона жатып, мақсатқа мүлтіксіз жеттім, оқу орнына Фатима Ғабитованың күнделігінен І. Жансүгіровтың қоғамдық қызметтері жайлы құнды деректер жеткізілді.

1984 жылы ақынның 90 жылдығы тойланды, бұл шараға бүкіл факультеттер атсалысты, қоғамдық негіздегі музейіміз орталыққа көшіріліп, «І. Жансүгіровтің әдеби музейі» болып ресми бекіді. Осы күндері Алматы облысының орталығы Талдықорғанға келген қонақтар кірмей кетпейтін І. Жансүгіров мұражайының алғашқы үлгісі ақынның өз атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Қазақстан

көшесінде (қазіргі Абай атындағы мектеп орналасқан мекенжайда) алғаш тұрғызылғаны үлкен тарихи дерек.

1992 жылы бір топ студенттермен Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педучилищесіне педагогикалық практикаға бардық. Ілекеңнің көзін көрген қарт ақын Асқар Тоқмағамбетовпен кездесіп, «Сыр елімен сырласу» атты әдеби кеште Ілиястың көзін көрген ақынмен жүздесу бақытына ие болдық. Елінің елдігі үшін барлық жанрда газет бетінде қалам тартқан 1925–30 жылдар аралығындағы сол кездегі «Еңбекші қазақ» газетінің ұжымы туралы Асқар ағамыз көп деректер берген еді. Газеттің сын бөлімінің жауапты редакторы І. Жансүгіровтың өз тұсында қоғамда орын алып жатқан керітартпа оқиғаларға «Талды», «Матай», «Быжы», «Қорған», «Жә-Жә», «Балгер», «Таңқыбай», «Құрметшіл» т.б. жасырын атаулармен өз көзқарасын білдіріп отырғандығы айтылды. Істі болған адамдармен байланысқан, бармақ қыстыға жол беріп жаман үйренген бір судья жайлы фельетон жазған адам І. Жансүгіров екенін корректор Асқар бала өзі де білмеген екен. Асекең кейін ұстазы санаған ақынға «Өткен күндер» деген атпен естелік кітапша да арнайды. Ол кісінің айтуына қарағанда, Т. Рысқұлов, Б. Майлин, І. Жансүгіровтер қазақ баспасөзі, ел әдебиеті мен мәдениетіне Қызылорда астана болып тұрған жылдары ерекше атсалысқан. 1926 жылы Қазақ мемлекеттік баспасының директорына Мәскеуден хат жолдаған Ілекең: «Бізде көпшілік болып, қолға алынбай жатқан іс-балалар әдебиеті»,– деп жазыпты.

Мұражайдың құнды деректері ұрпақ алдына жанды оқиғаларды әкелуімен құнды. Осы орайда, Ілекеңнің балалар әдебиетіне жақындап балалар пьесасын қолға алуы жайлы деректер, қуыршақтармен ойналатын сахналық көріністер қалай жасалатындығы туралы баспа орындарына жазған хаттар көшірмелері Талдықорған қаласындағы ақын мұражайында сақтаулы. «Дала әуендері» атты алғашқы Қазақ фильмін алғаш түсірткен, ондағы шабарман рөлін ойнаған да ақынның өзі болған. Бұл фильм Павлодар облысында түсірілген, бұны бейнелеген тарихи сурет те бар. Ақынның қызы Үміт апайдың естеліктерінде көпшілік біле бермейтін, Жансүгіровтың жеке басындағы талайы күндерін еске салатын деректер мол болушы еді. Ақынның үміт еткен үмітін ақтап кеткен, бүгін әкесімен бақида жасасып жатқан апайдың өні татар шешесі реуішті болса да, жаны қазақ деп соғушы еді. Бұл жолдар, ұлттың бірін асырып, бірін төмендету емес, Үміт Ілиясқызының 11–12-жасынан бастап, «Қайран, әкем!» деп, отбасының үлкені ретінде жанын салып, әкесінің мұрасын шама-шарқы келгенше беріле іздестіргендігіне орай жазылып отыр. «Бес-алты жас шамасындамын.

Отбасымыз түгел, самаурынымызды қайнатып, жағдайымызды жасайтын бір әниміз бар, Алатаудың бөктеріндегі «Просвещенец» деп аталатын демалыс үйіне мамыр-маусым айларында шығып тұратын болдық. Есімдегі ең тәтті сәт – әкемнің таң алдында тауға жақын бұлақ жақтан келе жататын кезі еді. Сонда қазақ үйден жарыса жүгіре шыққанымда, алдымен мен жететінмін де, бетінде мұздай судың табы бар әкем мені жерден көтеріп алып иіскей еркелететін. Сонда жиі айтатын сөзі «Нәйім-нәйім, бауырсақ, ағын суға жуынсақ.» деген жолдар еді. «Осыны зерттемейсіңдер ме?» дейтін естелікке назар аударып Үміт апай, «нәйім» деген сөз нені білдіреді, әкем біздерге суырып салып, өлеңдерін айта беретін, әттең не керек, папамыздан қапыда айрылып, татарланып, орыстанып кеттік-қой»,–қатты күрсінуді еді. Ақын мұрасын жинауда, әсіресе балалар әдебиетін жасауға қосқан үлесін әдебиетші маман ретінде ертерек түсіндім. Ол тақырыпқа жөн сілтеген ақынның қызы Үміт Ілиясовна болды. Үміт Ілиясқызымен болған сұхбатымызда осы ойларымыз қоса айтылушы еді. Ол кісінің әруағы риза болуы үшін өз аузынан жатқа естіген және Ілекеңнің Ленинградтан 1935 жылы мамыр айында жолдаған хатында жазылып жіберген төмендегі өлеңдерді келтірейік:

Үмітім – ау, Үмітім!
Сағындым – ау күні, түн.
Кім қолында отырсың?
Көзімдегі жанарсын,
Қолымдағы құсымсын.
Қуандырған тотымсын,
Жүрегімдегі ұшқынсын,
Білімдегі күшімсің,
Қуанышымның отысын,
Өмірдегі үмітсің,
Күнім саған кім жетсін!
Бұл хатты өзің оқырсын.

Арнайы жазылған өлең емес, хат жазу үстінде сағыныштан туа салған жолдар әдемі балама, бейнелі сөздер мен тіркестер арқылы өлең болып құлпырып шыға келген. Үлкендеу, ес біліп қалған қызына жолдаған хаттағы осы жолдар үлкен жүректі, талап қойғыш әкенің бейнесін танытады. Ал сол кезде төрт жасқа қараған Үміт пен екіден енді ғана асқан Ильфасына жолдаған келесі жолдар-сүйкімді қыздарына деген әке мейірімін ерекше танытады.

Саусақайы салбырап,
Екі беті албырап,

Құлақайы құнысып,
Екі көзі жаудырап,
Үмітім қайда жүр екен?
Ауызқайы шөміп,
Екі меруерт аузында,
Иекейі елбіреп,
Білекейі жауқазын ба?
Ильфама қайда тұр екен?

Осы туындыларға қарап отырсаңыз, ақынның балаларға тартымды өлеңдер жазғандығы, балалар әлеміне сай өзіндік стилі болғандығы дәлелденеді. Әке мейірімі Үміт Илиясқызының жанын жай тапқызбады. Әкесі туып-өскен Ақсу аймағын аралатып, туыстарын іздетті. Сондай бір сапарда Кәпбай деген нағашы атасының үйінен атасы Жансүгірдің дүниесінен қалған бір белгі – қонаққа ұстайтын мыс табақтың табылғанын, сол сияқты Адасқан деген әжеден немересінің сақтауымен Молықбайдың қобызы табылғанын айтуы музей қызметкерлері үшін көп көмек болды.

Кейін балаларға арналған шығармаларын зерттегенімізде, бұрынырақта Ә. Тәжібаевтікі деп жүрген «Төрт түлік жырының» мақамы жыл мезгілдеріне арналған ақын өлеңдеріне келетіні анықталғанын жазғанбыз. «Жазғы шілде» өлеңінде «Нәйім-нәйім, бауырсақ, ағын суға жуынсақ» деп келетін жолдар ақынның өз атынан берілген. Бұдан шығатын қорытынды – халық жыры делініп балаға арналған «Бауырсақ» өлеңі Илияс ақындікі. Тағы бір келетін ой-«нәм-нәм» деген сөзді тілі орысшалау балалар тілі шыға бере айтады. Этимологиясы орыс тілін меззейтін бұл сөзді қазақ халқы жырға қоспас болар. Екінші бір жайт: халықтікі делініп келген «Бөбек тілегі» атты жыр бүгінгі күнде Мағжан Жұмабаевтың атымен оқытылуда. Осыдан кейін қызы Үміт әкесінің аузынан естіген өлеңдегі «нәйім-нәйім» жолдары бар өлең – ақынның ағынды Ақсуымен қатар балаларға қарата еркелете айтылған, қайталама сөздермен «жақсы баланы жансақ болмауға, малсақ болуға» шақырып тұрған өз өлеңі деуге негіз бар.

Ақынның туғанына арналған атаулы датаның маңызды аталып отырғанын Талдықорған қалалық әкімдігінің ұйымдастыруымен «Илияс ізімен» атты экспедицияның 1925-28жж. ақын журналистік білім алған Мәскеу қаласына барып, балаларға арналға 20 шақты кітапшаларын тауып келгендігімен, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде талай ғалымдар атсалысуымен ақынның 20 томдығы «Илиястану» ғылыми-зерттеу орталығының жарық көруінен байқауға болады.



Сурет 2 – І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерей тойына арналған «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Бір сөзбен айтқанда Талдықорған педагогика институтына ақынның атын беру мен ақын музейін құруды алғаш бастаған ұлт ұстазы Мырзатай Жолдасбеков болса, «Илиястану» ғылыми орталығының директоры, ғалым Иманғазиев Мұратхан және ақын музейінің алғашқы директоры Кәмила Садықова, музыка маманы Алтын Бүркеваның сінлісі және мен ақын мұраларын жинауға, әлі де жастарға, жаңа жас ұрпаққа тарата беруге міндеттіміз деп есептейміз. Өйткені рухы биік те таза тұлғалардың ғұмыры ғасырдан ғасырға жалғасып, шығармалары болашаққа жеткізіле беруге керек.

І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

ЕРМЕКБАЕВА Ә.

магистр, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

КАРИПЖАНОВА Г. Т.

ф.ғ.к., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Этнолингвистика этнонимдердің пайда болуын, таралуын, қызметі мен құрылысын зерттеумен айналысатын тіл білімінің саласы болып табылады. Этнонимдерге әр түрлі этникалық қауымдардың (ұлт, халық, тайпа, тайпалық одақ, ру т.б.) атаулары жататыны белгілі. Макроэтнонимдер ірі этностардың (қытай, араб, қазақ), ал микроэтнонимдер-шағын этникалық топтардың (тайпа, ру) атауларын белгілейді. Этнонимдер ішінде: автоэтноним (халық пен тайпалардың өзін-өзі атау) және аллоэтноним (халықты не тайпаны өзгелердің атауы) терминдері қолданылады. Этнонимдер – тарихи лексиканың ерекше бірліктері, жалпыхалықтық тіл байлығы. Жалпыхалықтық тіл байлықтарының қоғамдық даму процесіндегі белсенді, ең маңызды қызметі-қоғамдық қатынас құралы болуы. Қазақ елінде ғасырлар бойы ұрпақтардың сөз қадірін түсінуіне шешуші әсер еткен сөз өнерінің негізгі түрі халық поэзиясы болды. Халық ақындарының шығармалары фольклор мен көркем әдебиеттің тығыз байланысын, өзара жақындасуын бейнелейтін, аралық кезеңдегі ауызша әдебиет түрі. Осындай дәрежедегі халық поэзиясының тілі барынша еркін, кең құлашты сипатымен табиғи, халықтық шынайы қасиетпен дараланады. Қазақ ғалымдарының көпшілігі І. Жансүгіровтің ақындық өнердегі орнын, көбінесе Абайдан кейін деп атайды. Абай халық тілін жаңартушы, сұрыптаушы болса, І. Жансүгіров оның айшықтарын аршып қазып, ұрпаққа жалғастырушы, өз таным-білігімен алға апарушы, әдеби тілдің көрігін өзіндік стильмен дөп басушы. Ақын шығармалары 1915–1916 жылдары кеңінен таралған. Ақын поэзиясын зерттеп-зерделеу кейінгі ұрпаққа міндет болып табылады.

Біз мақала көлемінде ақын шығармаларындағы жалқы есімдердің этнолингвистикалық ерекшеліктерін қарастыруды жөн санадық. Ақын туындыларындағы жер атауларына үнілсек, Борақора – жалқы есім. Борақора – Жетісудың оңтүстік шығысындағы тау жонының аты. Түркі-моңғолдарда үнді-ар түбірлес бора және қора тұлғаларынан сыр тартатын атау. Атаудың бірінші бора сыңары, Ш. Уәлиханов және Окладниковтардың ажыратқанындай, көне түркілердің этникалық топтасуы болса, екінші қора сыңары, одан арғы көненің көзі: қырма, тау, төбе, шоқы мәніндегі ұғымдарға саяды.

Елчен-Бүйрек-Жетісу өлкесінің қиыр шығысындағы кең алқаптың және таудың аты. Түркі-моңғол Елчен және бүйрек этнонимдерінен құралған қос этноним немесе этротопоним. Елчен тұлғасы өзінің формасы жағынан моңғолдың елчин (шабарман) терминіне жуық келеді. Моңғолдың көнеден қалған жазба нұсқаларында -і, -аі, -иі түрлерінде аяқталатын жалқы есімдер көшпесінде -іп, -ап, -ип түрлерін қабылдайды. «Бүйрек» -түркі есімдерін құрайды [1, 553]. Қос этнонимдер түркі әулеттерінің бірігуі немесе ыдырау болмысының дәстүрлі әрекеті. Сонымен бірге бүйрек тұлғасының көне түркі тілдерінде тау бедерін баяндайтын кезегі барын және ескерейік. Бүйрек сөзі атау тұлғасында Еділ бойы түркілерінің есіміне жиірек тіркеседі.

-Мынау, мынау, мынау ер?

Піл сүйекті бұлан ер,

Арыстандай айбынды ер,

Жолбарыстай жуан ер.

Ертіс бойын сіліккен ер,

Еділдің бойы үріккен ер...

Жалқы есімнің ішіндегі жер-су атауларының басым көпшілігі элементі зат есім болады. Егер күрделі жалқы есімдер болса, екінші компоненті болып келетін зат есімдер: көл, су, бұлақ, жыра, тау, төбе т.т. сияқты географиялық терминдер болып келеді.

Баласы Абылайдың Кене ме екен?

Сорыма құдай айдап келген екен.

Нашардың қанын сорып, жанын жеген,

Хан емес, қара қабан деген екен! (І. Жансүгіров, 138).

Егер қазақ жалқы есімдерін зерттеудегі когнитивтік әдісте «жалқы есім» «ойлау, білім» қатынастары негізге алынатын болса, ал қазақ онимдерін зерттеудегі лингвомәдениет-танымдық әдісте мәдени-ұлттық өзіндік сана мен оның таңбалық белгісі аралығында жалқы есімдер мен мәдениеттің қатынасы, өзара әрекеті мәселесі басты назарға алынады.

Е. Ә. Керімбаев былай деп жазады: «Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу қазақ тілінің ономастикалық, жүйесін зерттеуде мәдениеттанымдық аспектіні пайдалануды қарастырады. Қазақ, тілі онимдерінің генезисіне, қалыптасуы мен дамуына қазақ халқының этномәдени өмірі шешуші мәнде әсер етеді. Халықтың этномәдени тарихи фактілерінің тұтас бір жиынтығы қазақ онимдерінің түрлі тақырыптық, топтарының пайда болуы мен қызмет атқаруының

негізі мен себебі болып табылады. Этностың материалдық және рухани өмірі қазақ тілінің этностық болмысымен өзара байланысты, этностық тұрғыдан өзіндік таңбаға ие болған, онимиялық бірліктер өзіндік бейнеге ие болады» [2, 7].

Атырау, Арал,
Балқаш көлім қандай!
Үсті ырыс, асты қазына Қазақстан,
Уа шіркін, өлкемдегі өмір қандай!
Біз бір бай ұлы одақтың өлкесіміз –
Бақытты елі осындай, жері сондай!
Уа халқым, он жылыңда «Даланды» айттым,
Ой, қырың, орман, тауың, салаңды айттым;
Ертіс, Сыр, Есіл, Жайық – ел қонысым.

Арал, Балқаш, Ертіс, Сыр, Есіл, Жайық – гидронимдер. Өзен, елді мекен аты. Аралас тұлғалы этнопоним: Ақтас-мекен аты. Қарбас-этникалық топ аты.

Ертіс-Қазақстанның шығыс облыстарының біраз жерін кесіп өтетін өзен. Бұл өзен атауының шыққан тегі туралы түрлі-түрлі тұспалдар бар.

Біреулер оны «арту, асу» мағыналарын беретін түркі тілдеріндегі «артыш» сөзінен», екінші біреулер қазақ тіліндегі «иір» («кирелендеу» мағынасындағы) мен кет тіліндегі «су», «өзен» мағынасын беретін «сес шеш» сөздерінің бірігуінен шыққан деген долбар айтады. Көрсетілген пікірлердің қай-қайсысына да қосыла алмаймыз.

Біздің ойымызша, М. Қашқаридің өзен атауын түркі тілдерінің өзіне тән «Эртіш» сөзінен тудыруы дұрыс. Әрі оған берген мағынасы да көңілге қонымды. Мысалы, хакас тіліндегі «иртіс» дыбыстық құрамындағы тұлға да қазақ тіліндегі «өту, кесіп өту» мағынасын меншіктенеді. Өзен атауына негіз болуға осы сөз лайықты деп санаймыз. Өйткені сонау Зайсан көлінің маңынан басталған өзен Обьқа барып қосылғанша талай ойды, қырды кесіп өтеді. Осы қасиетіне қарай, оны мекендеген түркі халықтары (қазақ, хакас т.б.) ертеде «кесіп өту» мағынасын иеленген «Эртіш» немесе «Иртіс» сөзін атау еткен деуге болады.

Туған жер, өскен орта табиғатының сұлулығын шебер суреттейді. Құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан дәстүрден озбаса да, сөз қолданысы, бейнелілігі жөнінен өз ерекшелігімен танылады. Табиғат көріністерін суреттейтін жырлары заман, уақыт тынысын танытатын айшықтармен қоса көмкерілген.

Ағыңды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,

Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.

Ақсу – гидронимі бірігу арқылы жасалған. Алтайда *ақ* сөзі *су* терминімен тіркесіп, ең алдымен судың түсін (лай, айран, түстес, ақ балшық, араласқан) білдіретіні байқалады. *Айран, Ақсу, Ақбұлақ, Ақ Қалғұтты, Ақкөл, Ақкен, (Ақкөл), Ақ Қаба* т.б. өзендердің суы ақ түсті, лайлы болып келеді. Өйткені бұл өзендер бастау алатын мұздықтар аккүлгін, сары топырақпен араласып жатады. Ақсу гидронимі құрамындағы *ақ* сыңары «ағу» етістігін білдіреді деген пікір де ойлануды қажет етеді. Өзен біткен ағатын, жалпы су біткеннің ағатыны «су» терминінің өзінен-ақ білініп тұрады.

Бағаналы-Ұлытаудағы мекен аты. Қазақтың этникалық топ атауы. «Баған таңбалы» мағынасындағы атау.

Байтайлақ-Қазақстанның оңтүстік-батысындағы және Целиноград облысының солтүстік-батысындағы мекен аттары. Ру таңбаларын аталған этникалық топтағы бойынша қойылған сол: Бағаналы, Ашамайлы, Атаңбалы, Бестамғалы.

Кендірсақал-Талдықорған облысындағы мекен аты. Түріктердің ру тобы бойынша қалыптасқан атау.

Қаратал-Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық өңіріндегі жер аттары. Талдықорған облысында таудың, ірі өзен, поселке және аудан аттары. Қаратал нұсқасы түркілердің этнографиялық ғұрыптарынан да орын алғандай. Мәселен, қырғыздың Құмчү ру тобының ұраны «қаратал». Қырғыздың Солты тайпасының бір руы қашқабаш.

Токта-Жетісудың қиыр шығысындағы тау жотаның аты. Түркілердің тайпа атауы. Рашид-эд-дин шежіресінде Токта-меркиттер ханы.

Қай жер, қай ел болсын оны географиялық атауларындағы әрқилы өзгерістердің бәрі тарихи-әлеуметтік оқиғаларға орай, қозғалысқа түседі. Әуел баста топонимикалық атаулардың барлығы байырғы халық авторлығымен қалыптасса да, олар әртүрлі саяси-әлеуметтік, басқыншылық жағдайларға байланысты бірде баяу, бірде жылдам өзгерістерден сырт қалмайды.

Халықтық топонимика деп, сол жерді мәңгілікке мекендеп келген халықтың авторлығымен қойылып қалыптасқан атауларды түсінеміз. Олар уақыт өткен сайын тұрақтанып, халықтың рухани байлығына айналады. Ал отаршылдық топонимдер-ел жұрт өміріндегі саяси-әлеуметтік оқиғалар, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың нәтижесіндегі атаулар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Теория и методика ономастических исследований. – М., Наука, 1986.
- 2 Керімбаев Д. М. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты. Фил.ғыл.канд.дисс.авторреф. – Алматы, 2004.

ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ

ЕШІМҚҰЛОВ Ж. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуына негіз болған қайнар-бастаулардың бірі Шығыс классикалық поэзиясы екені белгілі. Шығыс поэзиясы өзінің көп ғасырлық тарихы бар көркемдік дәстүрлері арқылы қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, форма, көріктеу құралдары, жанр және стиль тұрғысынан едәуір байытты.

Мұсылмандық Шығыс әдебиетінің әсері арқылы ортағасырларда қазіргі қазақ жеріндегі түркі тайпаларының әдебиетіне нәзира дәстүрі енді. Нәзира дәстүрі (нәзирагөйлік дәстүр деп те атайды) Шығыс поэзиясы мен түркі әдебиетінің, одан беріде қазақ әдебиетінің арасындағы рухани байланысты жалғаған көпір іспетті болды.

Нәзира – Шығыс халықтары әдебиетіне тән жанр, өзіндік үрдіс түрінде қалыптасқан дәстүр. Нәзираның ғылыми анықтамасы келесідей:

«НӘЗИРА (араб тілінде назират – «жауап», «ұқсату» мағынасында) – мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық, шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім шиырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін, көркемдеу өрімін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе де, жетеге абыл түсетін, өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс. Бұл – ежелгі өнер иесі үшін ақындық кәмет белгісі.» [1, 252].

Нәзира – қайта жырлау. Алайда ол түпнұсқаны тәржімалау да, қайталау да емес. Нәзира дәстүрі төлтума туындыларды дүниеге әкеледі. Мұны нәзира дәстүрін зерттеген ғалымдар айрықша атап өтеді. Мәселен, М. Әуезов: *«Көпке мәлім болған тарихи шындықтар*

бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді.

...Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінесе алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жасарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «нәзира», «нәзирагөйлік» деп атау да берген.» [2, 421–422].

Нәзира үрдісі сан ғасырларға созылып келе жатқан көркемдік салт, әдеби дәстүр. Нәзира, жоғарыда айтқанымыздай, бастауын Шығыс поэзиясынан, яғни араб-парсы әдебиетінен алады. Нәзира сөзінің төркіні араб сөзі. «Жауап» деген мағына береді. Парсы тілінде – татабу. [3, 351]. Түркі халықтарының әдебиетіне нәзира дәстүрі мұсылмандық мәдениетпен бірге енді. Бірте-бірте бұл дәстүр түркілік әдебиеттің де төл дәстүріне айналды. Түркілік ақын-жазушылар нәзира дәстүрінде шығарма жазудың шынайы шебер үлгісін танытты.

Зерттеуші Н. Келімбетовтің пікірінше, түркілік әдебиетте нәзира дәстүрімен шығарма жазу екі түрде жүзеге асты: біріншісі – араб, парсы, үнді, т.б. Шығыс халықтарының сан алуан тақырыптағы аңыз-хикаяларының желісін негізге ала отырып шығарма жазу және екіншісі Рудаки, Фирдоуси, Низами, Физули, Жәми сынды шығыс шайырларының классикалық дастандарын қайта жырлау арқылы тың туындылар тудыру [3, 353–354].

Түркілік әдебиетте нәзира дәстүріменен, ең әуелі, қисса жазу, хикая-дастан шығару үрдістері жүзеге асты. Қисса – араб тілінде ертегі, әңгіме, мысал деген сөз. Түркі тілдес халықтарда қисса сөзіне әр түрлі мағыналар берілед. Алайда олардың негізгі төркіні бір. Шығыстық сюжетке құрылған көлемді шығарма дегенді білдіреді. [4, 219–220]. Ортағасырлық түркі әдебиетінде жазылған қиссалардың бір дені – діни қиссалар. Ең көрнекті үлгісі – **Бурхоннуддин Рабғузидың** (XIV ғ). **«Қисса-сүл-Әнбийя-и»** шығармасы.

«Қисса-сүл-Әнбийя-и» – мазмұн желісі Құран мен Інжілден алынған, пайғамбарлар, періштелер, әулиелер мен сахабалар туралы барлығы 79 хикаядан тұратын көркем туынды [5].

Қиссалардың енді бір дені – Шығыс халықтарының ежелгі аңыздары мен поэмалары негізінде жазылған хикая-дастандар. Дастан

– шығыс әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. [6, 129]. Көбіне бұрыннан белгілі аңыз, ертегі, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастандарда өлең мен кара сөз қатар көп жағдайда қатар келе береді.

Түркілік дәуірде шығарылған осындай хикая-дастандардан «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлық-Зарлық», «Таһир-Зұхра» сияқты дастандарды атауға болады. Бұл дастандар «Мың бір түн» сынды араб ертегілерін, үнді ертегісі «Тоты-нама», сондай-ақ Фирдоуси, Низами, Физулилер жырлаған дастандарды арқау еткен. [3, 355–356]. Бүгінде бұл дастандар түркі тілдес халықтардың барлығының да фольклорында кездеседі. Әр халық оларды өздерінің төл туындылары деп біледі. Мұның өзі осы дастандардың кезінде, ортағасырларда нәзира дәстүрі арқылы шығарылғанын туындылар екендігінің дәлелі.

Түркілік әдебиетте нәзира дәстүрімен шығарма жазудың екінші түрі – Шығыс шайырлары Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Низами, Хафиз, Жәми сынды ақындардың әйгілі жыр-дастандарын қайта жырлап, нәзирагөйлік дәстүрмен жаңа шығармалар тудыру.

Бұл үрдіс Алтын Орда дәуірінде (XIII–XV ғ.ғ.) айрықша дамыды. Осы дәуірді түркілік нәзира дәстүрінің шарықтаған кезеңі десе де болады. Бұл жайында Алтын Орда дәуірі поэзиясын зерттеуші Қ. Сейітжанов былай дейді: *«Бір сөзбен айтқанда, әдебиеттегі нәзирашылық – Алтын Орда дәуірі түркі әдебиетінің даму бағытын айқындаған айрықша көркемдік салт. Бұл көркемдік салттың игі ықпалымен «Құтты Білік» дәуірінде іргесі нығайған әдебиеттің қоғамдағы әлеуметтік-моральдық ролі арта түсуімен бірге түркі әдеби түрлері шығыстық нақыштармен толығып, көркемдік-эстетикалық таңымның көкжиегі кеңейді. Түркі тілді әдебиет тақырып, мазмұн, форма, көріктеу құралдары, стиль және тілдік жағынан мейлінше байыды. Қарахандар дәуірі түркі әдеби мұраларында тұңғыш тәжірибе, ілкі ізденіс деңгейінде көрінетін түркі ақындарының дамыған, жетілген, көркемдік кемелдікке жеткен араб-парсы тілді поэзиямен бәсекелесуі Алтын Орда дәуірінде айрықша қарқын алып, түркі әдебиеті шығыстық көркемдік-эстетикалық әлемінің аясына енді, жаңаша бір арнаға бет түзеді.»* [7, 10]

Нәзира дәстүрінде қайта жырланған дастанның бірі – **«Хұсрау – Шырын»** (1341–1342 жылдары жазылған). Дастанды жазған – Сарай қаласының тумасы, көрнекті ақын Құтып. Ақын дастан арқауын парсы шайыры Низамидың «Хұсрау мен Шырын» атты поэмасынан алған.

Адамгершілікке, әділдікке, ынсап-рахымға, адал махаббатқа үндейтін Құтып шығармасын зерттеуші ғалымдардың барлығы да

(Бертельс, Нәжіп, Ибатов, Келімбетов, Қыраубаева, т.б.) туындыны Низамиден жасалған тәржіма емес, ақынның төл туындысы деп бағалайды. [3, 291].

Алтын Орда дәуірінде туған нәзирагөйлік дәстүрдің теңдессіз үлгілерінің бірі – XIV ғасырда өмір сүрген көрнекті лирик әрі эпик ақын Сайф Сараидың **«Гүлістан бит-түрки»** атты туындысы. Парсы-тәжік әдебиетінің өкілі Сағди Ширазидың «Гүлістан» атты дастанын қыпшақ тілінде қайта жырлаудан туған көркем шығарма – әдептілік, қанағат-ынсап, тілге сақ болу, сыпайылық, әділеттілік сияқты этикалық мәселелерді көтерген түркі поэзиясының классикалық шығармасы. [3, 300].

Түркілік нәзира дәстүрінің тағы бір жемісі – XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бас кезінде Сыр бойында өмір сүрген ақын Дүрбектің **«Жүсіп – Зылиха»** дастаны.

Дастанға арқау болған Жүсіп пен Зылиха жөніндегі хикая негізін Інжіл мен Құраннан алады. Бұл хикаяның сюжеті Шығыс пен Батыс елдерінде ежелгі дәуірлерде-ақ кең таралған. Зерттеушілердің пікірінше, Шығыс шайырлары Жүсіп пен Зылиха тақырыбына жүз елуден астам дастан жазған. [3, 367]. Олардың ең көрнектілері – Фирдоуси, Балхий, Шерозийлер жырлаған нұсқалары.

Дастанның негізгі идеясы – адалдыққа, тазалыққа үндеу, сабыр, ынсап, қанағатты насихаттау. Ақын сондай-ақ билеушілер арасындағы төж бен тақ үшін, байлық пен мансап үшін жиі болатын соғыстарды, ағайындар арасындағы алауыздық пен бақталастықты, қатыгездікті айыптайды.

Өз шығармашылығында нәзира дәстүрін шебер пайдаланған ақын – **Әлішер Науаи**. Ол өзі өмір сүрген XV ғасырдың өмір шындығын көрсету үшін өзінен төрт ғасырдай бұрын өмір сүрген парсы шайыры Низамиге иек артып, оның әйгілі «Хамсасына» сүйене отырып, өз «Хамсасын» жазды. [3, 373].

Шығыс шайырлары көп жырлаған Ескендір жайлы дастанды өзінше қайта тудырды. Науаидың «Ескендір қорғанына» негіз болған хикаялар оған дейін Фирдоусидің («Шаһнама»), Низамидің («Ескендір-нама»), Хосрау Дехлевидің («Ескендір айнасы») жырлауында әйгілі болған еді. Кейіннен бұл хикая қазақтың бас ақыны Абай жырлаған «Ескендір» поэмасына арқау болып, қазақ сөз өнеріне теңдесі жоқ жыр жауһарын тарту еткені белгілі.

Науаи өзіне дейін сан мәрте жырланған Шығыстың ең бір көркем аңыздарының бірі – Ләйлі мен Мәжнүн жайлы дастанды жазды. Бұл дастанды қазақтың кемелгер ақыны Шәкәрім де жырлаған болатын.

Ортағасырларда түркі халықтарының ортақ әдебиетінде көркемдік дәстүрге айналған нәзира үрдісі өз жалғасын қазақ әдебиетінен тапты. Зерттеуші Т. Қожакеев айтпақшы: «*Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде кең жайлаған нәзирашылық дәстүрі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың арасындағы қазақ ақындарына әдеби мектеп болған.*» [8, 34]. Қазақ фольклорына «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зұһра», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп – Зылиха», «Шәкір – Шәкірат», «Зида – Шаһмұрат» сынды қисса-дастандар енді. Фирдоуси, Низами, Физули, Сағди, Хафиз, Жәми дастандарының сюжеттік желісі мен образдар жүйесін, идеясы мен композициялық құрылымын негізге ала отырып, қазақ оқырманының көркемдік танымына лайықты мүлдем жаңа, тың туындылар жазылды. Сөйтіп, **Жүсіпбек Шайхисламұлының** (1854–1936) «Сал-сал», «Заркұм», «Жүсіп-Злиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлі», «Қасым-Жомарт», **Ақылбек Сабалұлының** (1880–1919) «Қисса Даңдан», «Хикмет-Нигмет», «Қисса Ибраһим», «Қисса Ысмағұл», «Қырық уәзір», «Ғабділмәлік пен Мәлике қыз», «Садуақас», «Алтын балық», «Таһир-Зұһра», «Саудагер», «Сұлу жігіт», «Ахтам-Сахаба», **Қашафутдин Шаһмарданұлының** (1840–1910) «Қисса-и Жәмшид», «Қисса Бәдр», «Абулхарис», «Дұхтар Гүлөнда», «Халуа Фұрыш», «Хатымтай-Жомарт», «Қисса-и үхүд», **Ақыт Үлімжіұлының** «Әбият ғакдия», «Ахуал қиямат», «Қисса-и Жаһаншаһ Тамүзша» дастандары, **Шаһниғмет Шаһсейітұлының** «Хұршаһа қыз», **Шәді Жәңгірұлының** (1865–1916) «Төрт дәруіш», «Орка – Күлше» қиссалары, **Әріп Тәнірбергенұлының** (1856–1924), **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының** (1857–1931), **Әсет Найманбайұлының** (1867–1922), **Мәулікей Жұмашұлы, Ораз молла, Мұсабек Байзақов** (1849–1932), **Кете Жүсіп Ешниязұлы** (1871–1916), **Мансүр Бегежанұлы** (1875–1933), **Мәделі қожа** ақындардың шығармалары, **Тұрмағамбет Ізтілеуовтің** «Рүстем – Дастаны», **Шәкәрімнің** «Ләйлі – Мәжнүні», т.б. көптеген төлтума дастандар мен өлеңдер қазақ сөз өнеріне жаңа мазмұн, жаңа пішін, стиль мен модель әкелді. [9, 39–40].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Күмісбаев Ө. Нәзира. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырған: З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.
- 2 Әуезов М. Шығармалары (12 томдық), 11 том. – Алматы, 1969.
- 3 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана : Фолиант, 2004. – 480 б.

4 Күмісбаев Ө. Қисса. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырған: З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.

5 Рағұзи. Қисса-сұл-Әнбийя-и. Адам Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Татар тілінен аударған Р. Мұқанова. – Алматы : «Арда», 2006 – 224 б.

6 Күмісбаев Ө. Дастан. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырған: З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.

7 Сейітжанов Қ. Қ. Алтын Орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы («Мұхаббат-нама», «Хұсрау-Шырын» поэмалары негізінде): филология ғылымдарының кандидаты диссертациясының авторефераты. Ғылыми жетекші – Қыраубаева А. – Астана, 2003 – 28 б.

8 Қожакеев Т. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 1993.

9 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың төркіні мен қалыптасуы: автореферат доктора филологических наук. – Алматы, 1997. – 55 с.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МОДЕРНИЗМ. КЕЙІПКЕР МЕН ҚОҒАМ САБАҚТАСТЫҒЫ

КАНАПИНА Г. Ж.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адам баласымен бірге келе жатқан үрдістердің бірі – жаһандандудың ұлы қазақ елінде де басталып кеткеніне біраз жылдардың болғаны жалған емес-ті. Шынымен де жаһанданду жағдайында шет елдерде орын алып жатқан толықтырулар мен өзгерістердің немесе қандай да бір тың дүниенің барлығы дерлік өзге елге де септігін тигізбей қоймайтыны белгілі. Соның ішінде әлемдік әдебиетте де орын алып жатқан жаңалықтардың көпшілігі төл әдебиетімізге өзгерістерімен енетіні шындық. Сондықтан да әлемдік деңгейде танылатын ұғымдардың барлығының қазақ әдебиетінде де жүруін зерттеушілер мақұл көріп, керісінше жаңа, тың дүниені енгізу жаңалықтың легіне айналдырғандары рас. Соның нәтижесінде түрлі терминдер тізімге тіркеліп, түсініктердің де түрленіп жатқаны мәлім.

Аталмыш мақаламызда жаһандық өзгерістер кезіндегі әдебиетке енген түрлі ағымдардың қаншалықты төл мәдениетімізде орын алып, кейіпкер мен қоғам арасын қамтып отырғаны туралы айтылмақ. Сол ұғымдардың бірі модернизм екендігін біреу білсе, біреу білмес. Жалпы, модерн – нақты бір тарихи дәуір ғана емес, ол тарихты төменгі пішіннен жоғарғы пішінге қарай әрлететін үдеріс ретінде қарастыратын нақты дүниетанымдық позиция болып табылатыны да жалған емес. Сондықтан да аталмыш терминді жаңаға бағытталған, өткеннің адасуын түзеуге тиіс, болашақ қоғамның фундаменті бола алатын дәуір деп түйіндеп айтуға негіз бар [1].

XX ғасырдың басында рухани сана дағдарысы кезінде пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың атауы ретінде белгілі болған модернизмнің сол уақыттағы қазақ әдебиетіне де өз желін есіп кеткенін жоғарыда атап кеткен ек. Онда адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы, қатігездігі жайлы ойлар сөз етілген болатын. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов әңгімелерінде, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов шығармаларында трагедиялық бейнелер бой көрсете бастағаны рас. Жалпы адам баласының өмірдегі панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін, табиғатты жатыснұын бейнелейтін шығармалар 1960–1980 жылдары қазақ әдебиетінде көбірек кездескені туралы көптеген мәліметтер бар. Жоғарыда аттары аталған ғұламалар шығармаларындағы кейіпкерлер түп-тура сол замандағы қоғамды, қоғаммен қоса адамды да суреттеп берген-ді.

Жалпы біз сөз етіп отырған модернизммен қатар жүретін постмодернизм тәрізді әдеби стильдер өткен ғасырда зерттеліп, өзіндік орнын әдебиетте ойып тұрып алып алған-ды. Ал қазақтың жазба әдебиеті кешеуілдеп дамығандықтан, қазақ әдебиетінде модернизмнің бар жоғы ұзақ жылдар бойы күмән тудырып келді. Ол қазақ әдебиетіне «бөтен стиль» деген теріс пікірлер болған. Ортада қалыптасқан пікірді жоққа шығарып, жаңа дүниенің әдебиетте сіңісіп кетуіне септігін тигізген ғалымдардың ішінде профессор Бақытқамал Қанарбаева бар. Зерттеушінің «Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм» деп аталатын зерттеуі сол күдікті сейілтп, кеңестік дәуірде, қазақ әдебиетінде де социалистік реализм дәстүрінен тыс үлгілер болғанын дәлелдеді. Сондықтан кітап осы қалпында ғылыми-зерттеу ғана емес, жоғары оқу орындарының студенттеріне көмекші оқу құралы ретінде таптырмайтын зор еңбек болып отырған жайы бар. Зерттеуші– ғалым осыған дейін де 2010 жылы «Қазақ әдебиетіндегі модернизм» деп аталатын көмекші оқу құралын жарыққа шығарған еді. Бұл кітапта

модернизм жайлы жалпы түсінік бере келіп, одан тарайтын әдеби ағым түрлерімен таныстырып, қазақ акын-жазушыларының еңбектеріне талдау жасаған [2, 12].

Мысалы, Дулат Исабековтың «Сүйекші» деп аталатын шығармасында тек өз заманының ғана емес әр замандағы адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық концепциялары сөз болады. Жалпы шығарманы талдау арқылы онда кездесетін қазіргі кездегі адами құлдыраудың формалары анықталады. Осыған орай қазақтың адамтану және адамды бағалау философиясы негізінде жазушы қалыптасқан социалистік реализм әдісіне өзгеше қырынан келіп, кеңестік кеңістіктегі әдебиетке қозғау салуға үлес қосқандығы туралы айта кетпеске болмас. Негізінде ұлттық модернизм ұлттық рух, ұлттық сана түсініктерімен қатар келетіндіктен аталмыш ұғым тұрасындағы идеясын ашық немесе емеурінмен білдіре отырып, кейіпкердің шығарма кейіпкерінің белсене күреспесе де жеңіп отыруын ұлттың жан сырынан, ділінен іздегені байқалып отырады. Келтіріліп отырған мысал жоғарыдағы ұлттық модернизм туралы берілген түсінікпен сабақтастып жатқандығы айтпаса да түсінікті шығар деген ойдамын. Жалпы қазақ ұлтының өмір сүретін философиясы арқылы ұлттық мінез сипаты сараланып қазақ реализмі танылған-ды.

Жалпы, жаһандану заманындағы жаңаша жазудың үлгісін аға буынның өзі көрсетіп келеді. Тәуелсіздік тұсындағы көркем прозамыздың өзінен көптеген көркем шығармаларды жаңалық ретінде айтуға негіз бар және олардың кейіпкерлері қаншалықты сол қоғамда болып жатқан өзгерістермен астарлас болып келетінін түсіне білу де жөн. Мысалы, Ә. Нұрпейісовтың «Соңғы парызы», М. Мағауинның «Жармағы» кезінде үлкен дүмпу туғызғаны да мәлім. Қоғамдық санаға қозғау салғаны да үлкен жауапкершілікті қамтып отырғаны белгілі. Т. Нұрмағамбетовтың «Мешкейінін» идеялық салмағы аса ауыр, ерекше туынды болып келетіні былай тұрсын, Т. Әбдіктің «Ақиқаты», «Парасат майданы» ұлттық сөз өнерін биіктеткен, ұпайын түгендеп, еңсесін көтерген повестер болып табылады. Әсіресе осы Т. Әбдіктің шығармаларын стильдік, формалық, идеялық серпін әкелген шығармалар қатарына қосуға болады. Өйткені, онда дәстүрлі әдебиеттегідей таптаурын дүниелер көп емес. Оқиғаны ғана емес, ойды да шебер ойната біледі. Жармақ... бір нәрсенің екіге тепе-теңдей бөлінуі немесе бір ұғымның екі жағы болуын қарастыру болып табылады.

Мұхтар Мағауиннің аталмыш шығармасында Шыңғысхан төңірегіндегі тарихи талас та айтылады, сөз болады. Романның басты кейіпкері – Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков және оның жармағы Марат

Бейсенұлы Қазыбековтер. Романның өн бойы тола қиял мен мистика болғанымен, негізі шынайы өмірден алынған. Яки бұл жерде қоғам мен кейіпкер ұғымы өте қатты тығыз байланыста болып отырғандығын көруге болады. Адамдар қақ жарылып, бүтіннің бөлшегіне айналып жатпаса да, әр адам өз ішінде ұдайы екі ойдың жетегінде жүретіні, әр кезде екі жолдың жолауында тұратыны айтпаса да ақиқат. Басты рөлдердің бірі – Иман Қазақбайға да тиесілі. Қазақбай әлдебір журналдың бас редакторы қызметін атқарып, ел үшін, ұлт үшін жанын салады, кейін сонысы үшін қоғамға сүйкімсіз боп шеттеп қалатыны да баяндалатын шығармада елден Иман кетіп, ылғи имансыздар қалса, қазақтың (Қазақбайдың) құрығаны. Бірақ, Иманның өзі кетсе де, көзі кетпейді, ол Мұратты тәрбиелеп кеткендігін суреттейді. Мұрат имансыз Маратқа қарсы күреседі. Кейде әлсіздік танытып, жеңіледі, кейде жеңеді, кейде тіпті «ү» әріптік қазақы ұлы қасиеті «а» әріптік бөтен пиғылға ауысып, Мұрат Маратпен тұтасып кетеді, қайтадан екеуінің арасы жарылып, иманды жолға қайта түседі [3, 21]. Демек, аталмыш шығармада автор қазіргі қоғамдағы болып жатқан елеулі оқиғаларды тілге тиек етіп, оқырмандарымен бөліседі. Және же қоғамдағы адамдарды шығармадағы кейіпкерлер арқылы бейнелей отырып, нақты қоғам індетін ашып көрсете біледі. Бұл тек бір ғана мысал. Ал олардың саны өте көп.

Сонымен қатар, Д. Амантай, Т. Кеңесбай, М. Омарова, С. Сағынтай, Е. Әбікенұлы, Ә. Байбол т.б. сынды прозашылардың шығармашылығында жаңалықтар легінің көп екендігін ақпарат парақтарынан біліп отырамыз. А. Елгезек, Е. Жүніс, Т. Таңжарық, Б. Қарағызұлы, Ы. Дәбейлердің буыны әдебиетке өз жаңалығымен келгені де рас. Осы буынның өлеңдерінен формалық-стильдік ізденістердің ізі анық көрініп-ақ тұрады. Оны біріміз қабылдармыз, біріміз қабылдамаспыз. Бұл енді рецептивті факторларға тәуелді. Сосын формалық-стильдік жаңалығы бар туындылардың бәрін мінсіз туынды дей алмаймыз. Пішіні мінсіз болғанмен, мазмұны жұтаң өлеңдер мен әңгімелер көп. Мысалы, Ерлан Жүністей ақынның туындыларымен танысып, берілген тақырып жайында ақын шығармаларын сабақтастырған едім. Ерлан Жүніс – дүние күрсінгенде пайда болған ақын [4, 34]. Сондықтан да өзін бәріне кінәлі, жазықты сезінеді. Әлемнің бір бұрышындағы әділетсіздік те, ғаламдағы ғалауаттар да жүрегін сыздатып, аш жүректерді тойындырғысы, жалаңаштарды киіндіргісі келеді. Ол өлеңнің нәзіктігін, әлемнің сұлулығын, сөздің шыншылдығын, сұлулардың көз жасын, сәбилердің тыныштығын күзететін қарауыл. Теңіздің толқыны, қараша тұманы,

сәуірдің жанбыры, найзағай жарқылы барлығы дерлік оның жыр жазатындығынан хабардар. Оның өзіндік әлемі бар.

Ақын өзінің «Болашаққа хат» деген өлеңінде болашаққа қаратпа жасау арқылы біраз дүниенің басын шолады [5, 39]. Бір сәтке тұрмайтын ғасырмен, мыңжылға бергісіз сәттермен оны өткергенін ерекше жырлап жазған-ды. Жыласа да, күлсе де, мұнайса да ақынның өзі болашақпен бірге екендігін жеткізе білген Ерлан Жүніс арманның елесіне де өзін теңеп қоятынын жасырған емес еді. Болашақта өзінің туғандығын да қалың оқырманына ескерте кетіп жап-жарық жұлдызбен нұрланғанын айту арқылы жанын, арын, тұлғасын бүгінгі жоқ тауларға шығарып, теңізге жуғандығын да астарлы ойлары арқылы сипаттап береді. Жүрегінің болашақта сақтаулы екендігін де айта кетіп, еліне деген құрмет пен зор махаббатты аталмыш хат арқылы суреттеуі ақын жазуындағы ерекшеліктің бірден бір сипаты деп білуіміз былай тұрсын, барша оқырмандарына елді сүюге шақырған ақын ғасыр дертін тіліне тиек етеді. Елім деген жастардың азаюын меңзеу арқылы, ұлтжандылыққа шақыратын ақындар – қазіргі жаңа заман батырлары. Сондықтан бұл жерде де қоғам мен кейіпкер арасы тығыз байланыста болып тұр.

Еліміз жаһанданып, жазарымыз жаңарғанмен, төл әдебиетіміз мәңгі тұрақты болсын деген ниеттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Уикипедия» ашық энциклопедиядан алынған мәлімет//24.09.2015.
- 2 Тойлыбаева Н. Қазақ әдебиетіндегі модернизм, – Алматы, //Тіл білімі// 2018, 36 б.
- 3 Оспанов Е «Мағауиннің «Жармағы»» мақаласы // 21.09.2017 жыл.
- 4 Есполов Р «Ерлан туралы бірер сөз»// Қазақ әдебиеті газеті 14.02.2016 ж.
- 5 Жүніс Е, «Үміт жырлары» Хан тәңірі баспасы, – Алматы, 2014 жыл.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУ

ҚАСЫМОВА Қ.
магистр, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.
КАРИПЖАНОВА Г. Т.
ф.ғ.к., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

XX ғасыр әдебиетінің дамуын сөз еткенде аз жасап, көп мұра қалдырған дара ақындарымыздың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына үлкен баға бере аламыз. Лирика жанрының шеңберінде белгілі бір лирикалық қаһарман сезімін жоғары деңгейде көрсетудің жүйелі іске асуы Абайдан басталғанын ескере отырып, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сол дәстүрді жаңа бір биікке көтергеніне арнайы көңіл бөлген жөн. С. Торайғыров жеке адам сезіміне үңілгенде, заман талабына, ел билеушілер орнатқан қыспаққа, шектеуге орай тұспалдау, шарттылықты кеңінен қолданды. Ақынның «Шәкірт ойы» өлеңінде ой ашық айтылады:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін.

Бұл өлең тікелей оқуға үндеу, дидактикалық амалға басым. Шығарманың ерекшелігі ретінде жас өркенге арналған үгіт астарсыз, тура беріледі және оқырман қауымға түсінікті. Ақын бұл шығармада идеяны тікелей үгіттеумен ғана бермей, сонымен бірге көркемдік жағынан өзіндік жеткізу тәсілін қолданады. Мысалы, «қараңғы» сөзі надандықтың символы ретінде берілсе, «көк» алмастыруының (метонимиясының) белгілі бір биіктік, жетістік нышаны ретінде алынады, сол заңғарға өрмелеп шығу лирикалық қаһарманның қайтпас қайсар мінезін, тынымсыздығын танытуға септігін тигізеді. «Күн» сөзі бостандықтың символы ретінде қолданылады. Ақынның «күн болам» дегені лирикалық қаһарманның қаншалықты мықты екенін айқындаумен бірге, кейінгі ойларға тірек қызметін атқарады. «Мұздаған елдің жүрегін//Жылытуға мен кіремін дегендегі «мұздаған» сөзінде құбылыстың жеке бір қырын анықтау, заттылық, нақтылыққа иек арту да жүзеге асады. Сонымен қатар «мұздаған жүрек» тіркесі метафоралық тіркес болып келіп, тіркес құрамындағы «мұздаған» сөзі есімшелі эпитет болады.


С. Торайғыровтың бір шумақтан құралған «Жүрек» атты өлеңі лирикалық қаһарманның жан– толғанысын береді.

Туламашы, жүрегім,
Барасың тулап кіміне?
Тар тағдырдың тасқыны,
Су толтырған ініне.
Дүниенің тұрмысынан өтіл, жүрек,
Менен кетіп, азаптан құтыл, жүрек.

Мұндағы «Туламашы, жүрегім» дегенде шарттылық бар. Ақынның жүректі жылап емес, тулағанын, яғни ерекше қасірет иесі екенін көрсетеді. «Тар тағдырдың тасқыны» дегендегі «тағдырдың тасқыны» -метафоралық тіркес. «Су толтырған ініне» дегенде ақын тығылып жатқан жүректің әбiгерлікке салыну күйін бейнелейді. Ал соңғы екі тармақта «жүрек» сөзінің қайталануы эпитафия көрінісін береді.

Бұл аталған көркемдік ерекшеліктер ақынның шеберлігінің дәлелі. Ал жалпы алғанда, С. Торайғыров өз өлеңдерінде лирикалық қаһарманның ішкі күй– жайын, толғанысын ерекше жақсы ашқан.

Пәні:	Қазақ әдебиеті
Сабақтың тақырыбы:	С. Торайғыров «Кім жазықты»
Оқу мақсаты:	Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау (Б/С 2)
Сабақтың мақсаттары:	Барлық оқушылар орындай алады: Алдын ала оқушыларға осы туындыны оқып келу және мына сауалдарға жауап әзірлеу тапсырылады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: шығарма мазмұны бойынша (заман туралы) өз пікірін айтады. Кейбір оқушылар орындай алады: кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстыра алады.
Ойлау деңгейі:	Қолдану, талдау
Бағалау критерийі:	Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып байланыстырады.
Тілдік мақсаттар:	Сөз тіркесі, мақал – мәтел, бейнелеуіш сөздер. Сөздік: үкі, тымақ, домбыра,
Құндылықтарға баулу:	Жақындарына қамқорлық көрсету. Жауапкершілік. Үлкенге құрмет, кішіге ізет
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, музыка, сурет
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	Шығарманың тақырыбы мен идеясын біледі.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар												
Сабақтың басы 5 минут	3 минут. Психологиялық ахуал «Шаттық шеңбері» арқылы оқушылар бір – біріне тілек айтады. 2 минут. Топқа бөлу (мозайка құрау арқылы) Әр оқушыға кейіпкерлердің бейнесі суреттелген кима қағаздары беріледі. Оқушылар сыныпты аралап жүріп кима қағаздардан кейіпкерлердің бейнесін құрап, сол құрамда топқа бөлінеді.	Кима қағаздар, интербелсенді тақта.												
Сабақтың ортасы 33 минут	5 минут. Ширату жаттығу. Күту ағашы Оқушылар осы сабақтан күтілетін нәтижелері туралы ойларын оқып, күту ағашына апарып іледі. 14 минут. ТЖ. 1 – тапсырма Сюжеттің құрамдас бөліктеріне бөлімдегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлерді сәйкестендіріңіз.	Күту ағашы, стикер												
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Сюжеттің құрамдас бөліктері</th> <th>Сюжет бөліміндегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Оқиғаның басталуы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Байланысуы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Шиеленісуі</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Шарықтау шегі</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оқиғаның аяқталуы</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Сюжеттің құрамдас бөліктері	Сюжет бөліміндегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлер	Оқиғаның басталуы		Байланысуы		Шиеленісуі		Шарықтау шегі		Оқиғаның аяқталуы		Оқулық, интербелсенді тақта, үлестірме карточка
Сюжеттің құрамдас бөліктері	Сюжет бөліміндегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлер													
Оқиғаның басталуы														
Байланысуы														
Шиеленісуі														
Шарықтау шегі														
Оқиғаның аяқталуы														
	<p>14 минут. ЖЖ. 2 – тапсырма «Венн диаграмма» әдісі бойынша кейіпкерлердің бейнесін шынайы өмірмен салыстырыңыз.</p> 													

Астына Әсемкерін мініп алып, Үкі тағып, тымағын алшы салып, Домбыра, сауықсайран, өлең құттап, Қызды, қызық жиынға қалмай бар Буынын мықынынан ырғаң басып, Бой салмай шаруасына тиіп қашып. Маңында беті тәуір қыздарменен Жүруді мақтан қылды қалжыңдасып	Жәмила тұрмысынан босаң, шіркін; Білмеді ұстап, ұқсатып үйдің мүлкін Ішінен көлденең жұрт ойлаушы еді: "Әжібай қалай ұнатсын, бұлар салақ	Бұл тармақтар семья бақытсыздығы себебі ерке өскен ер бала әрекетінде ғана емес, жасынан еңбек тәрбиесінде шындалмаған қыз бала жұмысына байланысты туындауы қтималдығын аңдатады. Бұдан шығатын түйін: болашақта адамдар бақытты, жарастықты өмір сүруі үшін, ұлы да, қызды да жасынан еңбекке, адалдыққа, жауаптылыққа баулу қажет [2].
Сабақтың соңы 7 минут	4 минут. Кері байланыс Күту ағашына жазып ілген күтілетін нәтижелері туралы ойларына жеткендіктерін немесе жетпегендіктерін қорытындылап айтады.	Күту ағашы
	3 минут. Бағалау 	Смайликтер
Қосымша мәлімет		
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Шығармадағы көріктеуіш (эпитет) сөздерді кім тауып дәлелдейді? Тенеу? Кейіптеу? Рең әдемілігі? Шөп биіктігі? Құс ерекшелігі? Көптік ұғым? Мақтанып кара түнде нұрын шашқан, Айдың да өлеусіреп түсі қашқан. Торсыққа ақ боз үйден қымыз құйып, ... Жан-жағы көк майсалы шалғын томар. Мөп-мөлдір түскен кісі жаурап шығар.	АКТ-мен байланыс

<p>Барынша қолдау көрсету: кейіпкерлерді атап береді. Орташа қолдау: Кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстырады. Қолдау көрсету аз: сюжеттің барлық құрамдас бөліктерін табады.</p>		
---	--	--

Ойлау деңгейі	Тапсырмалардың реті	Бағалау критерий	Дескриптор
Қолдану	1	Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды.	сюжеттің құрамдас бөліктеріне бөлімдегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлерді сәйкестендіреді.
Талдау	2	Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып байланыстырады.	кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырады.

Шығарманы талдау барысында арнайы берілген сұрақтар бойынша оқушының тапсырмаға дайындығы тексеріліп қоймай, сонымен қатар өз ойын айтып, шығарманы талдай алуына ықпал етеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Торайғыров С. Шығармалары, 2 том, – Алматы, Ғылым, 1993 ж.
2 Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлы. Әдебиетті оқыту мәселелері. 2010 ж., 230 б.

I. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

ҚАСЫМОВА К.

магистр, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

КАРИПЖАНОВА Г. Т.

ф.ғ.к., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бүгінгі дамыта оқыту принципі проблемалық оқытусыз мүмкін емес. Ал проблемалық оқыту проблемалық ситуациясыз, іздендірерлік сұрақ-тапсырмасыз жүзеге аспақ емес. Мұның бәрі бір-бірімен сабақтас, өзектес.

Көркем әдебиетті оқытудағы басты мақсат оқушылардың жалпы ой-өрісін, әдеби білімін дамыту, оның бойына адамгершілік асыл қасиеттерді егу. Шындығында мектепте кейде көлемді шығарманың мазмұнын айтумен шектелетін жағдайлар аз емес. Оқушының мазмұнын жалаң баяндауы оны жалықтыруы мүмкін, оқушыдан

тек мазмұнын сұрамай, оқиға желісін талдай отырып, жетекші сұрақтар арқылы идеясын ашып, баяндалған жайттың мәніне үңілмес, сабақтың маңыздылығы артар еді. Осы мәселердің шешімін біз Қ. П. Жүсіптің еңбектерінен табамыз. Ғалым С. Сейфуллин поэмаларын оқытудың жолдарын, І. Жансүгіровтің «Құлагерін», С. Торайғыровтың поэмаларын, т.б. көлемді туындыларды оқытудың жолын анықтап берді десек, асыра айтқан болмайды деп санаймыз. Эстетикалық талғамын арттыру. Қ. П. Жүсіп ұсынған сұрақ-тапсырмалар осы мақсаттарды көздеген [1].

Шығарманы творчестволықпен оқи білген, эстетикалық талдауға үйренген оқушы қандай күрделі қиын сұрақ-тапсырмаларды болсын орындай алады. Сұрақ қоя білу – дамуға орта құру, қоршаған ортаға бейімделу, қажеттілік туғызу, тіл дамыту. Қ. Жүсіп өзінің әдістемелік еңбегінде дастанды сұрақ қоя отырып талдап, негізгі идеясын ашып, кейіпкерлерінің бейнесін ашуда, шығарманың тілдік ерекшеліктерін талдауда жақсы қолданған.

Қ. Жүсіптің І. Жансүгіровтің «Құлагер» дастанын талдаған сабақ жоспарының үлгісіне назар аударсақ, әдіскер алдымен дастанның тақырыбына, оның қазақ әдебиетінде алатын орнына, көтерген мәселесі мен құрылысына, кейіпкерлеріне тоқталып өтеді. Мұғалімдерге тікелей жол сілтейді. Ғалымның сауалдары баланың тілін дамытып қана қоймайды, эстетикалық танымын кеңейтеді, оқушының әдебиетке, әдебиет арқылы туған жер табиғатына, туған еліне деген сүйіспеншілігін оятады.

Сонымен қатар әдіскер ғалым мұғалімнің қол көтерген оқушылардан ғана сабақ сұрауын дұрыс санамайды. Кез келген мұғалімнің сыныптағы оқушылардың орташа, нашар үлгеретіндердің ізденбей қалып қоюына жол бермеу керектігін ескертеді. Мұғалімнің бар оқушының толық қатысуын қадағалап, әр қайсысына жеке таратылған өлең жолдарына белгі қоюын талап еткені дұрыс деп санайды. Оқушылар үзіндіге өзіндік белгілерін, өз ұйғарымдарын қойып шығуын қадағалағаны дұрыс. Алдымен нашар үлгеретінді тұрғызып, белгілі бір сөзге, не сөз тіркесіне қандай белгі қойылғанын сұрау, кейін оның жауабын басқалардың толықтыруына, демек әркімнің өз әріптесінен қаншалық қалып қойғанын бағамдауына мүмкіндік беру керектігін айтады [1].

«Мұғалім сөзі» деп оқытушының оқушыға қояр сауалдарын да ұсынады. Оқушылардың «ықтимал жауабын» келтіреді. Оқушылардың толық сабаққа тартылуы, әр оқушының ойын жеткізе алуына жағдайдың жасалуы сабақтың нәтижелі болуына әкеледі. Бұдан әрі оқушылардың

бірі бастап, екіншілері өрбітуі, мұғалім жетектеуі, түйіндеуінің, бәрін ықтимал жауап есебінде жинақталады.


Міне, осындай ізерлеп нақты талдай білулерден кейін барып, оқушылар табиғат әсемдігіне, ақынның сөз қолдану шеберлігіне ден қойып, шығармадағы негізгі түйінді, зейнеттілікті, озықтықты сақтау идеясын қабылдауға дайындалады. Оқытушы бұдан кейін әрі табиғат сұлулығын, әрі ақын бейнесін танытарлық үзінділерге көңіл бөлгізеді

Шығармада тек табиғат әсемдігі мен ақын шеберлігі ғана оқушы назарында болмайды, сонымен бірге оқушы сюжет бойынша шығарма қаһармандарына баға беріп, кейіпкер образын ашу үшін де еңбектенеді. Мысалы, осы туындыдағы Ақан мен Батырашқа оқушылар баға береді.


«Мұғалім жауаптарды жинақтап, қорыта келе, айтылған ұйғарымдар ішінде Ақанда әрі намысқорлық, әрі аздап мақтансүйгіштік те орын алғанын атап көрсетеді. Одан әрі оқытушы Батыраштың донайбат білдіруінен кейін есе жібермей қайтарған Ақан жауабына үнілтеді [1].

Өз тәжірибемізбен бөлісер болсақ,

Тақырыбы:	І. Жансүгіров «Құлагер дастаны» (1сабақ)
Мектеп:	мектеп-гимназия КММ
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып	
Қатысқан оқушылар саны:	
Қатыспаған оқушылар саны:	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау (7 ТЖ1)
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар орындай алады: поэманың мазмұнын баяндайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: поэманың негізгі ойы мен идеясын анықтайды. Кейбір оқушыларорындай алады: поэма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды.
Ойлау деңгейі:	Түсіну, талдау
Бағалау критерийі:	Шығарманың тақырыбын, мазмұнын айтады. Поэманың негізгі ойы мен идеясын анықтайды. Шығарма желісі бойынша сұрақ дайындайды. Шығарманы сатылап талдайды.

Тілдік мақсаты	Сөз тіркестері: Кейіптеу: өмір күшті уын аяды ма, қанды ор боп қалады, қызыл тілім кісендеулі. І Әңгітег – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Сүм өмір, ку өмір, қыран көз, тас жүрек, найза қия, сүм садақ, түнерген тау. Тенеу – құбылыстың басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Ертегідей, қойдай өріген, Меккедей, ашуы жауған қардай, шөккен нардай, оқ жыландай. Сұңқардай , жолбарыстай, аш бөрідей, атқан тандай, бар сұлулық жиылғандай. Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып – жақындату негізінде астарлы тын мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. «Сорлы иеннің бұлағы», «тірегі көңілімің» – ауыстырма тіркестер болса, «бәйтерегім» – ауыстыру. Себебі бұл сөздер шартты ұқсастыққа негізделген, ауыспалы мағынада алынған баламалар. Ал, бұл ауыстырулардың ерекше әсерлі естілу себебі: сөйткен бұлақтың суалуы, соншалық сүйеніш ағаштың құлауы – бәрі орны толмас апатты жайып салады. Анафора әдісі арқылы поэманың бояуын күшейтіп, естілу қуатын арттырған. Сөздік жұмыс: түсінбеген сөздердің мағынасын түсіндіріп беру										
Құндылыққа баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.										
Пәнаралық байланыс:	Тарих, қазақ тілі										
Тақырып бойынша алдыңғы білім:											
Сабақтың барысы											
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар									
Басы	<p>Уақыт 8 мин</p> <p>Ұйымдастыру. 3 мин. «Ер қаруы-бес қару» суреттері бойынша топқа бөлу (айбалта, шокпар, садақ, қылыш, найза).</p>  <p>Жағымды ахуал тудыру (бағалаушыны тандау) Оқушыларға жақсы қасиеттер жазылған стикерлер таратылады: Ақылды арусын. Әділ бағалаушысын. Жауапты жансын. Жаңашыл адамсын. Ізденімпаз оқушысын. <i>Әділ бағалаушысың деген жазбасы бар стикер түскен оқушы алдағы жұмысты бақылап, бағалаушы роліне енеді. БФЕ шаблонны толықтырады:</i></p> <table border="1"> <tr> <td>Б</td> <td>Басымдылық (артышылық белгілері)</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ф</td> <td>Факт (нақты, қызықты)</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Е</td> <td>Ескертпе (ұсыныс)</td> <td></td> </tr> </table> <p>Қызығушылықты ояту. 5 мин. Бейнефильмнен үзінді. Оқушылар сабақтың тақырыбын болжайды.</p>	Б	Басымдылық (артышылық белгілері)		Ф	Факт (нақты, қызықты)		Е	Ескертпе (ұсыныс)		<p>Слайд. Интербел-сенді тақта. Стикерлер Кеспе қағаздар</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=kyKSW6mBjME</p>
Б	Басымдылық (артышылық белгілері)										
Ф	Факт (нақты, қызықты)										
Е	Ескертпе (ұсыныс)										

Ортасы	32мин	<p>Мағынаны тану.3 мин. -І. Жансүгіров деген кім? -Қандай шығармаларын білесіздер? Аудиокітап. Оқушылар поэманың мазмұнымен танысады. 5мин 1-тапсырма.10 мин. «Әдеби шеңбер» стратегиясы арқылы келесі тапсырмаларды орындаңыздар: Талқылаушы-шығарманың тақырыбын,мазмұнын айтады. Белгілеуші-шығарма желісі бойынша сұрақ дайындайды. Байланыстырушы-өмірмен байланыстырады. Топ шешені-поэма барысында кездескен түсініксіз сөздерді белгілеп, мағынасын ашады. Қорытындылаушы-жырдың негізгі идеясын айтады.</p> <p>Сергіту сәті, би қимылы. 2 мин.</p> <p>2-тапсырма. 10мин. Қ. П. Жүсіп еңбегіне сүйене отырып алдау. Қ. Жүсіптің І. Жансүгіровтің «Күлагер» дастанын талдаған сабақ жоспарының үлгісіне назар аударсақ, әдіскер алдымен дастанның тақырыбына, оның қазақ әдебиетінде алатын орнына, көтерген мәселесі мен құрылысына, кейіпкерлеріне тоқталып өтеді. Мұғалімдерге тікелей жол сілтейді. Ғалымның сауалдары баланың тілін дамытып қана қоймайды, эстетикалық танымын кеңейтеді, оқушының әдебиетке, әдебиет арқылы туған жер табиғатына, туған еліне деген сүйіспеншілігін оятады. Мысалы: 1 Жалпы тіршілік салтанатын білдіретін сөз бен сөз тіркесінің астын сызып, үстіне «1» деген сан көрсеткішін қою. 2 Тыныштық белгісі. 3 Пәктік, күнәсіздік нышаны. 4 Жұмсақтық деңгейі. 5 Рең әдемілігі. 6 Су тазалығы. 7 Су екпіні және молдығы. 8 Тау биіктігі. 9 Көріктеуіш. 10 Тенеу. 11 Ауыстыру. 12 Алмастыру. 13 Кейіптеу. 14 Ұлттық өрнек. 15 Көптік белгісі. 16 Қарабайыр сөз. 17 Тәттілік сипаты. 18 Дерексіз ұғымды заттандыру. 19 Дерексіз ұғымды жандандыру. 20 Шарттылық.</p>	<p>Интербелсенді такта,</p> <p>Kitap.kz</p> <p>Үлестірмелі қағаздар, таратпа кестелер</p> <p>Интербелсенді такта (өнің әуенімен)</p>
--------	-------	---	--

		<p>10 Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді, 53 шумақты. 11 Тармақ – Өлеңніңаржолы, 583 тармақты. 12 Бунақ – Белгілібірдауысырғағаменбөлінуі, екі, үшбунақты. 13 Буын саны – сөздіңқұрамындағыдауыстыдыбыстардыңсанынабайланысты, 11 буынды. Жу ре гі мен зарлымынжаралыға 14 Ұйкастүрі. Қараөлеңұйқасы(-а-а-б-а) Ұйқас – өлеңмазмұны мен тамырласкеліп, соғанерекшесөз, әуенберетінөлеңтармақтарындағысөздерүндестігі. 15 Әдебиеториялықұғымдар: Эпитет – заттың, не құбылыстынайрықшабелгісін, қасиетінбілдіретінбейнелісөз. Сүмөмір, куөмір, қыранкөз, тасжүрек, найзақия, сұмсадақ, түнерген тау. Тенеу – құбылыстынбасқанөрсеменсалыстыруарқыл ысипаттаутәсілі. Ертегідей, қойдайөрген, Меккедей, ашуыжауғанқардай, шөккеннардай, окжыландай. Метафора – екінәрсені, құбылыстысалыстыружәне жанастырып – жақындатунегізіндеастарлытынмағ ынаберетінбейнелісөземесөзтіркесі. Сарыарқа – сарыдария, артында – ор, алдында – көр, жан-жағы – жау, аузынанжалыншашқан, қартқыран, жасбарыс. 16 Түсіндірмесөздік Кебе – қабамағынасында. Көбе – сауыт. 17 Өлеңніңнегізгітүіні, тәрбиелікмәніелін, жерінқорғайтынұлтжандызаматтәрбиелеу. Кері байлаыс. 2 мин. Әр топтың әділ бағалаушыларына сөз береді. Топ оқушыларының жұмысы бағаланады</p>	
Соңы	5мин	<p>Рефлексия. 5мин. «Бес саусақ» әдісі Бүгінгі сабақтан не алдыңыздар?</p> <p><i>Рефлексия</i></p> <p>мақсат қойдым ойладым 5 саусақ тәсілі Л. Зайерт</p> <p>келісемін, жана ақырат таньдым (қандай?) бақыладым, сөйедім Білдім</p> 	

Бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор
Поэманың мазмұнын баяндайды. Поэманың негізгі ойы мен идеясын анықтайды	1	<p>Оқушы</p> <ul style="list-style-type: none"> -шығарманың тақырыбын, мазмұнын айтады -шығарма желісі бойынша сұрақ дайындайды -өмірмен байланыстырады -түсініксіз сөздерді белгілеп, мағынасын ашады -жырдың негізгі идеясын айтады.
Поэма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды.	2	-шығарманы талдайды.
Барлығы		

Саралау	Бағалау	Денсаулық және қауіпсіздік
<p>Деңгейі орта оқушылар ақын туралы қойылған сұрақтарға жауап береді, поэманың мазмұн желісін біледі.</p> <p>Деңгейі жақсы оқушылар шығарманың тақырыбын, мазмұнын айтады, шығарма желісі бойынша сұрақ дайындайды, кейіпкерлердің қасиеттерін оқулықтан тауып анықтайды.</p> <p>Деңгейі жоғары оқушылар шынайы өмірмен байланыстырады, салыстырады, бағалайды, жырдың негізгі идеясын ашады, шығарма желісін сатылап талдайды.</p>	<p>Оқушылар бірін-бірі топта марапаттап, қолдау көрсетеді.</p> <p>-Мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі.</p> <p>-<i>Әр топтың әділ бағалаушыларына сөз беріледі. Топ оқушыларының жұмысы кері байланысарқылы бағаланады</i></p> <p>– «Бес саусақ» әдісі бойынша бүгінгі сабақтан не алғандығы жөнінде рефлексия жасалады.</p>	Сергіту сәтіне би кимылы, АКТ
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау		
<p>1. Сабақ барысына өзгертулер енгіздіңіз бе? Неге?</p> <p>2. Жүргізілген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>	Жанартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу мақсатына сүйене отырып сабақ жоспарын жасадым. Оқушы критериялды бағалау және балдық тапсырмалар арқылы жұмыс жасайды.	
Қорытынды бағалау		
<p>Ең жақсы өткен екі нәрсе не?</p> <p>1. Критериялды бағалау</p> <p>2. Жек, топтық жұмыстар</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?</p> <p>1. Әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану</p>		

Поэманың идеялық-көркемдік табиғатын таныту мақсатында шәкірттерге ізденерлік, ойланарлық, шығарманың ішкі құрылымына енерлік сұрақ-тапсырмалар беру жөн.

Ал сұрақтар мен тапсырмаларға тексті творчестволықпен оқып шыққан шәкірт қана жауап бере алады. Жалпы қай шығарманы өткенде болсын сұрақ-тапсырмалар шәкірттерді текске жетектейтін болуы керек. Сол сұрақ-тапсырмалар оларды ойландырып-іздендіруді нысаны етулері керек. Дидактиканың бүгінгі талабы міне осында.

Мұғалім оқыту порцесінде, шәкірттердің білім өресіне, дағдысына, шығарманың жанрлық ерекшелігіне орай сұрақ-тапсырмаларды өзінше түрлендіріп беруіне, құрауына болады. Бірақ сол сұрақ-тапсырмалар қайткенде де шәкіртті мәтінге үнілдірсін, шығарманың эстетикалық табиғаты арқылы идеялық мазмұнын ашуға дағдыландырушы болсын. Басты мәселе – міне осында. Ал қазірде бізде жоғары кластарда сұрақ-тапсырмалардың қалыптасқан жүйесі жоқ. Әр мұғалім өзінше әрекет жасайды. Соның нәтижесінде оқыту практикасында ала-құлалық көп.

Мұғалімдердің сұрақ-тапсырмалары көбінде көркем шығарманың мазмұнын айтып беруге саяды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіп Қ. П. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар, 2011.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ЛИЧНОСТИ «МАШХУР ЖУСИПА КОПЕЙУЛЫ»

ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.

магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

ЖУСУПОВ Н. К.

д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Энциклопедия личности выдающегося ученого казахского народа, энциклопедиста посвящена Машхур Жусипу Копейулы. В этой работе впервые приводится родословие Машхур Жусипа. Сюда внесены сведения о жизни ученого, о времени в котором он жил, труды которые публиковались при жизни, произведения которые были изданы после его смерти. Статьи и исследования даны по алфавиту, по отраслям. Литературное наследие, произведения в жанре прозы, поэзии, искусства слова и статьи о жизни Машхур Жусипа, названия рассказов написанных по истории, искусству, культуре, науке, религии, философии, медицине и др., дастаны и слова, термины, эстетические, художественно-познавательные понятия подверглись всестороннему анализу [1].

Для полного раскрытия личности гения, всесторонне охвачены видные деятели которые были знакомы с поэтом лично или читали его труды выражая свои мнения, друзья и знакомые современники, родственники, потомки и некоторые исторические личности отразившиеся в произведениях акына, ученые исследователи творчество акына, организации и издательства издававшие отдельные исследования, собрав произведения Машхур Жусипа.

В энциклопедию Машхур Жусипа вошли сведения прошедшие тщательную обработку, точная информация напрямую связанная с жизнью и творчеством Машхур Жусипа.

Для создания энциклопедии взяты произведения ученого опубликованные в разные годы (1907 году Казань: изданная в издательстве Шараф матбага «Одно утешение, от долгожительства (Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз)», 1907 году Казань:

изданный в издательстве Б. Л. Домбровского «Хал-ахуал», изданный в 1907 году в Казани «Кому принадлежит Сарыарка», «1984 году с издательства «Жазушы» «Поэты пяти веков», издание избранных 1900 году в издательстве «Ғылым», 2003-2008 годах изданный в издательстве «ЭКО» «Многотомник произведений» 13 томник [2]. Географические названия, т.е. названия водоемов и населенных пунктов, исторические имена, персонажи связанные с творчеством и жизнью Машхур Жусипа даны в виде отдельной статьи.

Энциклопедия личности «Машхур Жусипа Копейулы» от начала до конца написана как закономерное продолжение 13 томника из многотомника сборника сочинений. Вошедшие сюда названия, понятия, термины, категории, общие количество которых составляет около 1700 названий, статей собранных по следующим отраслям:

- 1) Поэзия Машхур Жусипа;
 - 2) Персонажи произведений Машхур Жусипа;
 - 3) Машхур Жусип и наука литературоведение;
 - 4) Машхур Жусип и наука языкознание;
 - 5) Машхур Жусип и Восточная литература;
 - 6) Мироззрение и миропознание Машхур Жусипа;
 - 7) Географические названия в произведениях Машхур Жусипа;
 - 8) Легенды о пророчестве Машхур Жусипа;
 - 9) Издания произведений Машхур Жусипа;
 - 10) Машхур Жусип и его потомки;
 - 11) Школы, учебные заведения, культурные учреждения, музеи и др. связанные с именем Машхур Жусипа;
 - 12) Мнения ученых академиков живших в прошлом о Машхур Жусипе (М. Ауезов, К. Жубанов, С. Муканов, К. Жумалиев, Б. Кенжебаев, А. Маргулан, Е. Бекмаханов);
 - 13) Исторические события и исторические личности в произведениях Машхур Жусипа;
 - 14) Фольклор, легенды, поэты-жырау в произведениях Машхур Жусипа;
 - 15) Текстология исторических произведений Машхур Жусипа;
 - 16) О батырах в произведениях Машхур Жусипа;
 - 17) Критические статьи в в произведениях Машхур Жусипа;
 - 18) Научно-религиозные взгляды в в произведениях Машхур Жусипа;
 - 19) О пословицах и поговорках в произведениях Машхур Жусипа и др.
- Известно что проект энциклопедии был роздан на обсуждение Научным институтам Национальной Академии Наук и республиканским

высшим учебным заведениям, Главной редакции Казахской энциклопедии, специалистам языка и литературы, писателям-журналистам, историкам-этнографам, деятелям культуры, композиторам и исследователям искусства, ученым обществоведам и социологам, культурологам и теологам. Названия статей энциклопедии составлены в строгом алфавитном порядке.

Произведения и научно-исследовательские труды Машхур Жусипа, письма, статьи были охвачены все и по возможности полно. Художественные персонажи и исторические личности (жившие в реальности или их прототипы) в произведениях Машхур Жусипа введены в виде отдельной статьи. Например, Бухар жырау, Жасыбай батыр, Калкаман, Мамыр, Абай, Муса Шорманулы, Исабек ишан, Камаридтин Хазирет и др.

– Географические названия: а) места где родился и вырос Машхур Жусип: гора Акбет, Баянауыл, Аккелин, и др.; ә) места описанные в произведениях Машхур Жусипа, имеющие историческую важность: Жасыбай, Аккол, Сабындыкол, Ерейментау, Шидерти, Ертис, Каркара, и др.; б) Города где бывал Машхур Жусип: Ташкент, Туркистан, Бухара, Аспара, Самарканд и др.

– Родственники Машхур Жусипа: дети, внуки, близкие родственники и др.

– издательства и органы периодической печати публиковавшие произведения Машхур Жусипа: а) издательства (Казань, издательство «Домбровского», издательства «Ғылым», «Жазушы» и др.; ә) периодическая печать («Айкап», «Дала уалаяты», «Жулдыз», «Егемен Казакстан», «Ана тілі», «Казак адебиети», «Сарыарка самалы», и др.)

– Художники, архитекторы, скульпторы и др. изготовившие портрет, бюст, памятник и др. Машхур Жусипа.

– Имена великих личностей упомянутые, исследованные, использованные в научных трудах: (Абай, Абылай, Муса Шорманулы, Жасыбай, Бухар, Бердибек Казангапулы, Исабек ишан, Камаридтин Хазирет, Мади, Торайгыр, Таттимбет, и др.).

– населенные пункты, улицы, учебные заведения связанные с именем Машхур Жусипа (мечеть, мовзалеи, школа и др. именназванные именем Машхур Жусипа)

– Видные деятели внесшие весомый вклад в историю казахского народа (М. Ауезов, Қ. Жубанов, С. Муканов, Қ. Жумалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Маргулан, Е. Бекмаханов т.б.).

– ученые, писатели, поэты, журналисты, искусствоведы, переводчики, общественные и государственные деятели написавшие

о жизни и творчестве Машхур Жусипа художественные произведения, монографии, научные труды, литературно-критические статьи, воспоминания, рецензии и др.

– Художественные, эстетические, философские, религиозные понятия-термины, категории (поэтика, стиль, красота, надменность, человечность, кодекс чести, гуманность и др.) перекликающиеся с произведениями и научно-исследовательскими трудами Машхур Жусипа также средства художественной изобразительности (сравнения, символы, эпитет и др.) использованные в его художественных произведениях.

– защищенные диссертации и др. научные работы по жизни и творчеству Машхур Жусипа.

Во многих исследовательских трудах, отдельных книгах, статьях, в некоторых энциклопедических изданиях, посвященных проблемам литературы, языка, истории, философии, фольклора, педагогики и др. имеются множество информации о поэтах и писателях. Но отдельная энциклопедия личности посвященная жизни и творчеству известного казахского поэта Машхур Жусипа Копейулы, охватывающая все жанры и отрасли науки искусства слова, литературы и литературоведения, фольклора и фольклороведения, истории и историяведения и др. создается впервые. Давно ощущалась необходимость такой объемной работы, формирующей целостное понятие о творчестве Машхур Жусипа, собранного богатый и разнообразный материал и сведения, системно повествуя их, написавшего о национальном искусстве слова, литературе, фольклоре, истории, языке, философии, этнографии и др.

За последние 20 лет независимости в общественной жизни, в сознании народа по отношению к литературе, языку, фольклору, истории, вообще к науке и культуре абсолютно изменились взгляды и многие понятия. Раскрылись страницы, которые долгое время были закрыты, так называемые белые пятна культуры. Пришли на смену новые труды о Машхур Жусипе, написанные в современном стиле. Стали много публиковаться поэмы-дастаны, стихи-жыры древних жырау-жыршы, поэтов распротарнившихся устно и сохранившиеся в записях поэта. Из анализа проблем литературы, языка, фольклора, истории и др. Машхур Жусипа нашли свое продолжение сотни статей, книг, диссертаций и новых исследований. Ценные сведения взятые из архивного фонда, из рукописного фонда Машхур Жусипа были опубликованы. Все это ясно показало насколько велика роль и значение науки и культуры в истории, в жизни народа по сравнению с ранее сложившимися понятиями о казахской науке и культуре. Мы

думаем, что энциклопедия «Машхур Жусипа Копейулы» является одной из работ, необходимых и нужных молодежи, любителям литературы, критикам и литературоведам, языковедам и историкам, журналистам и др. которые с пользой для народа используют огромное богатство оставленное Машхур Жусипом. Превосходство энциклопедического труда заключается в его объемности, которая анализируя, собирая и систематизируя делает выводы по результатам сотен научных исследований, в его универсальном всеохватывающем понятийном описании различных документальных сведений, в емкости и адаптированности для всеобщего понимания сложных, разносторонних и больших проблем. Многие научные статьи включенные в энциклопедию личности «Машхур Жусип Копейулы» основываются на раскрытии народности для описания художественной сути, национальной особенности, общественного, познавательного характера древнего словесного искусства, традиций и обычаев, устной и письменной литературы, языка, истории, философии. Также уделено огромное внимание образцам древней литературы, явно показывающие ступени многовекового развития казахского фольклора и поэзии, поэзии жырау-жыршы XV–XIX века, сказки-легенды, жыр-дастаны влюбленных. Прогрессивное развитие и возможности казахской поэзии в XVIII века, начале XX века и нашего времени подробно рассмотрены и проанализированы. Статьи персоналии поэтов-писателей, ученых машхуроведов тоже пополнены новыми подробными сведениями. В работе на достаточном уровне показана преемственность и тесная взаимосвязь с другими народами казахской науки и культуры. Почти все авторы энциклопедии, компетентные ученые по темам написанных статей проводили специальные исследования. Многие статьи были написаны специально для этого издания, а при необходимости использования ранее написанных статей, они прорабатывались и редактировались в соответствии современными взглядами. Учтена важность понятий и терминов используемых в литературном процессе, в теории казахской литературы, в исследовательских трудах связанных с историей и критикой, особенно, вошедших и обосновавшихся в обиходе за последние годы, необходимы для понимания особенностей и природы словесного искусства.

Подводя итог, можем утверждать что многотомник под названием «Машхур Жусип Копейулы» и энциклопедия личности дала возможность всесторонне познать сегодняшний уровень науки и культуры, тем самым вызывая еще больший интерес и желание изучать жизнь, творчество Машхур Жусипа, родную литературу, язык, историю и др.

ЛИТЕРАТУРА

1 «Машхур Жусип Копейулы» Энциклопедия. – Павлодар : ЭКО. 2010 г.

2 Машхур Жусип Копейулы. Произведения 1-13 том. – Павлодар : ЭКО. 2003-2008 г.

ФИЛОСОФИЯ МЕН КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

ҚАРАТАЙ Б. А.

бакалавриат мамандығы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл білімінің философиямен байланысы ерте заманнан басталады. Тіл мәселесімен көбіне философтар айналысты. Мысалы Л. Витгенштейн сөзді ойнатты. Ежелгі гректерді тіл мен ойлау қатты қызықтырды. Тіл білімі өз алдына дербес ғылым болып қалыптасқанымен түбегейлі философиядан қол үзіп кеткен жоқ және үзбейді де. Қазіргі кездегі тіл білімінің философиясының тіл философиясы дейтін тарауымен байланысады. Бұл екеуіне ортақ нысан болатын мәселе – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысы. Олай болатын себебі ойлау мен оның заңдары – философияның негізгі проблемаларының бірі болып табылады [1, 3 б.]. Әл-Фарабидің тіл мен ойлау мәселесі қатты толғандырғанын еңбектерінен білеміз. Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным-шындық дүниенің бейнесі. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейіп түсетіні белгілі. Тілді когнитивтік бағытта зерттеуші ғалымдардың пікірлері «тіл мен таным арақатынасы адамға қатысты мәселені шешумен түйінделеді» [2].

Біз қозғайын деп отырған өте күрделі мәселе ол – философия және когнитивтік лингвистика яғни танымның байланысы. Алдымен оларға түсінік берейік., философия дүниеге адамзат өркениеті қалыптасып жатқан шақта келген-ді. Бір қарағанда, философия жөнінде әр адамның өз түсінігі бар сияқты. Өйткені адам – жануар емес, оның ішкі түйсіктері сөніп, тарихи даму барысында олардың орнына ақыл-ой, зерде келіп, тұлғаның дүниені пәлсапалауына, яғни толғауына мүмкіндік береді. Екінші жағынан алып қарасақ, философияны оқымай-ақ «әр адам өзінше философ», өйткені оның санасы бар, ол өмір жөнінде ойланып, толғана алады. Мұндай көзқарас ғасырлар бойы сақталып

келеді. Уақытында Г. Гегель адамның миымен қатар, аяқкіімнің өлшемі ретінде аяқтарының да бар екенін мысқылдап айтқан болатын. Бірақ етікшіден басқа адам: «Мен етікшімін», – деп айта алмайды. Ол үшін бұл мамандықты игеру, терінің, басқа керек материалдардың қасиеттерін білу, дизайнерлік талант қажет [3, 5 б.].

Ендігі кезекте., когнитивтік лингвистикаға келетін болсақ, басқа ғылымдар сияқты кең зерттелмегендіктен, тарихына шолу жасауды жөн көрдік. Когнитивтік лингвистика ХХ ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала бастады. Сөйтіп, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм базасында пайда болды. «Когнитивті грамматика» термині 1975 ж. Дж. Лакофф пен Г. Томпсонның «Когнитивтік грамматиканы ұсынамыз» атты мақаласында қолданылған. 1987 жылы Р. Лангакердің алғаш «Когнитивті грамматика негіздері» атты еңбегінің I томы жарыққа шықты. ХХ ғ. 90 жылдардың басында шетелдік когнитивтік лингвистика жеке дара зерттеу бағдарламалары, сәл ғана байланысы бар немесе мүлдем байланысы жоқ салалардың қатынас бірліктерін зерттеуге бейімделе бастады. Бұл зерттеу бағдарламалары бойынша Дж. Лаккофф, Р. Лангакер, Т. Ван-Дейк, Дж. Хейман т.б. үлкен жұмыс жасады. 1990 жылдың орта шенінде Еуропада алғаш рет когнитивті лингвистика оқулықтары шыға бастады. Ф. Унгерер мен Х. И. Шмидтің «Когнитивті грамматикаға кіріспе», (1996 ж), Б. Хайне «Грамматиканың когнитивті негіздері» (1997 ж.) т.б. [4].

Когнитивтік ғылым пәнінің негізгі мақсаты – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы. Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналғандығы. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілерімен ерекшеленетін концептуалды кеңістікті құрайды. Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады. Когнитивизм – адам ақыл ойын, олармен байланысты менталды процестерді зерттеу объектісі етіп алған ғылымдарға бағытталады. Қазіргі кезде ғылым салаларында «когнитивтік төңкеріс» туралы сөз

болуда. Американдық белгілі лингвист Н. Хомский: «Когнитивтік төңкеріс ақыл-ой мен мидың жағдайын, олардың адамның когнитивті болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатындығын зерттейді» (Хомский, 1999) – деп жазды [5, 5 б.]. Осы орайда, Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы когнитивтік лингвистиканы талдаған едік. Сондықтан да осы – тақырыпқа кездейсоқ келмегімізді білдіріп отырған жайымыз бар. Әл-Фарабидің ойымен үндестік тауып жатқан және оқыған М-Ж. Көпеев те өте ауыр дәуірде, аса бір қиын саяси-әлеуметтік күштердің арасындағы идеологиялық қайшылықтардың шиеленіскен және қақтығысқан тұсында өмір сүрді. Зерттеушілер бұл – кезеңнің өз қиыншылықтары барын өте жақсы біледі [6, 3 б.]. Философия ғылымдардың атасы болып саналатын, философия тарихын зерттеген Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби еңбектерінде де тілдің таным құралы бола алатындығы жөніндегі пікірлерді кездестіруге болады. Мәселен, ғұлама ойшыл Платон «Кратиль» атты философиялық еңбегінде: «белгілі бір затқа танылған атаулардың көмегімен қоршаған ортаны тану танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл жүйенің ең жоғарғы сатысы тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады» [7]. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидың таным туралы ілімінің негізгі көздеген нысанасы – ғылымның рөлін көтеру, философия мен діннің қызметін даралау, бөлу, ең бастысы өзі үлкен атсалысқан, қатысқан танудың ғылыми әдістерін (методтарын) (эксперименттік-теориялық әдіс, табиғат туралы білімдерді математикаландыру) жасау және дамыту болып табылады [8, 20.]. Әл-Фараби тактаттарында «философия уақыт жағынан алғанда «діни ілімнен» бұрын жүреді» деген қағиданы оқыдық. Оның көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымның теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Ал бұл дегеніміз философия мен когнитивтік лингвистика яғни танымның байланыстығын көрсетеді. Мысалы: Әл-Фараби Аристотель философиясын үйрену үшін қажетті шарттар туралы 9 қағиданы айтады. Соның үшіншісінде – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу – дейді [9, 28 б.]. Ғылым туралы Әл-Фараби және Мәшһүр-Жүсіптің айтқан пікірлеріне келетін болсақ, Әл-Фараби адамның мақсаты бақыт., адамның бақытқа қауышуы «белсенді сана» (*фаал ақыл*) яғни ғылымды меңгеріп, білімді болған кезде ғана болады. Әл-Фараби шығармаларында Бірінші [Тұлға] жөнінде Алла деп сену керек. Ол Екінші себептердің және әрекетшіл ақыл-парасаттың өмір сүруіне ең жақын себебі болып табылады – дейді. [10] «Барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі». Олай болса біздің өмір

сүруімізге себеп болған Әл-Фараби тілімен айтқанда «Бірінші Тұлғаны» қалайша танымауымыз керек. Адамның рухы Тәңірге ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. «Игілікке ұмтылу – тек игілік үшін болғанда ғана ең ұлы бақыт болып саналады» [11]. Мәшһүр-Жүсіпке келетін болсақ: *Құдайды да «бір» – деп, онан соң жаратқан (иаратқан) нәрсесін де «бір» – деп білуді ғылым: «Таухид» – дейді [12] «Не нәрсе парыз болса, ғылым – парыз, Ғылым білсең, отелер қаниша қарыз» – дейді [13]. Сол сияқты, ғылым, білім туралы жазғанында: Ғылым-білім немен болады? – деген сұраққа былайша жауап береді. Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады. Бұған дәлел – бұл сөз әуелі: «Ғылым мағырапта жаббар. Ғылым-білімнің ең алды – Құдай тағаланы танымақ. Демек, бұл жерде Әл-Фараби мен Мәшһүр-Жүсіп ғылымның басы Құдай Тағаланы танумен болатынын еңбектеріннен оқып, көзіміз жетеді. Осы бір-екі мысалдың түсінігіне қарағанда философия мен когнитивтік лингвистика (таным) өз ара тығыз байланыстылығы байқалады. Өткен дәуірдің философтары да философияны қарастыра отырып, соның ішінде когнитивтік лингвистиканы сырт айналып өтпейді, яғни таным құралы ретінде сөз қозғайды. Неміс философы – В. Гумбольдт, «тілдің адам болмысы мен танымның барлық аясын қамтитын адами рухтың басты қызмет екендігін баса көрсеткен болатын», француз философы – О. Конт философия өз дамуында үш сатыдан өтетінін айтады. Олар – теологиялық, метафизикалық және позитивтік. Соңғы сатысында философия тек қана жалпы ғылым және таным әдістері жөніндегі пәнге айналмақ, қалған мәселелердің бары жеке ғылымдардың үлесіне кете бермек [14, 21 б.]. Философия көп мәселенің басын қайрығанмен, негізі екі мәселеге келіп тоқталады. Бірінші – онтологиялық жағы: «Бұл дүние не?» – деген сұраққа жауап берсе, екінші – гносеологиялық, праксеологиялық, аксиологиялық жақтары: «Бұл дүниені қалайша танып-біліп, бағалап, өзгертуге болады?» – деген сұраққа жауап береді [14, 36 б.]. Қазақ ғалымдарының еңбектеріне сүйенсек, Б. И. Нұрдәулетованың «Когнитивтік лингвистика» деген кітабінде «Философияда таным теориясымен айналысатын гносеология бөлімі бар» – дейді. С. Мырзалының «Философия» – деген оқу құралында Эпистемология (Таным мәселелері) деген тарауында «Танымды» адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше іс-әрекеті – дейді. Гносеология (дүниетаным) мәселелері тарауында тағы да танымды қозғайды. «Таным мәселелеріне келгенде, біз Б. Спинозаны рационализм бағытына жатқызамыз. Ол әрқашанда сезімдік танымды ой елегінен өткізген білімнен айыру керек екендігін басым айтқан. Сезімдік таным әрқашанда бұлдыр, көмескі. Тек ақыл-ой ғана айқын*

білім береді. – дейді [14, 170 б.]. Қ. Жұбановтың еңбектерінен алынған мысалдарды қарастырып көрелік: Имя собаки Бөрбасар от бөрі (волк) и басар – причастие будущего времени от бас «давить – давящая волков» – дейді [15]. Осы мысалдағы біздің көңілімізді аударған бөрі – түркі символы. Себебі., қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді «көк бөріге» тене, сүйсініп кеткенде ел ішінде әлі де «қасқырдай» – деген тенеуді қолданады. «Көк бөрі» көне түркінің байрағана түсті. Тасқа таңбаланды. Көркем шығармаларда да бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелеп, суреттейді. Ш. Айтматов, Джек Лондон, Әуезов т.б. Еліміз егемендігін алған соң «қыран бүркіт», «қар барысы» – жыраулардың сөзінен шығып, Қазақстан Республикасының төрінен орын алды, ұлттың нышанына айналды. Таным мен тіл мәселесі туралы академик Р. Сыздықованың мына ойынан сырт айналып кете алмадық. Зерттеулерінде сөз болатын маңызды мәселелер қатарында тілдің танымдық қызметі, қоғамдық, ұлттық, мәдени нормаларды сұрыптау ерекшелігі, адам мен қоршаған әлем байланысы, олардың тәжірибе мен білімге негізделген табиғаты туралы пікір-көзқарасты құрайды. Ғалым тілдің дамуы этникалық танымның, саяи сананың, әлеуметтік өсудің негізінде жүзеге асатынын атап көрсете отырып, тілдік «жаңғырудың» алғы шарты ретінде «халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуы» – деп біледі [16].

Қортындылай келе, әрине, ежелгі дәуір философтардың еңбектерінде бүгінгі күнгі «когнативті лингвистика» – термині тұрғысына сай мәнде кей жағдайда айтылмасада, философтардың шығармаларында таным бейнесі өте ертеден қарстырғаны аталған еңбектерден, зерттеулерден көруге болады. Демек, когнативті лингвистика да барлық философтарды ежелден толғандырған мәселе екендігі байқалады. Тіл мен таным, таным мен ақыл көне замандардың өзінде-ақ философтардың басты зерттеу нысаны болған. Тіл–таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып, біледі. Сондай-ақ тіл–мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды [17]. Қазіргі заман философтарының кейбірі «танымды» – эпистемология, гносеология – деп қарастырып жүргенін айтып өтуге болады. «Философия» – деген еңбектерде «таным» мәселесі кейбір ретте жеке қаралады. Таным дегеніміз – өмір шындығын жай селқос аңғарып қана қою емес, оны қызу түрде, мақсатқа сай бейнелеу болып табылады. Танымның субъектісі – адам, қоғам. Танымның объектісі – қоршаған орта екендігі зерттеушіге белгілі. Адам қызметінің, іс-әрекетінің екі негізгі жағы, негізгі айқындықтары,

соны көрсететін философиялық категориялар [18, 100 б.]. Олай болса, философия мен когнативті лексика дүниені тану, қоршаған ортаны тану жағынан бір арнаға келіп тоғысатынын байқауға болады. Бізді толғандырған күрделі мәселе жайындағы ойымыз қысқаша осындай. Осы – ойымызды сіздермен бөліскенді жөн көрдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Қ. Тұрышев Тіл философиясы. Оқу құралы. – Семей. 2017 ж. – 154 б.
- 2 Э. М. Самекбаева. Когнативтік лингвистика Электронды құрал <https://edu.semgu.kz/data/2280/4fea3d32-1805-1805-11e5-88d8-f6d299da70eeСамекбаева%20Э.М.%20ЭЛЕКТРОН.ОҚУЛЫҚ.pdf>
- 3 Мырзалы С. Философия – Алматы: «Бастау» баспасы 2014 ж. 648 б.
- 4 Э. М. Самекбаева. Когнативтік лингвистика Электронды құрал <https://edu.semgu.kz/data/2280/4fea3d32-1805-1805-11e5-88d8-f6d299da70eeСамекбаева%20Э.М.%20ЭЛЕКТРОН.ОҚУЛЫҚ.pdf>
- 5 Б. И. Нұрдәулетова. Когнативтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 5 б.
- 6 А. Қ.Тұрышев. Мәшһүр Жүсіп – Асыл жақ. Монография –Т. 2. – Павлодар, 2013 ж. – 3 б.
- 7 Платон. Письма-М., 1972. -Т 5. – С. 43.
- 8 А. Көбесов Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы : «Санат» 2002 ж. – 176 б.
- 9 А. Машани Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл -Фараби» романы. – Алматы : «Алатау» баспасы, 2005 ж. – 352 б.
- 10 Әбу Насыр әл-Фараби таңдамалы трактаттары. «Арыс» баспасы, – Алматы, 2009 жыл., – 379 б.
- 11 Ә. Нысанбаев, Д. Кенжетай «Ислам философиясы» 4 том. Астана: Аударма, 2005 ж. – 534 б.
- 12 Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 9 том. «ЭКО» ЖШС., – Павлодар, 2006 ж. – 326 б.
- 13 С. Торайғыровтың 125-жылдығына арналған «Х Торайғыров оқулары» атты халықар. Ғыл.-тәжіриб.конф. материалдары. – Павлодар : 2018 ж. – 129 б.
- 14 Мырзалы С. Философия – Алматы : «Бастау» баспасы 2014 ж. – 648 б.
- 15 Құдайберген Жұбанұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013. – 175 б.

16 Р. Сыздықова, М. Қойгельдиев. Қадырғали би Қасымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы : «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.

17 С. Г. Тер-Минасова. «Тіл және мәдениетарлық коммуникация». – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж. – 166 б.

18 Қақтаева Г. Ә. «Философия негіздері» – Астана : Фолиант, 2006 ж. – 180 б.

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ҒҰМЫРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕР

НҰҒЫМАН М. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М. Ж. Көпейұлының шығармашылығын алғаш зерттеуші халқымыздың ардақты ұлы академик Әлкей Марғұлан «Мәшһүрдің жазғандары жеке өмірдің сыры, не өз басының сыры емес, Мәшһүр не жазса көбінесе бұқара тұрмысынан алып ылғи кедейлердің мұнын жазатын ақын болған. Сондықтан Мәшһүр көбінесе ел-тұрмысын жырлайтын, кедей тобының мұнын жақтаған, демократтық бұқара ақыны болды. Мәшһүрдің қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады» [1] – деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлсуметтік көзқарастарының негізгі өзегі – ұлттық бостандық, ұлттық бірлік, мұсылман және түркі халықтарының бірлігі мен достығы, жер мәселесі, дін бостандығы. Мәшһүрдің әлеуметтік философиясының, қазақтың саяси-философиялық ойының дамуы барысындағы орны мен ролін анықтау және ұлт-азаттық қозғалысқа тигізген ықпалын қарастыру, бүгінгі ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеу процесінде маңызды екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Оның соңына қалдырған мол рухани мұраларына тереңірек үнілер болсақ, онда М. Ж. Көпеевтің әсіресе публицистикалық шығармалары әлі де болса толық зерттеле қойған жоқ деп айтуымызға әбден болады. Жоғарыда айтқанымыздай, оның публицистикасын екі салаға бөліп қарастырамыз. Біріншісі – өлең түрінде жазылған публицистикалық шығармалары. Өлең түріндегі публицистикалық дүниелеріне 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптарын жатқызамыз. Әуелгі сөз осы еңбектері жайлы болмақ.

Бұл екі кітаптағы өлеңдердің мазмұны ұқсас. Екеуінде де ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының қоғамдық-саяси, шаруашылық өмірі жазылған. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабының, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан өзгешелігі – мұндағы бір бөлім қара сөзбен жазылған. Өлеңдерінің негізгі түйіні – патша империясының отаршылдық езгісінен құтылу. Мұнда Ресейдегі саяси-шаруашылық өзгерістердің қазақ өміріне әсері баяндалады. Ғасыр басындағы Қазақстанның саяси өмірі мен әкімшілік-басқару құрылымы, ұлттық психологиясы жан-жақты ашып көрсетілген.

Ақының шығармашылық ғұмырбаянының төлқұжаты ретінде ереуқшеленетін «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітабы 6 өлең топтамасынан тұрады. Бірінші өлең 9 бөлімнен құрылған. Екінші өлең тақырыбы «Қара өлең», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «3 рет сөз» (13 бөлімнен құралған), «Сәлем хат», «Жалғанда таппай бір...»

Ақын шығармашылық ғұмырбаянында оқыған азаматтармен достығы, олармен ағартушылық мәселесі турасындағы байланысы оның шығармашылық өсуінде шешуші мәнге ие. Қазақ оқығандары үшін сол кездің басты мәселесі – отаршылдықты жою еді. Сол жолда күрескендерді Мәшһүр Жүсіп былай деп жырлайды:

Бар құдай бізге жарық таңынды атыр,
Болар ек, атса таңың біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында білесіз бе, неден жатыр. [2]

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіптің айтып отырған ерлері кімдер еді? Патша езушілеріне қарсы үн көтерген адамдар қазақтың ақсүйектері арасында да аз болмаған. Үкімет саясатына қарсы шығып, ұлт мүддесін көздегендерді патша чиновниктері қызметтен аластатып, қуғынға түсірген. Сондай қуғын көрген азаматтар қазақ жерінде де болған.

Ақын шығармаларында өмірде болған, етене араласқан азаматтарға арнаған өлеңдерінен ақынның сол кездегі ғұмырбаянын анық түзуге болады. Олай болса, сталиндік репрессия, кейінгі тоқырау жылдары тұсында ақсүйек әулеттерінен шыққандар қуғын көріп, баспасөз бетінен орын ала алмады. Сөйтіп, олардың есімдері архивтерде шаң басып жатып қалды. Сондай басты тұлғалардың бірі – Поштаевтар әулетінен шыққан азамат. Мәшһүр ол туралы «Сәлем хат» өлеңінде былай деп жазады: [2, 163]

Қарадан хан боп өткен бабаң Поштай,
Қолына жұрт билігін туған ұстай.

Халқына бақташы боп болған қорған,
Шарықтап ағып түскен қыран құстай.
Поштаймен қатар шығып Шоң мен Шорман,
Сонда бір түзу заман болып тұрған.
Наурызбай, Кенесары толқынында,
Поштай еді көп жұртқа болған қорған.

Сөйтіп, Мәшһүр Жүсіп қазақ қоғамының жан айқайын түсіне білді. Бұл өлеңде аты аталған адамдардың барлығы да патша өкіметі тұсындағы қазақ қоғамына соншалықты кең танымал болмаса да, ақын өмірінде сыйлы, қадірлі адамдар ретінде дараланады. Тіпті, олардың кейбір жанқыжылтан әректтерін ол ашына жырлады. Қазақтар босқа даурығысып, күр мансапқа таласып жүргенде, ел мен жерді орыстар басып алып, қоныстанып жатқандығын айтты. Ол қазақтың ата қонысының қолдан кете бастағанына күйінеді. Жұрттың күйзелген қамын ұлт ынтымағы арқылы түзетуге болады деп ұғынады. Бұл айтылған деректер Мәшһүр Жүсіп шығармашылық өмірбаянының алғашқы кезеңін құрайтыны сөзсіз.

Қаламгердің шығармашылық өмірбаянның түзу ісінде оның публицистикалық шығармаары да ереше маңызға ие. Мәселен, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының алғашқы тарауы қара сөз үлгісімен жазылған. Бұл тарауды С. Дәуітов еңбектің кіріспе бөліміне жатқызған. Бірақ, біздің пікірімізше, бұл кіріспе бөлім емес, жеке бір тарау себебі, бұл тарауда ауқымды мәселелер көтеріліп, өзіндік ой-тұжырымдар қорытындыланған. Тақырып аясы да «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деп аталынуы да кіріспеден өзгеше.

Осы бөлімде шығармашылық өмірбаянымен қоса, тіпті тарихтан, этнографиядан көп мәлімет беріледі. Мақала публицистикалық сарынмен, оның үстіне тарихи еңбек түрінде жазылған. Бұл екі сала бір-бірін толықтырып, суреттелетін құбылыстар мен оқиғалар мағыналық тұрғыдан үндесіп, тарихи-публицистикалық очерк түрінде келген. Бұл публицистикада сол күннің басты назар аударып отырған қоғамдық-саяси мәселелері көтерілген. Соған әлеуметтік тұрғыдан талдау жасалған.

Мәшһүр Жүсіптің оқиғаны баяндау желісі өзгеше. Жай ғана хабарлай салмай, әрбір мәселені философиялық оймен, тарихи деректер тұрғысынан баяндайды. Шығарма шешендік тілмен жазылғандықтан, оқырман түсінігіне жеңіл. Еңбек «Күн батысы – Сырдария, күн шығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу (Семиреченск өзені), солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дешті Қыпшақ атанған қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан тоқсан екі ру

ел тарайды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деген мақал болған себебі сол...», – деп басталады [2, 163].

Осы сөздерді түйсіну барысында әр адамның көз алдына қазақ елінің жағрафиялық картасы елестейді. Кітапта Сарыарқаның келбеті – дала табиғаты суреттелген. Төрт өзенді жазғандағы айтпақ ойы – қазақ даласының оңтүстік-солтүстік, батыс-шығыс шекараларының мызғымай, ата-бабалардан ауысып, ежелден келе жатқандығы. Даланы иеленбек болған шет жұрттың басқыншыларға қарсылығы тарихи фактілермен дәлелдеп, этнография мен топонимикалық деректерді өз орнында қолдануы арқылы білдіреді. Жалпы шекара мәселесі, туындай қалған жағдайда, Мәшһүр сияқты шежіреші-философтардың еңбегіне сүйенген жөн. Себебі, олардың шығармаларына бізге беймәлім жер-су аттары молынан ұшырасады. Әрі, тың деректер тарихи фактілермен дәлелденген. Біз ақын өмірінде орын алған әлеуметтік мәселелерді атап, айқындап алмай, оның авторлық лабораториясын, шығармашылық ғұмырбаянын анықтаймыз деуміз бос әурешілік болмақ.

Ең көне жырлардың бірі – лиро-эпостық «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігін Мәшһүр Жүсіп қазақ әдебиетінде тарихи тұрғыдан тұңғыш зерттеген деп айтуымызға болады. Автордың өзі бұған: «өлеңнің аяғында «Қара оба», «Сары оба» деген екі төбе – Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Бұл екеуі де қазақ байлары.

Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баянсұлудың туған жері – Баянауыл тауы. Бұл таудың атының Баянауыл қойылған себебі «Баянауылы» атанып кеткендіктен. Сол қыздың қарқарасы жоғалып, түсіп қалған жері «Қарқаралы-Қазылық» аталған. Домбырасы мен бет-моншағы түсіп қалған жері «Тоқырауын-Жәмшім» атанған. Сандығы түсіп қалған жер «Алтын сандық-Ақшатау» атанған. Аттарының шідері түсіп қалған жер «Жауырбоғы» атанған. Қайыр, бұл сапар қазағы жер аты – бәрі қазақтың ата-бабасының аттары», – деп анықтама берген. [3] Шығарма баяндау тәсілімен жазылған. Сөз болатын объекті – Сарыарқа даласы, қазақ халқы. Әңгіме Дешті Қыпшақ жерін суреттеуден бастап, қазақ халқының жоңғарлармен, қалмақтармен болған шайқастарда баяндаумен жалғасады. Одан әрі нақты оқиғаларға байланысты қазақ даласында сақталып қалған ескерткіштермен жер-су аттарының шығу тегі түсінікті тілмен жазылған. Бұрынғы заманда болған оқиғаларға Мәшһүр Жүсіп өзінше топшылау жасаған. Бұл шығармада әрбір жер-су аттарына байланысты фактілер жиналып, аңыз-әңгіме түрінде берілген. Оқиғалардың тізбегі баяндау түрінде берілсе де, шығарма мазмұны бұзылмай, ой шашырамай, оқырман тез қабылдайды. Қай оқиғаны

баяндаса да Мәшһүрдің айтпақ болған негізгі идеясы – қазақ халқының жат жұрттық басқыншыларға деген азаттық күресі, халық патриотизмі.

Қай публицистикалық мақаласын алсақ та осы идея алдымыздан шығады. Қалмақтармен, ноғайлармен, Бұхара, Хиуа хандықтарына қарсы азапты, ұзақ жылға созылған ұрыстарда да қазақтың ұлт ретінде сақталып қалуы – ата-баба жерін жау қолында қалдырмау ұраны. Бұл ұранмен талай батырлар жау қолында мерт болған.

«Ата-бабамыз қалмақтан не үшін қырылды? Кейінгі үрім-бұтағына жер-су алып беремін деп қырылды. Жалғыз менің ата-бабам емес, жер-суға таласып көп қазақ қырғын тапты. Сол себепті бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып еді. Біреу-біреуге сонынан қалмаса «атаңның құны бар ма еді» дейді ғой. Сондай-ақ, атаның құны болғаны үшін жер-судан айырылып, қаңғып, қоныссыз жүргеніме ішім күйіп өлсем де ойымнан кетер емес. Баянауыл тауын қалмақтан еріксіз алған Жасыбай мен Олжабай еді. Жасыбай өлді де, Олжабай қалды. Жасыбай асуының алдында Жалаңтөс деген баласына қыстатып, Олжабайдың өзі Аяз басқан деген асуға қарсы қыстап еді. Дүние деген, шіркін, көшпелі екен. Қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған кейінгі үрім-бұтағына олжа салған ең алдында мұжықтың поселкесінің аты болды. Олжабай қаласы атанған қала, ереймен тауы – Олжабайдың өлген жері. Содан бір сөз. Ата-бабасының қаны қойдың қанындай ағып, алып берген жерінен үрім-бұтақ балалары көзінің жасын төге-төге қаңғып кете берді.»

Бұдан кейінгі сөз болар оқиға – XIX ғасырдың орта кезіндегі қазақ тәуелсіздігі үшін күрескен Наурызбай, Кенесарының орыс басқыншыларымен соғысы. Әр кезеңнің батырлары өз халқын аман сақтау үшін жан аяспас ұрыстарға бара білген. Шығарманың композициялық құрылымының бүтіндігі соншалық, әрбір сөйлемнің ара-жігі ажыратылмайды, барлығы бір түйінге келіп тіреледі. Оны мына бір төмендегі мысалдан айқын аңғартуымызға болады:

«Біздің Сарыарқадағы қазаққа: «қазақ бізге бағын, бізге қара», – деп ақ патшадан жарлық алып шықтым деп Иван Семенович деген келді. Қазақ саған қарамайды, маған қарайды деп ол екеуінен басқа қазақтың өз ішінен Кенесары, Наурызбай деген шықты. Олар:

Бағынба қазақ орысқа,

Бағынсаң қазақ орысқа.

Осы бастан амандас,

Сарыарқа деген қонысқа, [3, 166]

– деп ұрандады.

Осы замандағы қазақ жақсылары кенесті де Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады және қытай елшісімен сөйлеспеді.

Жерімізге тимесең, солдат алмасаң, саған қараймыз деп, құдайшылығы бар дап, ақ патшаға өз ықтиярымен қарап, бағынады».

Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында ғұмырбаяндық өзек болар материалдармен қоса қазақ халқының Ресей империясына қарауын өз заманында болып өткен тарихи оқиғаларға байланысты түрлі деректерді де жан-жақты суреттеген. Сол кездегі екі жақты психология, екі топ арасындағы тартыс орыс ұлықтарының пайдасына шешілді. Олар бос жатқан жер деп емін-еркін пайдалана бастады. Бұл шығарма XIX ғасырдың қоғамдық-саяси жағдайын дұрыс түсіне біліп, талдап көрсетуімен құнды. Ол бұл еңбектің отты екпіні мен жоғары эмоционалдығынан көрінеді. Бұл орайда: «Осы күнде байқап қарасақ, қазақта ешкімнің есесі жоқ. Ол қалайша жоқ десек, қазақ жерін қала салумен бір алды. Бастықтарының уазифасы (усадыба) деп ағашты, шабындық жерлерді ат қойып, учаске деп ала берді. Қазақ жерін өзі тастап кете алмай неше жыл бойы көгіне ақша төлеп, қысы-жазы малының қорегі үшін сатылып, кедей болды. Бүйтіп сатып жеп қалайша күн көреміз деп суырма жонға қыстап еді. Жан сақтап, күн көріп жүрген жерлерін мұжық келіп егініне лайықты етіп алды.

Қазақ ұлтын қорлаудың шегіне жеткен түрі осы. Бұл шығарманың кульминациясы да осы жолдарға келіп тіреледі. Қазақты қонысынан аударғаны, ел билейтін азаматтарына билік бермеуі, малын тартып алуы былай тұрсын, енді патша отаршылары жергілікті халықты өлтіруге кірісті. Отаршылдықтың ең жабайы әдісі – халықты аяусыз қыру. Қазақтың басына да осы ауыр күн келді. Туғанын мұжық өлтірген соң қазақ амалсыздан басқа қоныс іздеуге мәжбүр болды. Қазақ жоғары әкімдерге арыздана алмайды. Себебі, оның құқы жоқ. Қазақтың сөзін чиновник тындамайды, көзге ілмейді. Бұл – Ресей империясының жергілікті халық құқығын аяққа басқан, отаршылдық саясатының көріністерінің бірі. Мәшһүр Жүсіп өзі көріп отырған қиянатты ашына жаза отырып, Ресей бұғауына бекер түстік деп күйінеді. Әділетпен, ел басқарған бұрынғы билер жолын аңсайды. Ол заманды «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды», – деп аңсайды [3, 167]. Бұл айтылғандар, ақынның арман-мүддесі ғана емес, сол кездегі орын алған тарихи жағдайларды өзгертуге қайрпат көрсете алмас дәрменсіздігінен де танытады. Бірақ, бұл айтылғандарды келешек ұрпақ алаш ұраны етіп, әрі өзінің шығармашылық ғұмырбаянын түзуде үлкен маңызға ие екендігін ишаралайды.

Мәшһүр Жүсіп отарлық саясаттың қазақ ұлтының дәстүрлі ел билеу тәсіліне кесірін тигізгенін жазады. Орыс отаршылары халықты құлдыққа ұстау үшін, әдейі бұрынғы ел билеу дәстүрін жойып,

ауылнайлық, болыстық билеу жүйесін кіргізді. Орыс чиновниктері надан, топас адамдарды ауылнай, болыс сайлап қояды. Елде сөйтпін қазақ ұрпағы аза бастады. Елде надан, жалқау, өсекші, жағымпаз адамдардың көбеюіне әкелді. Қазақ жұртының ғасыр басындағы азып-тозған халін Мәшһүр Жүсіп көрсете білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алдабергенов Қ. М. Арын Е. М., Баткеева Б. Т. «Бір туар дара тұлғалар», – Павлодар, 2003, «Эко», 165 б.
- 2 Көпеев М. Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Өлең, әңгімелер жинағы. Қазан. 1907. 26 б.
- 3 Сүтжанов С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар. «Эко», 2001. 37 б.

NEW ALPHABET – NEW OPPORTUNITIES

ORAZALIN B. N.

Master of Philology, Innovative University of Eurasia, Pavlodar

IMAMBAYEVA G. Y.

academic adviser, Doctor of Philology Science

The importance of a language in our life... It is a unique fingerprint of a nation; its identity code. Therefore, to save, develop and popularize a language, a language must be the priority of any government. The former President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, approved, by his decree, an alphabetic system for the Kazakh language based on the Latin script. On February 19, 2018, amendments were made to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «on the transition of the Kazakh writing system from the Cyrillic alphabet script to the Latin alphabet script.»

Kazakhstan gained its independence 28 years ago and since then, a lot has been done to support the Kazakh language because before independence its support had been poor. Majority of the people in big cities, especially in the northern parts of the state, uses Russian in their everyday life. You might not know Kazakh, but knowing Russian is kind of a polite practice. The government did a lot to solve the problem; by increasing the number of schools teaching in Kazakh, organizing free Kazakh language courses for adults, and giving more space for the Kazakh language in mass media. The new Latin alphabet system is one way to motivate Russian speakers to learn and use Kazakh.

Nowadays about 80 % of the world's population uses the Latin graphics, and about 70 % of all information in the world are spread in the Latin alphabet. We need to enter this modern information space and increase our competitiveness. Switching to a Latin script will lead to the modernizing of Kazakhstani society's minds and to a Kazakhstani spiritual revival.

Switching alphabets is not new to Kazakhstan, as it had changed its official script several times before. Kazakh was written in the Arabic script until 1920 when it was replaced by the Latin alphabet. In 1940, it was substituted to a Cyrillic one.

Today's Kazakh alphabet based on Cyrillic has 42 characters; 33 of them are borrowed from the Russian-Cyrillic alphabet and nine characters are created for specific Kazakh sounds.

The new alphabet based on the Latin script has 32 letters, with some specific sounds of the Kazakh language to be covered with the use of apostrophes. There are six letters with such apostrophes: A', G', N', O', U', Y'.

There are great prospects for the transition to the Latin alphabet. For example, a switch to Latin script is a godsend for IT specialists. IT specialists have said that «many databases and software don't support Kazakh letters and it is difficult to use them to search for things». Another problem with Cyrillic letters is that they take up twice as much memory space. «For example, if Latin letter A needs 1 byte, then letter A in Cyrillic will take 2 bytes» reports programmers.

Political expert Kuat Dombay sees advantages of Latin script for the Kazakh language not only in phonetics, but also in logistics: «To search for 44 letters on a cell phone and on the keyboard is a struggle».

In addition, most cell phones do not support nine characters for specific Kazakh sounds, and it forces users to type text with mistakes. For example, instead of «Сәлеметсізбе. Қалыңыз қалай?» one usually text with «Салеметсізбе. Қалыңыз қалай?» These are just two sentences of greetings which contains 4 mistakes and if we consider how modern youths write SMS everyday, it could badly effect the literacy of Kazakh youth. The new alphabet based on the Latin script would easily solve this problem.

Kazakhstan is not the first turkic-speaking country that adopted the Latin script. Turkey shifted to the Latin alphabet in 1928, and it took only several months to complete this transition. Azerbaijan changed its alphabet in 1991, Uzbekistan and Turkmenistan in 1993. Therefore, the Turkic world has a great deal of experience regarding this issue, which Kazakhstani scholars used while creating the alphabet in order to avoid the mistakes and difficulties other Turkic countries had faced. The chief specialist, academic

of The Azerbaijan Languages Institute, Fahrettin Veiselli, says that he is not satisfied with the current Azerbaijan alphabet. According to his articles the diacritical signs «ǧ», «ə», «ç» in the alphabet should be replaced by letters with apostrophe and digraphs. For example, instead of «ç» it would be more convenient to use digraph «ch» in technological term. It is easy to find digraphs than diacritical letters on mobile phones or on computer keyboards. Hence, using digraphs and apostrophes in creating the new Kazakh alphabet is a logically justified step.

The entire Turkic world warmly welcomed the idea of Kazakhstan's transition to the new alphabet. Nursultan Nazarbayev believes that adopting the Latin script will help to unify the Turkic nations. He expressed this opinion of his on the Summit of Turkic countries which took place in Kyrgyzstan in 2018.

So, in conclusion, we can say that Kazakhstan is not the only Turkic speaking country that changed its alphabet and certainly not the last. The new alphabet will support the native language and it will be in demand among the local people. Other advantages to switching to the Latin alphabets are, it will unite and tighten the bonds of the Turkic speaking nations and integrate Kazakhstan with the rest of the world.

СӨЗТҰЛҒА СИНТАКСИСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САТЫБАЛДИН А. С.

казак тілі мен әдебиеті магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ Павлодар қ.

Тіл білімінде жаңа тілдік бірліктердің пайда болуы өздігінен бола бермейді. Бұл құбылыс тілдік бірліктердің даму үдерісі нәтижесінде қалыптасып, тарихи даму кезеңдерін басынан кешіріп, тілдік жаңа ұғымның өмірге келуіне септігін тигізеді. Тіл ғылымында жаңа ұғымдар мен бірліктердің пайда болуы сол ғылымның жаңа саласынмен тығыз байланысты екені түсінікті. Атап айтқанда, тіл білімінің синтаксисі, оның ішінде сөзтұлға саласында жан жақты зерттеуді қажет ететін жаңа синтаксистік бірліктер бар. Осы жаңа бірліктер сөзтұлға синтаксисі зерделеуі қажет еткен мәселені тудырып отыр.

Қазақ грамматикасын, оның ішінде синтаксисті зерделеп жүрген тілші-ғалымдар еңбегінде синтаксистің зерттеу объектілерінің сипатына қарай осы ғылымды 4 салаға жіктегендігі белгілі. Олар: сөз және оның формасының синтаксисі (сөзтұлға), сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисі және мәтін синтаксисі. Сөз және оның формасының

синтаксисі (сөзтұлға) сөздер арасындағы формалар арқылы байланысқа түсу заңдылықтарын қарастырады. Синтаксис ғылымының басты ұстанымы сөздердің өзара бас құрап байланысқа түсуі, белгілі тәртіп негізінде құрылымдық бірігуі ретінде қабылдайтын болсақ, осындай заңдылық сөзтұлға синтаксисінде де сөз болады. Екі сөздің басы қосылған жер синтаксис дегеннен аулақпыз, алайда олардың арасында синтаксистік заңдылықтарға тән белгілер мен ерекшеліктер болса, синтаксис табиғатына жақын сөздер объектісі болса, онда бұл аталған ғылым саласының зерттеу мәселесі болатыны сөзсіз. Синтаксистің кенжелеп зерделенген сөзтұлға саласында соңғы жылдары жаңа тілдік бірліктердің қылаң беруімен байланысты мәселелер пайда болды. Сөзтұлға синтаксисі зерттеуі тиіс мәселе сөз тіркесі синтаксисі нысанына айналып келді. Оның басты себебі – жаңа тілдік бірліктің «сөз тіркесіне» ұқсас болуынан деген ойдамыз.

Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтардың «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты еңбектерінде қазақ тіліндегі тіркес атаулыны үш топқа бөледі. Олар: еркін тіркес; түйдекті тіркес; тұрақты тіркес. Сол сияқты кейінгі жылдары сөз тіркестерін тілші-ғалымдар мынадай үлкен екі топқа бөліп, қарастырып жүр. Олар: еркін тіркес және лексика-грамматикалық тіркестер. Лексика-грамматикалық тіркестерге атаулық, тұрақты, шектеулі, түйдекті тіркес түрлері жатады. Аталмыш тіркестердің барлығы бірдей сөз тіркесі болып табылмайды. Аталған тіркестер (еркін тіркестен басқасы) сөз тіркесінің құрамына сол тобымен еніп, күрделі сөз тіркесін құрайды.

Жоғарыда аталған тіркестерге ұқсас, алайда өзіндік белгі-ерекшелігіне қарай сөз тіркесінің ешбір түріне жатқызуға келмейтін, тілдік табиғаты мен тегіне қарай сөзтұлға синтаксисі зерделеуі тиіс жаңа бірліктер жиі кездеседі. Мәселен, Қасеннің өзін де ақтар *екі рет* қолға түсіріп, жон арқасынан таспа тіліп азаптады. (Р. Токтаров) Осында қарамен берілген тіркесті қазіргі қазақ тіл біліміндегі атаулық, тұрақты, түйдекті, шектеулі тіркестердің ешбіріне жатқыза алмаймыз. Сөйлем құраушы сөз тіркестері: Қасеннің өзін (матаса байланысқан есімді сөз тіркесі), екі рет қолға түсіріп, жон арқасынан таспа тіліп азаптады (етістікті күрделі сөз тіркесі), аталмыш сөйлемде үш сөз тіркесі барын байқадық. Сырттай қарағанда «екі рет» сөз тіркесіне ұқсас болғанымен, оның лексика-грамматикалық сипаты мен синтаксистік құрылымы бұрынғы тіркестерден мүлде бөлек. «Екі рет» сөз тобының тіркесу қабілеті, тіркесімдік ерекшелігі сол, ол сөйлем ішінде бір синтаксистік тұлға ретінде жұмсалып, бір сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрады. Алайда бұл тіркесті жеке сөз ретінде қарастырмау

керек. Оның құрылымы өзге тіркестерге ұқсас болғанымен, өлшем-белгілері арасында үлкен айырмашылықтар бар. «Екі рет» тіркесін синтаксистік талдауға салсақ, онда синтаксистік байланыс түрі: сабақтас байланыс; синтаксистік қатынас түрі: предикаттық емес, оның ішінде анықтауыштық; синтаксистік құрал түрі: аналитикалық тәсіл, оның ішінде орын тәртібі амалы арқылы болады. Онда «екі рет» тіркесі еркін тіркеске айналар еді. Алайда бұл тіркестің ерекшелігі сөйлем ішінде ғана айқындалып, жеке сөзбен тіркесу арқылы синтаксистік байланысқа түседі. Біз мұндай синтаксистік жаңа бірлікті сөзтұлға саласында талдауды жөн көрдік. Жаңа бірлік сөйлем ішіндегі сөздердің өзара жымдасып, бір-бірімен түйісуі арқылы жаңа сөзтұлға, яғни синтаксистік бірлік жасап тұр.

«Екі рет» секілді тілдік бірліктердің бұрын тіл білімінде кездессе де, оның табиғатына ұқсас синтаксистік тұлғалардың болғаны шүбәсіз, тек оны тілші-ғалымдардың түрлі сөз тіркесі, әсіресе күрделі сөз тіркесі құрамында қарастырып келгендігімен түсіндіруге болады.

С. Аманжолов «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» атты еңбегінде сөз тіркесін «сөз тізбегі» деп атап, оны қызметіне, мағынасына, тұлғасына қарай лексикалық және синтаксистік деп екіге жіктейді. Синтаксистік сөз тіркесіне іштей жасалу жолына қарай 4 түрге бөледі. Сонда шылаусыз жеке сөздерден құралатын күрделі мүшелерге мынадай мысал келтірілген: Планды *үш есе* орындады. Мысал сөйлеміндегі «*үш есе*» синтаксистік бірлігін сөзтұлғаның жаңа ұғымына енгізуге болады. Себебі бұл толық мағына екі сөздің тіркесі және бұл тек сөйлем ішінде, әсіресе, сөйлемді құрылымдық-семантикалық жағынан талдайтын болсақ, «үш есе» сөзі бір сөйлем мүшесі болады да, бір синтаксистік қызмет атқарады.

Б. Сағындықұлы «Синтаксиске кіріспе» атты оқу құралында «*үш есе*» мысалына дәлел болатын жаңа тілдік бірліктерді «сөйлемшілік тұрақты тіркестер» деп атап, олардың өзге тіркестерден айырмашылығын былайша сипаттаған: «Бұлар басқа тіркес түрлерінде болатын өлшемдерге сәйкес құрылмаған. Сөйлемшілік тұрақты тіркестердің түйдекті тіркестен айырмашылығы сол, жеке тұрғандағы сыңарлар мағынасы сақталады. Ал атаулық тіркестен әр сыңардың басқа-басқа сөз табынан болғандығымен ерекшеленсе, фразеологиялық тіркеске тән лексикалық тұтасым мұнда жоқ» жазған.

Сөз тіркестері сөйлем жасаушы материал деп қарастыратын болсақ, сөйлем ішінде ғана өзара байланысқа түсетін әрі еркін тіркеске сыртқы формасы ұқсас синтаксистік сөзтұлғалар барына көзіміз жетеді.

Аталған синтаксистік жаңа сөзтұлға үлгілерін лексика-грамматикалық тіркес қатарына жатқызуымызға да болады. Себебі оның өзіндік ерекшелігі лексика-грамматикалық тіркес табиғатына ұқсас. Қараңыз:

- лексика-грамматикалық тіркес сыңарлары өзара сөз тіркесін құрамайды;
- сөз тіркесінің құрылыс материалы болып табылады;
- екі немесе бірнеше сөздің өзара тіркесіп, сөз тіркесінің бір ғана сыңары болады;
- құрамы грамматикалық талдауға түспейді;
- ортақ сұраққа жауап береді.

Синтаксистік сөзтұлғаға мысал болатын жаңа бірліктің басқа тіркестерден өзіндік айырмашылық белгілері:

1 Толық мағынасы бар кемі екі сөздің өзара бір синтаксистік тұтастық құрай байланысқан тіркес болуы;

2 Тіркесімділік табиғатына қарай сөйлем құрамында ғана қалыптасатын тіркес болуы;

3 Бір синтаксистік бірлік ретінде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқаруы.

4 Күрделі сөз тіркесінің бір сыңары ғана болуы және сөз тіркесінің басыңқы немесе бағыныңқы сыңары қызметін атқара алуы.

Сөзтұлға синтаксисіндегі жаңа тілдік бірліктің құрамы да әртүрлі. Жаңа бірліктерді құрылымдық-семантикалық жағынан қалыптарға жүйелеп, зерттей келгенде олардың негізінен екі құрамды болып келетіндігін байқадық. Төмендегі мысал сөйлемдердегі қарамен айқындалған сөздер тобы сөзтұлға синтаксисінің жаңа тілдік бірліктерін мысал болып табылады. Қараңыз:

1 Бас бухгалтер әйел де, кассир қыз да түрегеп тұрып қызмет етіп, **бір жарым** айлық жалақысын шып-шырғасын шығармай түгел санап, алақанына салып берді.

2 **Бір жылдары** сол қолының басы білезігінен кесілген адамға қайыңның безінен ойып, саусақтары ашылып-жұмылатын көдімгі қол жасап беріп, бұл өңірде жоқ ісмерлігі аңыз боп шартарапқа жайылып кеткен.

3 Бұл онымен бір бұл емес, үйде оңаша қалған кездерінде де әлденеше рет болған жағдай.

4 **Бір қиырдан** сағымға оранып шалынған ақ пароход күшті ағынға қарсы тепектеп жеткенше бие сауымдай уақыт өтті.

5 Үйлердің жыртық-тесігінен тамшы ағып, төсеніші түріліп, малға да, жанға да ұлтарактай құрғақ орын қалмаған мазасыз **бір шақ** туып тұрған.

6 Терезе түбінен біреулер қауқылдаса жөнкіліп өтіп жатыр еді, әлгіндей болмай жайшылықта бас сұға қоймайтын жетім үйге мезгілсіз уақытта киіп-жара, **бір топ** ауыл адамдары кіре берді.

7 Қасеннің өлімімен бітпейті, бір әулетке ғана келген нәубет емес, **әр азамат** басына жағалай төнген індет екен, бір көк шолағы, он қойы бар орташа тап жауының құйыршығы атанып еді, енді «халық жауы» деген бір сұмырай сөз тіркесі шығыпты.

8 Қыз күнінде сүзекпен ауырып, қазіргі **әр талы** жылқының ту қылындай кемпірдей қара шашы жидіп түсіп қалып, келер жаз бақсыға көрінгесін бұрынғысынан да тығызданып қайта шығыпты.

Синтакситік жаңа бірліктердің жасалу жолдарын төмендегіше көрсетуге болады:

- Зат есім мен зат есімді түйіспелі тіркестер;
- Үстеу мен зат есімді түйіспелі тіркестер;
- Есімдік пен зат есімді түйіспелі тіркестер;
- Сан есім мен зат есімді түйіспелі тіркестер;

Синтаксистік жаңа бірлік құрамындағы сөздер синтаксистік қатынастан алшақтап, лексикалану үдерісін басынан кешіп, уақыт өте сөйлем ішінде дайын бір ұғымды білдіретін жеке сөзге айналуы да өбден мүмкін. Алайда ол өзгеріс уақыт еншісінде.

Жоғарыда талданған сөзтұлға синтаксисінің жаңа бірлігі – тілімізде үздіксіз жасалып жататын тілдік құбылыс, сондықтан олардың жасалу ерекшеліктерін, тіркесу қабілетін анықтау және тілдегі қызметін қарастыру сөзтұлға синтаксисі мәселелерін, қазақ тілі грамматикалық құрылысының толық сипатын ашуға көмектеседі деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы : Санат, 1994.
- 2 Сағындықұлы Б. Синтаксиске кіріспе. Оқу құралы. – Павлодар, 2008.
- 3 Бектемірқызы Ы. Қазақ тілі мен әдебиеті // – Алм., 2003, – № 1, – Б. 76–80.
- 4 Жампейісова Ж. М. Қазіргі қазақ тіліндегі түйдекті тіркестер. // Канд. диссер. авторефераты. – Алматы, 2007.

ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

ТОҚЖІГІТОВА А. Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Рухани өміріміздің тарихында бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін айшықтай түсетін айрықша тұлғалар болды. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетанымның шашырап жатқан дерек көздерінің негізінде пайымдап, бас аяғын жинақтауға әрекеттенер болсақ, оның бел ортасында тұрған дара тұлғаларды айналып өту мүмкін емес. Солардың бірі, бірегей-түркі халықтарының арасында есімі ежелден танымал-Қорқыт ата.

Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі түркі халықтарының ауызша да, жазбаша да жәдігерлерінен ойып орын алған Қорқыт бейнесі бір ғана көркемдік дүниенің жеміс еместігі, мұның астарында берісі нақтылы тарихи тұлға, арысы тұтас қоғамдық-әлеуметтік, саяси, діни дүниетаным тамыр тартып жатқан дәуірлік құбылыс жатқандығы даусыз. Байыптап қарасақ, исламнан бұрынғы идеология мен таным-түсінікке қатысы бар тұлғалардың қуаттысы да, жұртшылыққа кеңінен мәшһүр болғаны да Қорқыт есімі. ҮІІІ ғасырда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт Ата-ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, әрі ақын, сазгер, әрікүйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған, халық даналығын жинаушы. Өзінің философиялық толғамдарында өмір мәселелерін көтерді. Мәңгі өлмеудің жолын қиялымен іздестіреді. Қорқыт ата поэма, күйлер шығарып, оны қобызда орындайтын болады. Сол себепті де «Қорқыт ата шығармаларын» «Қорқыт Ата кітабы» деп атайды. Себебі, Қорқыт Ата айтқан жырлар, дастандар жинақталып, 12 тараудан тұратын кітапта батырлық, елдік, адамгершілік туралы оқиғалар жырланады. «Қорқыт Ата кітабы» – бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ аса көрнекті жазба ескерткіші. Бұл еңбекте тәлімдік мәні күшті афоризмдер, қанатты сөздер мен тағылымдық-танымдық идеялар, өсиет сөздер көптеп кездеседі.

Кең даланы еркін мекендеп, салтанатты, салауатты өмір кешкен көшпенділер «Адамзат өмірінің мәні неде?» деген философиялық мәселеге ұрпақтар сабақтастығы адамзат тіршілігінің мақсаттарының бірі екендігі туралы түсінікке әкеліп салған. Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсатмұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарына алып келеді. Онда халқының болашағы, жалпы адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді сақтау, тәлім-тәрбие, ата салтын, дәстүрін құрметтеу мен қастерлеу мәселелері өз болды.

Қорқыт Атаны жалпы түркі халықтарының мәдени-дәстүрінің негізін салушылардың бірі деп қарастыруға болады.

Қорқыт ата дана-ақылшы ретінде, біріншіден, даналық толғаныстары мен тұжырымдары, өсиетнамалардан, ғибратнамалар арқылы көрінсе, екіншіден, жырларының идеясы мен ішкі формасынан, үшіншіден, әрбір жыр соңындағы қорытынды сөздерінің ақыл-кеңестері мен батасынан сезімдік сипатты тәлімдік-тәрбиелік ой толғаныстарынан байқатады.

Қорқыттың этикалық әлемі-бұл қазақ халқы қоршаған табиғатқа, ұлы Отанға және оның батырлық өткеніне деген сүйіспеншілігін жиған ұрпақтардың жалғастырушы желісі, әдептілік дәстүрлердің тірі жалғасы, болашаққа сеніммен қараудың таусылмас қайнар көзі және даналықтың қазынасы. Ойшыл-сәуегейге жас та, көрі де және одан өмірлік ауыртпалықтардан айығуға, жанына тыныштық және жүректеріне жылылық таба білді. Қорқыттың кеңестері далалықтардың қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарды, олар күні бүгінге дейін халық даналығы шоғырланған мақал мен мәтелдер ретінде қабылданады. Оның қанатты сөзге айналған нақыл сөзі мынадай: «Қар қалың жауса да, көктемге дейін қалмайды, жайқалып өскен көк майса күзге дейін қалмайды. Ескі мақта мата болмас, ескі жауың дос болмас. Сулар тарам-тарам болып, қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, тәкәппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас болмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды». Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп серп етпе. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін ел біледі. Құлын құдыққа түссе құрбақа құлағында ойнайды. Көп қорқытады, терең батырады. Қыз анадан көрмейінше үлгі алмас, ұл атадан көрмейінше үгіт алмас. Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас, қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы, жылқы жемес шөптің шықпағаны жақсы, адам ішпес ащы судың ағысты жылғаларды қумағаны жақсы, атаның атын былғайтын ақылсыз ұлдың тумағаны жақсы. Адам қаншақажетсінгенімен, ол өз үлесінен артық жей алмайды», т.б. [1, 487 б.].

Қорқыт Ата философиясында ұрпақтар сабақтастығы қағидасына ерекше мән берген. Ұрпақтар сабақтастығы адамзат болмысының басты қағидасы бола отырып, қазіргі заманғы кейбір өркениетті елдердегі бұл қағиданың бұзылуы олардың болмыссыздығына әкеліп, адамгершілік өлшемдерге қайшы келеді. «Салор қазан үйінің шабылғаны туралы әңгімесінің баяны» жырында ұрпақтар сабақтастығы қағидасының тәрбиелік-тәлімдік мәнін төмендегіше суреттейді:

Қарлы таулар қартайса, шөп бітпес,
Арналы өзендер қартайса, су келмес,
Биелер қартайса, құлын бермес,
Ей, кәпір әйел қартайса, ұл бермес

Баланың өмірге келуін салтанатты түрде атап өтуі және адамзаттың әлемнің бөлшегі ретіндегі тұтастық туралы дүниетанымдық көзқарастары тұжырымдалды. Осы жерден көне Рим философы Цицеронның да: «Бала болмаса, адам мен адамның табиғи байланысының болуы да мүмкін емес.

Бұл байланыс жойылса, ортақ тіршілікте ұштасып жатқандығын байқау қиын емес». Оның дидактикалық тұрғыдан берілетін нақыл сөздерінің, оның ішінде ата-салтын қастерлеу, жалпы адамзаттық, адамгершілік құндылықтар туралы айтқан қағидалары бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Мәселен, ата дәстүрі мен салты, жанұя тәрбие, тәрбиедегі үлгі-өнеге туралы өсиетнамалары мен қатар жырларында да жақсы айтылады. «Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас», «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес», «Ата малынан не пайда, баста дәулет болмаса». Қорқыт атадан қалған тағы бір нақыл сөздерінен мысал келтірсек: «Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады». «Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардың өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басы құрап, үйінен дәм беруге де жарымайды», «Ананың көңілі балада болар», «Ақылсыз баладан ата дәулетінен қайран жоқ, «Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі», «Атаның атын былғаған ақылсыз баланың өке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы», «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді», «Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық».

Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын нақыл сөздер, өсиеттер, қанатты сөз тіркестері өте көп. Қорқыт ата есімімен байланысты осындай үлгі-өнеге сөздер ел аузында көп

сақталған. Мәселен ата салты, оның сабақтастығы мен өмір сүру тәсілі: қабылдап алу, сақтау, кейінгіге жеткізу сияқты уақыт бойынша ұрпақтар алмасуының кезеңдеріне негізделген үш сатысы туралы өсиетнамаларымен қатар жырларынан да көрінеді. Оны Қорқыт атаның өсиет-нақыл сөздерінен көз жүгірткенде анық байқаймыз. Отбасындағы әйел рөлін түсінуге қатысты қызықты идеялардың өзара алмасуы мен ой толғаулардың үндестігін Қорқыт Атадан да байқауға болады.

Қорқыт бойынша, әйел – үйдің тірегі, «ондай әйел өзінің күйеуі аңға шығып кетіп, үйге түзден қонақ келсе, ол қонақты тамақтандырады, шөлін қандырады, дем алдырады да жібереді. Бұл Айша мен Фатима тектілер, мұндайлардың тіпті мыңы өсе берсін, ондай әйел сенің ошағына да келетін болсын». Қорқыт кітабының кіріспе сөзінде әйел төрт түрлі болады, оның басы күт әйел, соңы – қанағаты жоқ әйел, одан қалса елін ығыр қылығын кесір әйел, тірлігін ұқсатпайтын салақ әйел деген. Жақсы әйел ерінің бар жоғын білдірмей, елге аға бола алады дейді. Мұнысы мақал емес, нақыл сөз. [2, 359 б.]

«Атаның атын былғаған жетесіз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырылдап тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді», – дейтін ұлы бабаның нақыл-өсиет сөздерінде өткен заман кескіні, үй-тұрмыс жағдайы, ата-ана, ұл мен қыз, күйеу бала, табиғат көрінісі, хайуанаттар тіршілігінен түсінік беріп, өмір туралы философиясы мен ажалмен алысқан аңыздарында оптимистік сарын бар. Ұлы баба арманы, мұраты адамзатқа жер бетіндегі өмірдің мәнін ұғындыру, адамдар жүрегіне қайсар рух пен кемел ізгіліктің дәнін себу арқылы асыл қасиеттер дарыту. [3, 358 б.]

Сонымен қорытындылай келе, Қорқыт мұраларының ақыл-нақылға құралған шешендік нақыл сөздерінің аз кездеспейтінін байқауға болады. Нақыл сөздерінде ырғақ, ұйқасқа құралған мазмұны терең ұшқыр да ұтымды ой анық аңғарылып, бүгінгі күнде де өз тәрбиелік мәнін жоғалтпаған. Ғасырлар сынынан өтіп, бізге жеткен Қорқыт ата қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі және ол тудырған «Қорқыт ата кітабы» бүгінгі жастар үшін оғыз, қыпшақ дәуірінің ұлы мұрасы қазақ эпикалық дәстүрінің алғашқы баспалдағы ретінде жасай бермек. Қорқыттың пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалу керек. Адам үшін ең қауіптісі -адамилықты жоғалту. Қорқыт көтерген мәңгілік мәселесі -өмірсүйгіштікке шақыру және өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылықпен, ыждағатты түрде

орындауға тырысады. Адамның тектілігі де, намысының негізгі кейпі де осында жатыр. Тектілікке, атаққа іліну немесе байлық пен мансап құру жатпайды, керісінше, дүниенің сырын, оның терең мәнін жүрегіңмен түсініп, ақылыңмен екшеп, айналаңа жылуынды шаша жарқын өмір сүруді жатқызуды болады. Адам жақсы істің жалғасын біліп, дүниені көркейтуге өз үлесін қосуы, дарынын шабытпен шалқытып, адамдарды біріктіре білсе тектілік танытқаны. Бұл болмыста өмір сүре білу дегеніміз әлеуметтік шындықтағы қиындықтарды белсенді түрде жеңе білу, мүмкіндігінше тіршілікпен үйлесімділікті орнатуға атсалысуы.

Бұл іс-әрекеттегі ұқыптылық -адамның үлкен өмірдің алдындағы жауапкершілігі.

Қорқыт жырларындағы отаншылдық пен ерлік, ізгілік пен әдептілік, сабырлылық пен төзімділік – біздің бәріміздің ата-бабаларымызды қандай қиын сыннан да алып шыққан түркілік қанымызда бар қасиеттер. Қорқыт ата мұрасы ертеңгі зиялы азамат ретінде елінің шын патриоты болып өсуімізге ықпалы зор, сондықтан Қорқыт атаның нақыл сөздерін әр жастағы адам өзінше оқиды, өзіне керегін алып, өмірлік тәжірибеде қолданады. Осы болмысымыз бен дүниетанымызды келер ұрпақтарымыз да мәңгілікке жалғастырып, адамзат өркениетінің тарихында лайықты орнымызды иелену үшін біз Қорқыт Ата мұрасын зейін қоя оқып, өзімізден кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге етуіміз қажет. Қорқыт ел бірлігін нығайтқан кемелгер қайраткер ғана емес, түркілік дүниетанымның мәйегін жасап кеткен ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өз орны бар философ-гуманистайтты деген мақалдар мен нақыл сөздердің өзінің мәнін жоймағандығы соншалық, оның кейбірі әлі күнге дейін қазіргі қазақ өмірінде қолданылып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жирмунский В. М. Огузский героический эпос и «Книга Коркута»//«Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 476–572 с.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы : Жазушы, 1989. Т.1. – 385 б.
- 3 Книга моего деда Коркута. Пер. Бартольда В. В. // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 355–456 с.

І. ЖАНСҮГІРОВ – БІР ӘНГІМЕ, ТӨРТ ХАТ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Илияс Жансүгіровтың беймәлім әңгімелері өте көп солардың бірі – «Қуыршақ», «Жаланаһ жиылыс», «Бақтың әдісі», «Ташкендікке тарт», «Шешілмеген жұмбақ», «Жарайсың Шұлғаубайым», «Ұяның ұясы – Қожаның дорбасы», «Қыз көзінше неге замечанье жасайсың?», «Сөз Қамысбаевқа», «Сұрпақбай сұғанақ», «Құйрықты базар», «Алдандық», «Шалқыбай», «Төрешілдіктің түрлері», «Хан адвокат», «Құқ», «Сыйға – сый, сыраға – бал», «Газет емес, концерт», «Социализм болғанда ауыл қандай болды?», «Оңшылбаевтың ауылы», «Солшылбаевтың ауылы», «Колхоз аулы», «Кімді кім», «Мен қателескен екем», «Басқа пәле тілден», «Жайлаубектің жауыры – арудың ауыры», «Тентектің ертегісі», «Пұшық мұрын кетік ыдыс», «Шайтан арба», «Көрген де арманда, көрмеген де арманда» т.б.

Соның ішінде: «Сөз Қамысбаевқа...» – деген шағын әңгімесін талдап көргенді жөн көрдік. Мазмұнында кітаптың «Сөз Қамысбаевқа» – деп жазылған, ал кітаптың ішінде «Сөз Қамысбаевқа» – деп жазыпты. Негізі «Сөз Қамысбаевқа» болса керек. Баспадан қате кеткен сияқты. Өйткені әңгімеде іс-әрекет бір кейіпкердің атынан жасалып отырады.

Сөз Қамысбаевқа шағын әңгімесін талдау

Күн суық. Қырды ызғырық жел ысырып айдап жатыр. Төбеде уезден өкіл келеді деп қосшылар күн еңкейгенше тосып тұр еді. Сақал, мұрттар сауыс қырау – деген сөйлемде (метонимия тәсілі арқылы жасалған – мегзеу яғни алмастыру). Сақал, мұрттар – бұлар адамдар. Емшекте баласы бар әйелдер де көрінеді. Емшекте баласы бар (бір жасқа толмаған шақалақтар) – бұл да алмастыру, бүтіннің орынына бөлшекті қолдану. Бір мезгілде буаз портфелін көтеріп, өкіл Қамысбаев киіп-жарып көптің ортасына келді. Буаз портфел – нағыз мегзеу буаз портфел арқылы әдеби қаһарманның сыртқы пішінін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын анықтап, оның мінез-құлқын да танимыз. Жиналып тұрғандар жым-жырт болды. Ортаға келі алдырып төңкертті. Келі – келсап – бидай, тары т.б. түйетін зат. Бір шумақ кілтті қоңырау орнына жұмсамақ болып алдырды. Шумақ кілт-қоңырау орнына бұл да троптың түрі метонимия. Келінің екі жағынан сүйетіп Қамысбаев үстіне шықты. Қамысбаев пен Қамысбаев негізінде бір адам. Себебі, қосшылар уезден

өкіл келеді деп тосып тұр. Қамысбаев келеді, ортаға келіні алдырып, Үстіне шығады. Ал келінің үстіне шыққан Қамысбаев деп жазылған.

Кілт-қоңырау шылдыр етті. Бірінші – актінің шымылдығы ашылған сияқты.

Қамысбаев:

- Жиналыс ашылды деп санаймын.

- Сөз, баяндау үшін укомның өкілі, уисполком өкілі, уком қосшы өкілі, уженотдел өкілі, уфинотдел өкілі и так далее өкілі жолдас Қамысбаевқа яғни менің өзіме берілді. Келінің үстіне шыққан Қамысбаев еді, жиналысты ашқан, өзіне – өзі сөз берген, баяндамашы да енді Қамысбаев. Мүмкін баспадан қате кетті ме екен?

Сонымен Қамысбаев баяндамасында: қазіргі уақытта әл-ақуал жақсарып келеді, байлардың дүниелері мұздағандай (ауыспалы мағынада метафора) болып тұр. Партияның 15 -ші конференциясында бұл жайында ерекше айтылды дейді. Жұмысшылар класы аман болса, біз ипералистерден қорықпаймыз. Ленин басшымыздың өсиетін орындау керек, міндетіміз деп, доғарады. Үзіліс 5-минутқа созылып, жиналыс қайыра басталады.

Кілт– қоңырау шылдыр етті, жым-жырт. Екінші -актінің шымылдығы ашылған сияқты.

Қамысбаев: (Қамысбаев емес)

- Сауалдар кірмеді маған.

Топ:

- Хат білмейміз.

- Қағаз, қарындашымыз жоқ.

- Блажы болса, ауызша сұрасақ екен?

Қамысбаев: (Желкесін қасып, ауызын қисайтып, көзін бажырайтып)

Беда. Сұрауға болады...

Топ сұрақты жаудыртты-ай кеп.

Кілт -қоңырау шылдыр ... етті. Үшінші – актінің шымылдығы ашылған сияқты.

Қамысбаев:

- Тыныш! Маған ұсыныс кірді, сұрау тоқтатылсын деген қарсы жоқ?

Жым-жырт.

Қамысбаев:

- Мен сіздерге сразу жауап беремін. Сауалдарыңыз менің баяндамама жұғыспайды. Сол бойынша, жауап беріп болмайды. Кімде резолюция, то есть қаулы бар?

Жым-жырт.

Қамысбаев:

- Ендеше маған резалюция кірді. (Портфелінен ақтарып құлаштай ұзын (гипербола) қағазды жазып жіберіп оқиды)... Уезден келген уком өкілі, уисполком өкілі, уком қосшы өкілі, уженотдел өкілі, и так далее, өкіл жолдас Қамысбаев докладына құлақ салған союз қосшы собраниесі тоқтамы – деп аяқтап. Бірден-75 – ке дейін қаулының тарауларымен таныстырады. 75/ Әр уақытта әл-ауқат түсіндіруге осы жолдас Қамысбаев сықылдыларды өкіл деп жіберіп тұруды жоғарыдан өтінуге – деп...жазады.

- Қаулы қабылданды, жиналыс жабылды деп санаймын. Екі кейіпкер алмасып келіп отырады. Бірақ та екеуі бір кісінің рөлін атқаратын сияқты. Қасымбаевты, Қамысбаев деп әдейі бұрмалап отырған сияқты, не көшіргенде, басқанда қате кеткен сияқты.

Кірме сөздер: уисполком, уком, уженотдел, уфинотдел, далее, стабилизациясы, моментте, конференциясы, буржуйлары, совет, союзна, противоречиялары, рабочий, империалистерден, товарищи, минут, сразу, резолюция, портфелінен, уезден, уком, уисполком, уком, уженотдел, докладына, союз, и так далее, собраниесі, положение, партия, рабочий класы, беда, то есть, СССР, стабилизациясы, индустриализацияны кейбірі екі қайталаңады.

Сөздердің мағыналарының тарылуы: қосшылар, сауыс, келі, уезден, укомның, уисполком, уком қосшы өкілі, өкіл жолдас, буржуйлар, төкеріс, союз, рабочий класы, товарищи т.б.

Сөздердің мағыналарының кеңейуі: портфел, кілт, қоңыру, байлар, партия конференциясы т.б. [1, 38-40 б.].

Бейімбеттің Ілясқа жазған төрт хаты.

Бірінші хат

Ілияс!

Мына «аудан өмірі» жазыла келе ұзап кетті. Оқушыларды жалықтырмас үшін сиырдан қаштым. Бірсыпыра кемшіліктерді қалдырып отырмын, онысыз болмады. «Колхозсоюз» агрономдардың мына қылықтарын түзетсе, елдің көңілін жұбатады.

Бірсыпыра жіберіп андыстарыңды андаймын.

«Салқындық» қылсаңдар, жазбай қоюдан да тайынбаспын.

Жазуға біртүрлі шабытым келіп жүр, бірақ уақыт жоқ.

Осыны жүгіріп жүріп зорға жаздым.

Амандықтарыңа сенем.

Бұл хатта Бейімбет «аудан өмірі» – деп, өзінің бір шығармасын айтып отырған сияқты. Хаттан сол заманның ауыр тынысы сезіледі. Ал «сиырдан қаштым» – деген сөз тіркесі шұбыртып жазбай-ақ қойдым дегенді аңғартса керек. **Онысыз** сөзі – сол уақыттың жазба стилі қазіргі кезде **-онысыз** – деп, жазылады. Демек, **-ы** дауысты дыбысы артық. Колхозсоюз – орысша қысқарған біріккен, агрономдардың – орыс сөзіне қазақ қосымшасы жалғанып жасалған сөз, **бірсыпыра** – біріккен сөз екі рет жазылған.

Екінші хат

Ілияс!

Түнеу күні басқармада отырғанда бір жұмыс тапсырып едім. Барған соң біліп, маған хабарын бермекші едің. Ұмытып кеттің-ау деймін. Тапсырған жұмысым – былтыр центриздатқа бір кітап беріп едім. «Жастық жалын» деген, содан дерек болмай кетті. Бірнеше рет хат жазып, бір жауабын ала алмай-ақ қойдым. Осыны саған әлі де болса тапсырам. Бар-жоғын, басылатын-басылмайтынын айтып маған хат жазсаң деймін. Мүмкін болса, жауапты тезірек жіберсең, жақсы болар еді. Бір-екі жылдан бері журналдарда басылып жүрген бірсыпыра әңгімелерім бар еді. Солардың бәрінің басын бір жерге қосып, үлкен кітап қылып баспаға берсем деп ем. «Жастық жалыны» онда басылмайтын болса, мынаған қосып жіберуіме керек-ақ. Басылмайтын хабарын айтсаң, сонымен бірге таба алсаң қолжазбамды өзіме қайтарсаң. Менің тапсырған жұмысым толық орындалады деп білем.

Бірқалыпты жұмыс істеп жатырмыз. «Жаңа әдебиеттің» 3-саны жақын арада шығады. Төртінші саны баспаға берілгелі жатыр. Сен бір өлең жіберген екенсің, Шәймерденнен алып оқып көрдім. Төртінші санға басамыз деп отырды.

Өлеңді Сара маған беріп еді. Мен «Ауыл тіліне» басып жібердім. Қысқа ғана жазып тұрсаң, «Ауыл тіліне» басып жіберіп тұруға болады. Хат жаз. Хош бол!

Бейімбет. Апрельдің 2-сі, 1928 ж.

Ілясқа жазған хатында «Жастық жалын» кітабының баспаға берген екен соны біліп жазған. Бейімбет бірнеше мәрте хат жазып, жауабын ала алмай жүргеніне қапа болады. Бір – екі жылда журналда жарияланған мақалаларын, әңгімелерін жинап, кітап шығару да ойында барлығын. «Жастық жалын» кітабы басылмайтын болса, осы кейінгі жинаққа қосып жіберсем де болады дейді. Қолжазбаны өзіме қайтарып

берсең – дейді. Илиястың бір өлеңін «Ауыл тіліне» бастырғанын айтады да тағы жазып тұруын өтінеді. Бұл хатта екі кісі аттары: Шәймерден мен Сара кездеседі. Сонымен бірге «Жаңа әдебиет» 3-саны шығып, төртінші саны дайындалып жатқанын да жазған. **Бірсыпыра** сөзі сияқты **бірқалыпты** біріккен сөзі, **-ем** (едім – бір буыны түсіп қалған ауыз әдебиетінің үлгісі) кездеседі.

Үшінші хат

Илияс!

Денің сау шығар, оған шәгім жоқ. Терезе ашылып қалып жел тимесе, ауыра қоймаған шығарсың. Мен де өзің көргендеймін, саумын. Жол көріністерін жазам деп саған уәде беріп кетсем де әзір ешнәрсе жаза алған жоқпын. Жазарлықта емес. Ташкентте үш-төрт сағаттай-ақ болдық. Оның өзін қыдырумен өткіздік. Енді бұдан әрі жүруге бет түзеп, билет алып буфетте отырмын...

Сенімен кетерде бір мәселе туралы әдемілеп сөйлесермін деп едім, кеше настроением болмаған соң, – өзің де сезіп едің. Кейінге қалдырдым. Аман барсам (аэропланнан құламай) айтармын.

Көрмегелі көп болды. Аманғалиға сәлем айтарсың. Ташкенттің дачаға баратын поезы жүргелі жатыр екен. Қаптаған адам ерсілік-қарсылы жүгіріп, мазам жаман кетіп отыр. Бүйте берсе, настроениемді бұзып жіберуден тайынбас. Сен ренжімесең, осы хатты аяқтасам қолыңды көтер (единогласно). Сонымен сүйтіп, біздің хат аяғына бір табан жақындады білем. Осы жерге келгенде Ғаббастың шытынап отырғаны көзге елестеп...

Нағиманың ұйқысы келіп есіней берген соң, Сараны ертіп, шай ішуге шайханаға кетті. Мен пиво ішумен болып жатырмын. Шөлдеп отырған шығарсың, әкел бір көтеріп жеберейік...

Бейімбет. Ташкенттің вокзалы. 6/IX-1928 ж.

Шәгім жоқ (күмәнім жоқ-ауыз екі тілдегі шәгім//шегім сөзі), Ташкенттің // Ташкенттің (-тт//**-нн** фонетикалық варианты), мазам жаман кетіп (ауызекі сөйлеу стилі, мысалы, сен жаман жындысың-А.Қ. сияқты қолданыс). **Бүйте берсе** – (былай істей берсе деген әдеби норманың варианты). Кірме сөздер: *дачаға, поезы, настроениемді, единогласно, пиво, буфетте, аэроплан, билет* ұшырасады. **Сонымен сүйтіп** (ауызекі сөйлеу стилі), қазіргі қолданыста *сонымен солай*; бір табан (литота) (хаттың бітуіне, аяқталуына аз қалды), Ғаббастың –

қайраткер Халел, Нағиманың, Сараның – кісі аттары. Шайхана – кірме сөздердің бірігуі, әкел бір көтеріп жіберейік (қалжың сөз, ауыз екі сөйлеу стилі).

Төртінші хат

Илияс!

Амансың ғой! Сағат 9/2-да Пішпек келдік. Түске шейін қыдырып обедтің артынан ұйықтап едім, жаңа тұрып мына бір-екі парак жазып тастадым. Алысымен кешіктірмей жіберерсің. «Қарындашпен жазылғанды баспахана алмайды» – деп естіп едім. Көшіруге тура келсе, қайта көшіріп жүрмесің, сақ болғайсың. Пішпек туралы да бірдеме жазам ба деген ойым бар. Үлгіре алсам, ертең жазып жіберермін [2, 23–25 б.].

Бейімбет, Пишпек, 8 сентябрь.

Пішпек – қаланың көне атауы. 9/2 сан есімі, шейін//дейін ауыз екі сөйлеу стилі, обедтің – кірме сөз, парак//бет диалекті, баспахана – біріккен сөз -хана парсы қосымшасы арқылы қазақ тілінде: тойхана, аурухана, емхана т.б. кездеседі. Болғайсың – (болғын-варианты) бол+ғай+сың -ғай//гей ауызекі сөйлеу стилінің қосымшасы туралы әдеби тілдің тарихында біршама айтылды. Үлгіре // үлгері варианты кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Илияс Жансүгіров. Құқ. Алматы «Қайнар» баспасы, 1995 жыл, 38–40 б.

2 Азамат ақын. Илияс Жансүгіров туралы естеліктер. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1994 жыл, 23–25 б.

3 З. Қабдолов. Сөз өнері. «Мектеп» баспасы, Алматы-1976 жыл.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТРУШЕВА Ш. Ж.

филология магистрі, қазақ тілі пәнінің оқытушысы,
«Музыкалық колледж» дарынды балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат кешені» ММ, Павлодар қ.

XIX ғ. II ж. мен XX ғ. I жартысындағы әдеби тіл бір қыдыру зерттелді. Бірақ, М-Ж. Көпеев, Ш. Құдайбердиев, Ақмола Мұхамедияров, Әбубәкір Шоқан-Кердері, Мақыш Қалтаев, Шәді Жаңгіров т.б. ағартушы ақындардың әдеби тілге тигізген ықпалы әлі толық анықталмады. Әдеби тілдің дамуына тек қана ақындар ғана септігін тигізген жоқ. Дала кеменгерлері билер, шешендер, әнші – сазгерлер, күйшілер, жыршылар, ауыл арасындағы жай ғана құйма құлақ өңгіме шеберлері – бәрі де әдеби тілдің тасушылары болды. Сөйтіп, ғасырдан – ғасырға үзілмей келе жатқан жақсы дәстүрді (ауызекілік естімелі жадыны) өнерді сақтап, бабалар тілінің қаймағын бұзбай, шашау шығармай бүгінгі ұрпаққа жеткізді. XIX ғ. II жартысынан, XX ғ. I жартысына да тіл үлгісі де солай жетті. Солардың ішінде М-Ж. Көпеевтің шоқтығы анағұрлым биік болды. Өйткені ол Абай дәстүріндегі поэзияға бір табан жақын болып өсті. Оны өзінің шығармаларында атап айтып, жазып та кетті. Абай Құнанбаев пен Ы.Алтынсариннің әдеби тілдегі алатын орны жан-жақты зерттелді. Әрине, ұлы Абайдың да төңірегіндегілерге әсері болды. Олар бірінің білмегенін бірі толықтырып отырды. М-Ж. Көпеевтің әдеби тіл тұрғысындағы әділ бағасы берілмеді. М-Ж. Көпеев шетел жинаушыларын айтпағанда ауыз әдебиетінің мол мұрасын өз қолымен жазып қағазға түсірген. М-Ж. Көпеевтің көзі тірісінде 1907 жылы үш кітабы қатар жарық көрген. Демек, ол – ауызекілікті те, жазбалықты да әдеби тілді өте жақсы меңгерген адам. XIX ғ. екі жартысымен – XX ғ. бірінші жартысын жалғастырып жатқан алтын көпір. Сонау көнеден жеткен араб, шағатай, парсы, монғол т.б. тіл элементтерін XX ғ. дейін бойына сіңірген, бергі зерттеушілерге жәдігер ретінде алып келген, содан барып жаңа жазба әдеби тілдің сапасы үшін күресіп, оның тазалығы үшін де атсалысқан. М-Ж. Көпеев шығармашылығының ізін Орта ғасыр мен Алтын Орда Қыпшақ дәуірінен іздеген абзал. ХҮ ғ. ақын – жырауларында кірме сөздердің аз қолданыс табуы, оның әр кезде жырланып, ауызекілік түзелу, ауызша баспаның тазалығынан, мүмкіншілігінен іздестіру керек-ті. М-Ж. Көпеевтің шығармашылық

байланысын Шәкәрім Құдайбердиев мұрасымен сабақтас қарастырған да тиімді. Екеуі де тағдырлас, құрдас, рухани жақын ақындар. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 20 томдығына қатысты тілдік зерттеулер аздық етеді. Тіл тұрғысынан М-Ж. Көпеев шығармасының зерттелмеуінің бірнеше объективті де, субъективті де себептері бар. Біріншіден, XIX ғ. II ж. әдеби тіл тарихындағы өте бір күрделі дәуір, түрлі тілдік жүйе ағымдарына толы болды. XX ғ. басындағы кезең сол ғасырдың жалғасы болғанмен жаңару, іздену жылдары болғандығы ақын шығармаларынан белгілі. Оның үстіне М-Ж. Көпеевтің де, Шәкәрім Құдайбердиевтің де шығармалары Шығыстық дәстүрге, әрірек барсақ Орта ғасырлар қисса-әпсенелердің тақырыбымен үндесіп жатты. Екіншіден, билер көзқарасы ретінде ескішіл псевдомиссиялық, панисламдық сарындағы ақындарға жатқызылды. Олардың идеясы Кеңестік дәуір идеясымен сай келмеді. Үшіншіден, ескіше оқыған, діндар ақындар тобына ығыстырылып, шығармалары түгел аттарын атаудың өзі мұң болды. XX ғасырда Кеңес өкіметінің орнауымен түрлі ағымға толып кетті. Қызыл империяшылар қызылшылар, орысша оқығандар дегенді қазақ арасына сіңіріп бақты. Қазақ ақын – жазушыларынан тірек іздеді. Және де тапты. Қазақ әдебиетіне танымал болған XX ғасыр өкілдері екіге бөлінді. Бұл да жаңа мәдениетпен байланысты болды. Олар – бірі ағартушы бағыттағы ақын-жазушылар (бұлар ескіше мұсылманша оқығандығына кінәлі), екіншілері (ағартушы демократ ақын-жазушылар) бұларды бірінен-бірі тек қана (демократ) деген сөз ажыратып тұрды. Оның ар жағында орысша білім алғандар, орысша тәрбие көріп, орысша мұғалім болды деген сөз жатты. Шын мәнінде бұларды Кеңес дәуірі өзінің идеясын қолдаушылар ретінде қарады. Қазан төңкерісінің кезекті жемісі болды. Егер де орыс тіліне келетін болсақ М-Ж. Көпеев те, Ш. Құдайбердиев те бұл тілді бір кісідей білді, шығармаларында орыс сөздері кездесетіні де сондықтан. Біздің ойымызша, егер XX ғасыр әдебиеті осылай бөлінген күйінде кете берсе, ағартушылар деген сөзді (алғашқыларды айтамыз) бұқарашылдар – деп, алғанымыз жөн. Оның үстіне ағартушы (бұқарашылдар) кітаби ақындар, шағатай тілді ақын-жазушылар делініп келді. Бұл дұрыс еместігі мынада. Бергі демократ – деп, жүрген ақын-жазушылардың да шығармаларында ара-кідік бұл элементтер, тілдік қабаттар кездесіп қалады. Тереңдей барсақ шығармаларының стилі жағынан айырмашылығы болғанмен, тілдік қолданысы жағынан бөлендей айырмашылық жоқ. Мысалы, кезінде тілі шұбар-ала деген М-Ж. Көпеевтің шығармаларын еркін оқып, еркін талдауға болады. Арабша жазғандары да оқи білген адамға өте түсінікті. Иә, кей кезде

XIX ғасырдың ықпалы бар десек те, XX ғасырдың I жартысындағы жазғандары ескі татар тілінен (кейбір сөздер, қосымшылар, жұрнақтар т.б.) айрылған жаңа сападағы қазақтық төл әдеби тіл екендігі ап-айқын көрініп тұрғанын аңғардық. Осы орайда, ақынның ежелден қолданылып келе жатқан араб-парсы сөздерін өзіміздің төл сөз есебінде қабылдайтын кез жетті. Себебі, араб тілінде жазбаған, осы тілдегі сөздерді қолданбаған ақын-жазушылар кемде-кем шығар. Демек, ислам дәуір әдебиеті де қазақ оқымыстыларын бейжай қалдыра алмаған. Тек соңғыларында ғана бұл идеяны кеңестік идеямен ауыстырып алғаны байқалады. Ал, М-Ж. Көпеев шығармаларын зерттегенде Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауий, Ахмет Йүгінекей, Сүлеймен Бақырғани, Рабғұзи, Құтып, Хорезми, Хұсам Кәтип, Сейф Сарай т.б. жәдігерлерімен салыстыра қарастырған абзал. Бұл арада кітаби деген, шағатай тілі дегендерінің М-Ж. Көпеевке қаншалықты тиеселі екендігін анықтау алдағы басты міндеттер болып табылады. Ақын шығармаларының қазақ әдеби тіліне тигізген ықпалын анықтау үшін, әдеби тілдің тарихи кезеңіне тағы бір шолып алуға тура келеді. Әдеби тіл – А. В. Исаченко пікіріне орай айтылып жүр. 1. Ол поливалентті, ұлттық өмірдің барлық қызмет көрсету орындарында қолданылады; 2. Нормаланған тіл (орфографиясы, орфоэфиясы, гармматикасы мен сөздіктерге түскен тіл); 3. Ол жалпы ұлттық ұжымның мүшелеріне міндетті тіл, диалектілік варианты болмайды; 4. Стилдік жағынан дифференцияланған тіл. Әдеби тілдің қазіргі анықтамасы бойынша ұлтқа дейінгі дәуірде әдеби тіл мүлдем болмаған сол сияқты қазіргі ұлттық тіл пайда болғанға дейін славян халқында жазба тіл болмады [1, 42 с.]. В. В. Виноградов: Халықтың тарихында маңызды рөл атқарған әдеби тілдің пайда болу құбылысын қарастыру өте маңызды. Әдеби тілді зерттеу ісін XIX–XX ғасырмен ғана шектемей тілдің даму барысында біздің мүмкіншілігімізге орай жете алатын тарихи тілдік деректердің барлығын қарастырып барып, біз әдеби тілдің қаншалықты ауқымды екендігіне көзіміз жетететін болады. Сонда ғана әдеби тілдің нақты табиғатын танып, тарихи өзгерістерін көретін боламыз, бұл өзгерістер әдеби тілді зерттеу барысында барынша анықталатын болады дейді [2, 37–38 с.]. Әдеби тіл тарихын зерттеу ағылшындарда жақсы қалыптасқан олар әдеби тіл тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырады да көне дәуірге: бірінші ғасыр мен б.д.д. VI–VII ғ. көнеағылшын тайпаларының өмір сүрген ортасы деп танып содан кейін ағылшын халықтарының негізін салды дейді [3, 20 с.]; В. Д. Аракин тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі адам ойын біріктіретін акустикалық бейнені, сөзді атап өтеді де, Ф.де Соссюрдің, Л. В. Щербаның пікірлерін

қуаттайды [4, 8-9 с.]; Б. А. Ильиш көнеағылшын тілінің негізін көнегермандық руникалық жазбалардан іздестіреді ең көне жазба ескерткіштердің бірі– Гот евангелиясы (Вульфил-IV ғ) бұл руникалар II–III ғғ да жатуы мүмкін дейді [5, 14–15 с.]. Әдеби тілге қатысы бар, қазіргі заманның тілдік мәселесіне орай, ашық ақпарат жүйесі арқылы алынған мына мәліметке көз тоқтатпса болмайды: ағылшын тілінде 400-ге жуық түрік сөздері өмір сүреді екен. Оның 55 % этнографиялық реальға (ареальды қараңыз-автор) жатады да, 26-сы қоғамдық-саяси лексикаға, 19 % табиғи реаль болып табылады. Табиғи реальдың ішіндегі ең танымалдары: badian, beech, irbis, jougara, mammoth, sadle, taiga, Turkeu т.б. сөздер. Бұл топта 18 минерал аттары: dashkesanite, turanite басқалар бар. Неғұрлым меңгерілген қоғамдық-саяси реальдар: bashi-basouk, bequm, effendi, chiaus, Cossach, ganch, horde, janissary, khan, lackey, Mameluke, pasha, saber, uhlan. Этнографиялық реальдың ішіндегі кейбір сөздер ағылшын лексикасының бөлінбес құрамына айналған: caviar, coach, kiosk, kumiss, macrame, shabrack, shagreen, vampire т.б. Түркі сөздері ағылшындарға 44 тіл арқылы еңсе, 66-сы тура қарым-қатынас негізінде алыс-беріскен, сол сияқты 55 тіл арқылы еніп, 77-сі біреулер арқылы келген. Түркі тілдес сөздер ағылшындарға 66 тіл, 88 ата-тегіне-ағылшын және сақтарға IV ғасырдың соңында кіре бастаған, күндер басып алғанда 99-дың 77-сі түркілер. Кейбір зерттеушілер түркі тілдерін күн дәуіріне жатқызады мысалы, мыны сөздерді: beech, body, qirl, book, kinq. Түркі тілінен шыққан көнеағылшын сөзін tarog (балтаны – автор) жалпыгермендық ахемен ығыстырған. Бұл сөздің түбірі тапа – «шабу» – дегеннен туғаны өте қызық. Бұл сөзді кейінен арабтар, парсылар, орыстар қабылдап алған және күні-бүгінге дейін сақталған сол сияқты шығыстүріктерде қолданылады. Батыстүріктерде мысалы, түркияда және татарларда (тапа сөзі – автор) балта сөзімен ығыстырылып, бірақ алғашқы мағынасы татар тілінде тапагыч формасы «көкөніс шабатын сапталған пышақ» (капустаны шабады-автор) сақталған («Татарская газетъ» №13, 25. 12. 1998.) Башқұрт әдеби тілінің тарихынан [6], татар әдеби тілінің тарихынан (интернет жүйесін қараңыз) мәліметтер берілген. Осыған байланысты М. Аджи көнегерман руникаларын көнетүрік руникаларымен бірлігін жазғаны да жоғары мәлеметті ой – танымы жағынан толықтырары сөзсіз [7, 143–158 б.]. Б. А. Ильиш ағылшын тілінің тарихын зерттеу қазіргі замандағы ағылшын тілін жете білуге және түрлі кезеңдегі әдеби тілдің, сол тілдің тарихтағы алатын орнын айқындайды дейді. Ағылшын тілі үндіеуропа тілдер семиясындағы герман тілдер тобына жататыны белгілі. Көнегермандық тайпалардың

жазбасы көне руникалық әліпбилер болды. Руникалық әріпте горизанталды жазба болмаған. Олар руникалық жазбаларды II–III ғасыр б.д.д. есептейді [5, 12 с.]; [4, 11 с.]; [8, 10 р.]. Бұны айтып отырғанымыз руникалық таңбалар Рим империясымен жанаса жүріп «Дунай» өлкесінен келді ме деп жазады да, өздері де анық білмейді, күмәнданады. Демек, бұл руникалық таңбаларды гүндер апарған деп айтқан М. Аджидің сөзі рас болып шығады. Өйткені бұл таңбалар біздегі Орхон – Енесей жазбаларына өте ұқсас. Мүмкін осы ойдан кейін болса керек О. Сүлейменов барлық тілдердің шығу тегін бір-бірімен салыстыра зерттейді (Язык письма, 1998.). Әдеби тілдің тарихы туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Қазақтың тілші, ғалымдары да ортақ тұжырым жасады. Айталық, М. Балақаев жазу арқылы кестеленбеген тіл – әдеби тіл емес [9, 44 б.]. (Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. 1984. 44 б.). С. Исаев, Р. Сыздықова, А. Салқынбай т.б. пікірлеріне ден қойсақ: «Әдеби тіл – орныққан, тұрақты нормалары бар, жалпыға бірдей түсінікті, ортақ, қоғамдық қызметі әр алуан, жалпы халықтық тілдің екшелген, сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түрі т.т.» [10, 10-11 б.]; [11, 10 б.]; [12, 30 б.]. Р. А. Будаговтың анықтамасы бойынша: литературный язык – это обработанная форма общенародного языка (живой разговорной речи-Е.К.), обладающая в большей или меньшей степени письменно закрепленными нормами (Қараңыз: Ковалевская, 1978. 43 с., Будагов, М., 1967. 5 с.). А. Н. Гвоздев: Литературный язык имеет наиболее отработанные языковые нормы – деген (Очерки по стилистике русского языка, М., 1965. 10 с.). Бұл орайда, Б. А. Ларин орыс әдеби тілінің шығуы туралы А. А. Шахматовтың орыс әдеби тілінің көнебұлғар тілі деген теориясына, Соболевскийдің А. И., Обнорский С. П., Срезневский И. И., Никольский Н. К., т.б пікірлеріне келіспейді (Лекции по истории русского литературного языка (X–XVIII в.) М., 1975. 9–22 с.). Бұл дегеніміз орыс тілінің көптеген сөздері (ономастикалық атауларының өзі) көнетүркілік сөздер екендігі кейінгі кезде дәлелдене бастады. Л. В. Судавичене, Н. Я. Сердобничев, Ю. Г. Кадкалов әдеби тілдің спецификалық белгілеріне: тарихилықты, әлеуметтік шарттылықты, түсініктілік, нақтылықты, варианттылық, дифференциалдық, қайта жасалуы т.б. тілдің тарихи даму барысындағы қалыптасқан үрдістерді атайды әдеби тіл турасында түрлі анықтамалар мына әдебиеттерде де айтылады: (Қараңыз: Истории русского литературного языка, 1984. 10 с; Состав: А. Кожина құраст. 1989, 18 с; Н. А. Мещерский, 1981. 27–40 с; В. И. Кодухов, 1979. 85–86 с; Л. И. Скорцов, 1980. 116 с; Б. Н. Головин, 1980. 45 с; В. Ф. Греков, С. Е. Крючко, Л. А. Чешко. 1981, 4 с; Состав: Л. И. Скворцов, 1984.

12 с; Р. И. Аванесов. 1984, 8 с; М. Н. Кожин. 1983, 83 с; А. И. Горшков. 1984, 40–41 с; Под. ред. Н. М. Шанского. 1989, 42–43 с; А. И. Ефимов. 1969, 62 с. Әдеби тіл деген термин түп-тура «жазба тіл» (лат. Littera-буква, письмо; мн.ч. litterae-буквы, письменность). Дәл осындай баламаны басқа тілдерде ұшыратамыз: нем. Schriftsprache-письменный язык, чеш. Spisovny jazyk-письменный язык. Әдеби тіл расында да жазбалық қасиетке ие болады. Және оның негізгі белгісі болып табылады. Сол сияқты «жазба тіл» мен «әдеби тіл» де бірдей емес. Біріншіден, әрбір жазба тілдік қасиет әдеби сөз болып табылмайды. Екіншіден, әдеби тіл тек қана жазбалықтан тұрмайды, оның ауызша да формасы болатыны белгілі, әдеби тіл екі формада өмір сүреді. Қазақ әдеби тілін дәуірлеу кезеңінде Абайға дейінгі поэзия өкілдерін «әдебиет» – дегенге жатқызбаған пікірлерде болды. М. Жұмабаев: «Осы күні біздің оқушыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі әдебиетті ғана ойлайды, қазақ ақындары десе, Абайдан бергі ақындарды ғана көреді. Әдебиетті білсе де, ақындарды білмейді» – деп айтқаны осындайдан келіп туған ой еді. Бұл деген, «әдебиет» дегенге тек қана жазба әдебиет тұрғысынан қарау байқалады. «Әдеби тіл» – деген терминді дәл осы мағынасында «жазбалығына» қарап қолдану расында да дұрыс болмайтынын өмір өзі дәлелдеді. Оның үстіне, әдеби тіл тек қана жазба әдебиетті қамтымайды, ауызша дамыған әдебиетті де қамтиды. Әдебиет деген сөздің түп-төркіні «литера» (әріп), (жазу) ұғымында болса, онда «жазба» терминінің бойында ауызша айтылу арқылы таңбаға түсіру деген мағына астарласып жатады. Демек, «жазба» қандай жағдайда қолданылады, ауызша хабарды хат арқылы жеткізу дегенмен бәрібір сай келеді. Ауызша хабар хатқа «жазба» арқылы түседі. Бұл арада, «жазба» деген ұғымның өз алдына «ауызша» деген ұғымнан алшақ кете алмайтыны байқалады. «Жазба» себеп болмаса «ауызша жеткен дүние» «жазба» бола алмас еді. Олай болса, «әдебиет» деген ұғымды «ауызша» және «жазбаша» жеткен жадығаттарға қолдану тиімді болатыны қазақ әдебиетінде дәлелденді. Қараңыз: Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері, 1989, 6–7 б; Т. Қордабаев. 1991, 97–98 б; С. Құрманғалиева, 1995, 74–75 б; Р. Сыздықова. 1995, 8 б; Сөз күдіреті. 1997, 210 б; М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев. 1974, 10–11 б; С. Аманжолов. 11–14 б; Е. Жанпейісов. 1968, 12 б. т.б. Қазақ әдебиетінде әдеби тіл туралы мәселені Ахмет Байтұрсынов көтерді. Авторы жоқ шығарманы халық әдебиеті деп, ауыз әдебиетін анайы әдебиет, жазба әдебиетті сыпайы әдебиет деп танушылар бар дей отырып, қалай болса да бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүреді деді «Жазу әдебиеті» («Әдебиет танытқыш») (1926).

«Қазақтың тұтынған тілімен жазбай шығарушылар: «Китаби тіл», «Әдеби тіл» деп ноғай тілімен, яки сарт тілімен жазған. Қазақтың тілінде басылған бұрынғы шығармаларды алып қарасақ, қазақ тілі болмай, қазақ пен ноғай тілінің араласқан қойыртпағы болып шығады» дей келіп, А. Байтұрсынов жазба әдебиетті екіге бөледі: 1. Діндар дәуір; 2. Ділмар дәуір. А. Байтұрсынұлы әдебиеттің басын «діндәр дәуірден» басталады деп дұрыс жазғанымен артынан «басқа жұрттардың әдебиетінен (араб, парсы-автор) туған дәуір» деп көрсетеді де діндәр дәуір әдебиетін қатты сынға алады (Байтұрсынов, А., 1989, 232, 262 б.). Дегенмен, А. Байтұрсыновтың халақ әдебиеті деген термині Абайға дейінгі поэзия өкілдеріне қолданылып, берітінге ХХ ғасырға дейін айтылып келді. Ал, Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетіне емшілік халық әдебиетін жатқызып, шамандық дәуірде пайда болған ... мұсылман дінінің әсерімен өзгеріске түскен, ... қазақтың жазба әдебиеті ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан басталады дейді (Аламан. 1991, 25, 33 б.). А. Байтұрсыновтың жасаған терминдері заман ағымына байланысты өзгеріске ұшырады: халық әдебиеті (халықтық поэзия) «Қазақ ССР тарихы»; (профессионал әдебиет) өкілдері (Р. Сыздықова), анайы әдебиет (ауыз әдебиеті, фольклор). Бұл мәселе төңірегінде Т. Қордабаев түрлі пікірлер бар сыпайы әдебиет (жазба әдеби тіл) өткен ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларын әдебиет қатарында қарастырғанмен, бұл әдебиетті әркім әр түрлі атап жүрді дейді (Р. Сыздықованың еңбегін қараңыз: 14 б.). А. Байтұрсынов пен Х. Досмұхамедұлы діндар әдебиетке байланысты келгенде екі түрлі көзқараста болды. С. Садуақасов қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. Ол қазақ әдебиетінің ауызша кезеңін ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін, жаңа жазба әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады деп жазды. С. Садуақасов М-Ж. Көпеевке мынандай баға берді: «Оның өлендері тұңғыш рет жазба түрде жарық көріп, қазақ әдебиетінің тарихында халықшылдық пен атайтын жаңа бір ағымның арнасын ашып берді» («Халық кеңесі» газеті, №42, 2 наурыз. 1993). М-Ж. Көпеев бір дәуірді Абаймен бастап, екіншісін кеңес дәуірімен аяқтады. Х. Досмұхамедұлының пікірімен орайлас болды. Әдеби тіл туралы жалпы көркем әдебиет жайында қазақ әдебиетінің даму барысында әр уақытта айтыс-тартыс болып, сын пікірлер баспасөз бетінде жарияланып тұрды. Мысалы, белгілі қоғам қайраткері Жалау Мыңбаев пен Міржақып Дулат (Мадияр) «Ауыл тілі» газеті, 1926 жыл, 27 июльдегі мен 4 августегі санында (сол уақыттың жазбасы түземедік-автор) біріне-бірі жазған мақалалары қазақ тілінің мұнына арналды («Қазақ әдебиеті» газеті, №31, июль 1989 жыл).

«Енбекші қазақ» газетінде 1926 жылы Қ. Кемеңгеров пен С. Мұқанов, Ә. Байділдин арасында «Көркем әдебиет туралы» айтыс болып, қорытынды пікірді М. Әуезов пен Ж. Аймауытов (Екеу) деген бүркеншік атпен мақала жазды [69, 2–3]. 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында Әмина Мәмбет келінінің «Көркем әдебиет туралы» мақаласы жарияланып, Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттегі рөлі барынша ашылды («Абай» журналы. №5. 1993, 82–87 б.). Сол сияқты «Көркем әдебиеттің тілі жайында» М. Әуезов пен тіл маманы профессор М. Балақаевпен пікір таласы жарияланды («Абай» журналы. №4. 1996, 2–12 б.); (М. Әуезов. 19 том. 1985, 272–289 б.). Бұл пікір талас туралы Ғ. Мүсірепов «Қазақстандағы әдебиет сынының жайы мен міндеттері туралы» – деген мақаласында өз ойын ортаға салды (Ғ. Мүсірепов. 1975, 297–325 б.). Жалпы бұл мақалалар көркем әдебиеттің тілін (әдеби тілді) дамытып қана қоймай, жаңа сапаға көтеруде көп рөл атқарды. Б. Шалабаевтың: «Көркем шығарманың тілі өз дәуірінің әдеби тілін зерттеудің бір көзі, материалдық базасы болады» (Көркем әдебиет стилистикасы. 1999, 15 б.) – деген сөзі құндылығын жойған жоқ. **Түйін.** Алдымызда осы салаға қатысты: Мәшһүр-Жүсіптің 20-томдық шығармалар жинағының тілін зерттеп, текстологиясын қарастырып, көне сөздердің этимологиясын ашу; Сөздіктер шығарып, ақынның сөз байлығын да анықтайтын міндеттер түр. Сондықтан да осы – конференция материалында жарияланған ғылыми мақалалардан келешекке пайдалы тың бағыттар мен зерттеулерден үміт күтеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Вопросы языкознания», 1958, №3, стр. 42. Қараңыз: А. В. Исаченко. К вопросу о периодизации истории русского языка. В кн.: «Вопросы теории и истории языка». Сборник в честь профессора Б. А. Ларина*. Л., 1963. А. И. Горшков. История русского литературного языка. Издательство «Высшая школа» Москва-1969, – с. 8.
- 2 Виноградов В. В. Проблемы литературных языков и закономерностей их образования и развития. – М., 1967, – с. 37–38.
- 3 Аракин В.Д. Методика преподавание Английского языка в старших классах. Москва, 1986, – с. 8–9.
- 4 Аракин В. Д. История Английского языка. Москва «Просвещение» 1985, стр. 20, 11.
- 5 Ильиш. Б. А. История Английского языка. Издательство литературы на иностранных языках. Москва-1958, – с. 14–15, 5.
- 6 «Ватанаш» Общественно-политический и художественный журнал №12-2000. Башкортостан интернет журнал // И. Галяутдинов.

Из истории языковых и культурных процессов в Башкортостане в XIX – начале XX в.

7 Аджи. М. Полынь половецкого поля. Моква ТОО «ПИК-КОНТЕКСТ» 1994, – с. 143–158.

8 Rastorguyeva T. A. HISTORY of ENGLISH. MOSCOW «Vyssaja skola» 1989. Page. 10.

9 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, Алматы-1984 жыл, 44 б.

10 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы «Мектеп» 1989 ж. 10 б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы «Ана тілі» 1993, 11 б.

11 Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар) – 1993 жыл, Алматы «Ана тілі» 1993 жыл, 10 б.

12 Салқынбаев А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. «Сөздік-Словарь», 1998 жыл, 30 б.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық отырыс Пленарное заседание

Қапасова Б. Қ.

I. Жансүгіров прозасындағы лексикалық ерекшеліктер 3

Тлегенов Е. Н.

Илияс Жансүгіровтің қазақ музыкасына қосқан үлесі 12

1 Секция. Илияс Жансүгіровтың ағартушылық көзқарастары және инновациялық білім беру үрдісі

1 Секция. Просветительские взгляды Ильяса Жансугурова и инновационный образовательный процесс

Бегимжанова И. М., Мухамеджанова Д. С., Тайболатов Қ. М.

I. Жансүгіровтың шығармаларындағы ұлттық құндылықтар 18

Бокенбай А. Б., Иманкулова М. С., Тайболатов Қ. М.

Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудың оқушыларға беретін мүмкіндіктері 21

Елубай Г. Б.

Художественная деятельность как предмет развития творческих способностей детей дошкольного возраста 26

Тулекова Г. М., Исей А. М.

Изучение особенностей взаимоотношений родителей и детей в религиозных семьях 30

Сарсекенова Ж. Ю., Тулекова Г. М.

Влияние социальных сетей на самооценку и удовлетворенность жизнью ... 35

Степанова Е. В., Ушакова Н. М.

Преимущества метода театрализованной деятельности в процессе обучения дошкольников английскому языку 40

2 Секция. Илияс Жансүгіров мұрасы және қазақ филологиясының мәселелері

2 Секция. Наследие Ильяса Жансугурова и проблемы казахской филологии

Әбілбек Г., Симбаева С. О.

Ақыл-ой лексикасының Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы қолданыс ерекшелігі 45

Асхадуллина Г. Г., Хуснутдинов Д. Х.

Фразеологизмнар составында ағач атамалары 51

Бадиспаева Д. М., Муталиева Р. М. Қазақ прозасында кейіпкерлер күлкісінің берілу жолдары	56
Бақраденова А. Б. Ақын Мұрасын жинаушылар жайында	60
Ермекбаева Ә., Карипжанова Г. Т. І. Жансүгіров шығармаларындағы жалқы есімдердің этнолингвистикалық мәні	68
Ешімқұлов Ж. М. Түркі әдебиетіндегі нәзира дәстүрі	72
Канапина Г. Ж. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі модернизм. Кейіпкер мен қоғам сабақтастығы	77
Қасымова Қ., Карипжанова Г. Т. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктерін оқыту	82
Қасымова К., Карипжанова Г. Т. І. Жансүгіров шығармаларын мектепте оқыту	86
Қажығұмар Ұ. А., Жусупов Н. К. Энциклопедия личности «Машхур Жусипа Копейулы»	93
Қаратай Б. А., Тұрышев А. Қ. Философия мен когнитивтік лингвистиканың байланысы	98
Нұғыман М. Т. Мәшһүр Жүсіп шығармашылық мұрасындағы ғұмырбаяндық деректер ...	104
Orazalin B. N., Imambayeva G. Y. New alphabet – new opportunities	110
Сатыбалдин А. С. Сөзтұлға синтаксисінің мәселелері	112
Токжігітова А. Қ. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тағылымы	117
Тұрышев А. Қ. І. Жансүгіров – бір әңгіме, төрт хат	122
Тұрышев А. Қ., Трушева Ш. Ж. Қазақ әдеби тілі туралы пайымдаулар	128

**«ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»
АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІНІҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор: З. Ж. Шоқубаева
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Басуға 28.11.2019 ж.
Әріп түрі Times.

Пішім 29,7 × 42 ¼. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 7,9. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3516

«Toraighyrov University» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.